

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

Қазақстан КОММУНИСТІ

3-1

МАРТ

1962

А Л М А Т Ы

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

№ 3

МАРТ

1962

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Ауыл шаруашылығына басшылықтың түбірлі мәселелері	3
Ғ. ӘБІШЕВ — Пролетариат партиясы туралы ілімнің дамуы	10
В. СЕВРЮКОВ — Партия жұмысын қоғамдық негізде өрістеті берейік	16
А. РОСЛЯКОВ — Жемшөп өлшемі дегеніміз не?	23
В. ЦОЙ — Қазақстанға табиғаттың өзі берген дақыл	28
Т. ЫДЫРЫСОВ — Замандастың очерктегі бейнесі	32

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Ш. ТАСТАНОВ — Кәзіргі заманның негізгі мазмұны	39
--	----

МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕС

XXII съезд материалдарын оқып-үйрену туралы

Жаңа адамды тәрбиелеу — коммунистік құрылыстың маңызды міндеті	46
--	----

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Қ. ӘБІЛДАЕВ — Колхоз коммунизмге бет алды	56
І. РАХЫМЖАНОВ — Аудан және облыстық ұйымдар	63

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҒЫНА ЖАУАП

Қ. СӘРСЕНОВ — Лаоста не болып жатыр?	67
--------------------------------------	----

ХАТ-ХАБАР

Ш. ЕСМҰРЗАЕВ — Соны серпін	72
В. МИШУРОВ — Өнеркәсіптің ауыл-селоға көмегі	77
Ә. БАҚЫБАЕВ — Экономикалық семинар	80

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Коренные вопросы руководства сельским хозяйством	3
Г. АБИШЕВ — Развитие учения о пролетарской партии	10
В. СЕВРЮКОВ — Всемерно развивать общественные начала в партийной работе	16
А. РОСЛЯКОВ — Экономическая сущность кормовой единицы	23
В. ЦОЙ — Кормовые бобы — кладовая белков	28
Т. ИДРИСОВ — Образ современника в очерке	32

ЛЕКЦИИ И КОНСУЛЬТАЦИИ

Ш. ТАСТАНОВ — Основное содержание нашей эпохи	39
---	----

МЕТОДИЧЕСКИЕ СОВЕТЫ

Об изучении материалов XXII съезда КПСС

Воспитание нового человека — практическая задача коммунистического строительства	46
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

К. АБИЛЬДАЕВ — Коммунизм начинается сегодня	56
И. РАХИМЖАНОВ — Нужды животноводческого района	63


ОТВЕТ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

К. САРСЕНОВ — Что происходит в Лаосе?	67
---------------------------------------	----

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

Ш. ЕСМУРЗАЕВ — Высокий рубеж	72
В. МИШУРОВ — Город помогает селу	77
А. БАКЫБАЕВ — Экономический семинар	80

★



Ауыл шаруашылығына басшылықтың түбірлі мәселелері

Халық үшін материалдық игіліктің молшылығын жасау, оның әлауқатын жақсарту беруге үнемі қамқорлық ету—Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бұлжымас заңы. Бұл міндетті ойдағыдай орындауға қажетті шарттың бірі—ауылшаруашылық өндірісін мейлінше мықтап өркендету, соның негізінде халықты азық-түлік молшылығына кенелту, өнеркәсіптің шикізат жөніндегі керегін толық өтеу.

Коммунистік партия ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін арттыруға, әсіресе соңғы жылдары ерекше көңіл бөле бастады. Партияның лениндік Орталық Комитеті тарихи сентябрь және одан кейін өткен Пленумдарында, сондай-ақ XX, XXI съездерінде белгіленіп, бүкіл халықтың қолдауымен іске асырылған түбегейлі шаралар елімізде астықты, етті, сүтті және басқа өнімдерді молайтуға берік негіз қалады. Бірақ ауыл шаруашылығы саласында қол жеткен дәреже әзірге біздің қоғам дамуының өскелең талап-тілегіне, колхоз, совхоздардың бай мүмкіндіктеріне толық сай келмейді.

Партияның XXII съезі елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісінде ауыл шаруашылығын өркендетудің алар орны зор екенін атап көрсетті. «Қуатты өнеркәсіппен қатар, — делінген партияның Программасында, — көркейген, жанжақты дамытылған және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын жасау — коммунизм орнатудың міндетті шарты».

ҚПСС Орталық Комитетінің өткен март Пленумы партия мен совет халқының өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. Онда «Партияның ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту жөніндегі міндеттері» туралы саяси маңызы үлкен мәселе жанжақты талқыланды. XXII съезден кейін іле-шала өткізілген аймақтық кеңестер тәрізді Пленум да партия Программасында белгіленген ауыл шаруашылығын өркендету міндетін іске асыру жолындағы үлкен адым. Пленум ауылшаруашылық өндірісін арттырып, жаңадан өрге бастыруға партияның тынбай қамқорлық жасап отырғанын бейнелейді.

Қазақстан тарихи сентябрь Пленумынан бергі жылдары партия белгілеген бірқатар маңызды шараларды іске асыру арқылы ауыл шаруашылығын едәуір ілгері бастырды. Тың және тыңайған жерлерді игеру республикамыздың даңқын бүкіл әлемге паш етті. 1954 жылдан бері өткен уақытта 25 миллион гектар жаңа жер көтерілді, өткен жеті жылдағымен салыстырғанда астық өндіру 4,3 есе, оны мемлекетке сату 5,4 есе артты. Сол сияқты ет, сүт және басқа өнімдер дайындау мөлшері де өсті. Мұның бәрі досты қуанышқа бөлеген, дұшпанды күйіндірген көрнекті жетістік болды. Бірақ партия бізді табысқа мастанбауға, үнемі алға ұмтыла беруге үйретеді. Ал оның бержағында соңғы бір-екі жыл дересінде бірнеше облыстар, әсіресе тың өніріндегі көптеген аудандар ауыл шаруашылығындағы жағдайды нашарлатып алды, елеулі кемшіліктерге жол берді. Бұл үшін партияның XXII съезінде республикамыз әділ де қатаң сынға алынды. Бұдан большевикше қорытынды шығару—бүкіл республика партия ұйымдарының, совет, ауылшаруашылық ор-

гаңдарының, күллі коммунистердің, комсомолецтердің, бүкіл жұртшылықтың борышы.

Коммунистік құрылыс ісіне, азық-түлік молшылығын жасау күресіне Советтік Қазақстан да сүбелі үлес қосады. Алдағы жиырма жыл ішінде оның ауылшаруашылық өндірісінде түбірлі өзгерістер жасалып, өнімдер өндіру үртіс артады. 1980 жылдың аяғында республикамыздың колхоздары мен совхоздарында астықтың жалпы түсімі 3,5 миллиард пұтқа, оның жылма-жыл мемлекетке сатылатын мөлшері 2 миллиард пұтқа жеткізілуге тиіс. Сол сияқты шитті мақта өндіруді 2,6, қант қызылшасын 4,8, етті 7,6, сүтті 3,5, жүнді 5,1 есе арттыру жобаланып отыр.

«Ауыл шаруашылығын өрге бастыру программасын іске асыру жолындағы күрес, — дейді Н. С. Хрущев жолдас, — коммунистік құрылыстың басты салаларының бірі. Ол өзінің көлемі жағынан теңдесі жоқ шаруашылық міндеті ғана емес, сонымен бірге партиямыздың бүкіл ұйымдастыру, саяси және идеологиялық жұмысының да маңызды бір бөлегі... Коммунистің, басшының марксизмді-ленинизмді тек қана танып қоюы жеткіліксіз. Ол материалдық байлықты, атап айтқанда, астықты, етті, сүтті, жүнді және басқа өнімдерді еселеп көп өндіру үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіс». Бұл нұсқауды партия, совет ұйымдарының, шаруашылық органдарының әрбір қызметкері, әсіресе басшылары әрдайым жадында берік ұстауға міндетті.

Партия ауыл шаруашылығын бұрын-соңды болмаған дәрежеде өрге бастырудың алып жоспарын белгілеумен бірге, оны іске асырудың жолдарын көрсетіп берді. Демек, міндет айқын. Енді мәселе нақты іске жұмылып, шығар жаңа белеске ұмтылуда болып отыр.

Тарихи XXII съездің шешімдерін орындауға жаппай аттанған республикамыздың ауыл шаруашылығы қызметкерлері 1962 жылдың өзінде елеулі табысқа жетуге бел байлады. Бүкілхалықтық социалистік жарысқа қосылған олар биыл мемлекетке 868 миллион пұт астық, 800 мың тонна ет, 1 миллион 230 мың тонна сүт, 220 мың тонна шитті мақта және көптеген басқа өнімдер сатуға серт етті. Ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін еселеп арттырудың үлкен нысанасы белгіленді. Дәнді дақылдардың гектарынан кемінде 20 центнер, жүгерінің гектарынан 40—50 центнер дән, суармалы жерде 400—500 центнер, қуаң аудандарда 250—300 центнер көкшөп алу мақсаты алға қойылды. Мал шаруашылығында егістік жердің әр 100 гектарына 75 центнер, басқа жердің 100 гектарына 16 центнер ет өндіру жолындағы күресті кеңінен өрістету ұйғарылды.

Партияның XXII съезінің шешімдеріне, аймақтық кеңестерде Н. С. Хрущев жолдастың берген ақыл-кеңестеріне орай республикамыздың партия ұйымдары колхоз, совхоз өндірісіне басшылығын жақсарту бағытында біраз ұйымдастыру жұмысын жүргізді. Қолхоздар мен совхоздардың бәрінде 1962 жылғы егіс көлемінің құрылымы қайта қаралды, өмірдің өзі бекерге шығарған шөптанапты жүйеден бас тартып, егіншіліктің отамалы дақылдар жүйесіне көшу, оны кеңінен енгізу, жүгері, асбұршақ, жембұршақ, мал азығына арнап қант қызылшасын егу көлемін мейлінше ұлғайту шаралары белгіленді. Механизаторлардың аудандық, облыстық, өлкелік кеңестері өткізілді. Республикалық кеңесте еліміздің атақты механизаторлары Светличный, Первицкий, Беккер, Тюпко жолдастар сөз сөйлеп, өз тәжірибелерін егжей-тегжейлі айтып берді. Барлық аудандар мен облыстарда партия, совет, ауылшаруашылық қызметкерлері, колхоз, совхоз басшылары мен мамандары, егіншілік пен мал шаруашылығының жаңашыл озаттары қатысқан семинар-кеңестері де болып өтті. Мұнда Н. С. Хрущев жолдастың Ташкентте, Целиноградта өткен мәжілістерде берген нұсқауларын іске асы-

ру шаралары талқыға салынып, жанжақты сөз болды. Республикада тұрақты жұмыс істейтін озат тәжірибе мектептері арқылы және өндірістік оқу жолымен 28 мыңдай жүгеріші, қызылшашы, сауыншы, шопан, бақташы даярланды. Аудандық, облыстық партия активі жиналыстарында XXII съездің қорытындысы талқыланғанда ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелеріне де көбірек көңіл бөлінді.

Әрине, мұның бәрі—халық үшін азық-түлік молшылығын жасауға қарай беттеген ұлы аттаныстың, Коммунистік партия мезгеген асуларға шығудың алғашқы қадамы ғана.

Бізде астықты, етті, сүтті және басқа өнімдерді керегінше өндіруге мүмкіндік мол. Шұрайлы жер жетеді, мемлекет колхоздар мен совхоздарымызды осы заманғы саналуан техникаға кенелтіп отыр. Советтік озық ғылым мен тәжірибе жетістігімен қаруланған, шаруашылықты үлгілі жүргізуге қабілетті майталман кадрлар өсіп жетілді. Мәселе осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалануда, ауыл шаруашылығы өндірісін басқарудағы кемшіліктерді жоюда, колхоз, совхоздарға партия, совет ұйымдарының басшылығын түбірінен жақсартуда болып отыр.

Ұйымдастыру жұмысы—өндірісті «ұршықтай иіріп» шебер басқарудың бірден-бір қажетті шарты. Партия, совет ұйымдары басшыларының құрметті міндеті—адамдарды шебер ұйымдастыру, олардың техниканы, озат тәжірибені меңгеруіне ұдайы көмектесіп отыру. В. И. Ленин басшы қызметкерлерге зор талап қоя келіп, былай деген болатын: практикалық іске көз жіберіп қараған, өмірден тәжірибесі бар адамның басқаруы үшін оның әртараптан хабары болуы керек, өндірістің барлық жағдайын толық та дәл білуі тиіс, сол өндірістің техникасын осы күнгі дәрежесінде білуі қажет, белгілі дәрежеде ғылыми жағынан мағлұматы болуы керек.

Республикамызда колхоз, совхоз өндірісіне, оның экономикасының жайына терең араласып, пәрменді басшылық жасауға, адамдарды үйретіп, шебер ұйымдастыруға машықтанған партия қызметкерлері аз емес. Ондай қызметкерлер істейтін аудандық партия комитеттері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді еселеп арттыру күресін кең өрістетіп келеді. Бұл жолда олар жақсы табысқа жетуде. Соңғы жылдары Панфилов аудандық партия комитеті (Алматы облысы) бастауыш партия ұйымдарына басшылығын жақсартты, сол арқылы коммунистердің саяси белсенділігін арттырды. Бұл ауыл шаруашылығы қызметкерлері арасында ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстың өрісін кеңейтіп, дәрежесін көтеруге жеткізді. Аудандық комитет колхоз, совхоздардың басшы кадрларына, мамандарына, бастауыш партия ұйымының секретарьларына ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмысты жүргізудің, ауылшаруашылық өндірісін басқарудың әдістерін үнемі үйретіп отырады. Бұл жөнінде тұрақты семинар жұмыс істейді. Мұнда ауыл шаруашылығы экономикасын оқып үйренетін 25 семинар, үйірме жұмыс істейді. Аудандағы 563 коммунистің 460-сы ауыл шаруашылығында еңбек етеді.

Аудандық комитет озаттардың тәжірибесін насихаттауға ерекше маңыз береді. Жақында құрылған озат тәжірибе мектебінің жұмысы үлгілі жолға қойылған. Панфилов ауданы соңғы үш жылда жүгері егісінің көлемін 20 мың гектарға жеткізді, одан алынған дәннің жалпы түсімін үш есе, оны мемлекетке сату мөлшерін бес еседей арттырды. Жемшөл қорын нығайту нәтижесінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, оны мемлекетке сату ойлағыдай болып келеді.

Красноармеец ауданы (Көкшетау облысы) 1959 жылға дейін астық өндіру жөнінен артта қалып келді. Аудандық партия комитеті бұл жағдайды түзету үшін, алдымен совхоздарға басшылықты қайта құрды, озат тәжірибені кеңінен енгізу шарасын істеді. Ауданда экономикалық конференция үнемі өткізіледі, нақты экономика жөнінде 15 семинар, 15 экономика мектебі жұмыс істейді. Фермаларда жұмыс механикаланды-

рылып, озат тәжірибе мектептері ұйымдастырылған. Мұның өзі ауыл шаруашылығы экономикасын зерттеуге кадрлардың күштарлығын арттырды. Бұл шаралар тиісті нәтиже берді. Аудан соңғы үш жылда астықтың жалпы түсімін 2,2 есе, сүт өндіруді 3,5 есе, етті — 2 есе дерлік ұлғайтты.

Дегенмен істің жайы барлық жерде біркелкі деуге болмайды. Көптеген аудандарда ауыл шаруашылығын басқаруда олқылықтар бар. Аудандардың басшы кадрлары арасында шаруашылық жоспарды және жарыста қабылдаған міндеттемелерді орындауға жауапсыз караушылық кездеседі. Олардың көбі колхоздар мен совхоздардың экономикасына жанжақты зерттеу жасамайды, болашағына көз жібермейді. Шаруашылыққа басшылық етуде бірсарындылыққа жол беріледі. Өткен жылы ауыл шаруашылығында елеулі кемшіліктердің орын алуының төркіні осында. Былтыр республикамыз мемлекетке астық сату жоспарын да, міндеттемесін де орындай алмай, Отан алдында үлкен борышты болып қалды.

Жер—табиғаттың байлығы, халықтың ырысы, қоғамдық дәулетті молайтудың қайнар көзі. Жерді дұрыс пайдалану—ауыл шаруашылығындағы өзекті мәселенің бірі. Әр гектар жерден еңбек пен қаржыны мейлінше аз жұмсап, өнімді мол алу—парыз. Мұның өзі қоғамдық байлықты арттыра берудің, молшылыққа қарық болудың тұтқасы. Жасыратыны жоқ, көптеген шаруашылықта жерді пайдалануға бей-берекет караушылық кездеседі, соның салдарынан дақылдардан өнім өте аз жиналады. Әрине, бұл кемшілік шөптанапты ауыспалы егіс жүйесінің талғанбай қолданылып келуінен де болды.

Коммунистік партия жерді неғұрлым тиімді пайдалану жолын көрсетіп отыр. Ол—егіншіліктің отамалы дақылдар жүйесіне жаппай көшу жолы. Ғылым мен тәжірибе жүзінде дәлелденгеніндей, отамалы дақылдар жүйесінде әр гектар жерден алынатын товарлы өнім шөптанапты ауыспалы егістегіден екі-үш есе артық. Демек, егіншіліктің отамалы дақылдар жүйесін кеңінен енгізу—жерді неғұрлым дұрыс та тиімді пайдаланудың, жердің берерін толық алудың сенімді кепілі. Жаңа жүйеде негізгі орын бидай, жүгері, мақта, бұршақ, кант қызылшасы сияқты дақылдарға берілуге тиіс. Егіншіліктің жаңа жүйесін қолданудың нәтижелі болуы отамалы дақылдарды егіп өсіру жұмысын түгел механикаландыруға, егіншілік мәдениетін шұғыл көтеруге, агротехникалық шараларды тапжылтпай іске асыруға: тыңайтқышты көп енгізіп, жердің құнарлылығын молайтуға; арамшөпті жаппай құртуға, тұқым шаруашылығын мықтап жақсартуға тікелей байланысты. Мұның өзі ауыл шаруашылық өндірісіне басшылық етуде естен шығарылмауға тиіс.

Қайсыбір аудандарда соңғы жылдары игерілген тың жер дұрыс өңделмейтін болған, соның салдарынан оған арамшөп қаптап кеткен. Мысалы, Қөкшетау облысында көтерілген жаңа жердің 15 процентін қара сұлы, қалуен іспеттес зиянды өсімдіктер басқан. Қостанай облысындағы К. Маркс атындағы совхозда (директоры Қошевой жолдас) егіске жарамды 14 мың гектар жер пайдаланылмай босқа жатыр. Ал осы жерде дербес бір шаруашылық құруға да болар еді.

Сайып келгенде еңбек өнімділігінің ең басты, ең маңызды мәселе екені белгілі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді үрдіс ұлғайту еңбек өнімділігін еселеп арттырғанда ғана ойдағыдай іске асырылады.

Барлық колхоздар мен совхоздарда еңбек өнімділігін еселеп арттыру жолындағы маңызды шарттардың бірі—егіншілік пен мал шаруашылығында өндіріс жұмыстарын түгел механикаландыру. Бар техниканы неғұрлым өнімді пайдаланудың, ол үшін машина құрал-сайманға ұқыпты қараудың маңызы ерекше. Басқару ісіндегі шалағайлықтан, тиянақты бақылаудың болмауынан көптеген шаруашылықта

техниканын босқа қарап тұруы, өнімсіз жұмыс істеуі әлі жойылмай келеді. 1961 жылы Тың өлкесінде егін жинауға тоғыз мыңдай трактор, он төрт мыңдай комбайн, сегіз мыңнан астам жатқа қатысқан жоқ. Былтыр республика бойынша он бес аттық күші бар әр трактормен 317 гектар ғана жердің жұмысы атқарылды.

Техника — халық мүлкі, оны көздің қарашығындай сақтау міндет. Амал не, бұл жөнінде әлі де берік тәртіп орнатылмай жүр. Механизаторлардың жақында өткен республикалық кеңесінде, кей жерде комбайндар мен тракторлардың және басқа да құрал-сайманның маусымды жұмыс біткеннен кейін далада қалатыны, содан барып олардың тот басып, істен шығатыны жөнінде толып жатқан фактілер келтірілді. Мұның өзі, әрине, басшылықтың жақсылығынан туған жай емес екені аян. Техникаға бойкүйездікпен, жауапсыз қарап, оның бүлінуіне кінәлілер СССР Жоғарғы Советі Президиумының жақында жарияланған тиісті Указына сәйкес, қатаң жауапқа тартылып отыратын болсын. Мемлекет мүддесі, қоғам мүддесі осыны талап етеді. Бұл мәселеге ерекше көңіл бөле отырып, жергілікті партия, совет ұйымдары ауыл шаруашылығының барлық жұмыстарын толық механикаландыру, әрбір машинаның неғұрлым тиімді пайдаланылуы бағытында нақты шаралар қолданулары керек.

Қолхоздар мен совхоздардағы жалпы істің табысты болуы — егіннің түсімді, малдың өнімді, экономиканың ұдайы ілгері басып, нығая беруі оларды басқарып отырған адамдарға, осылардың іскерлігіне, қабілетіне тікелей байланысты. Табыс кілті тек осылардың қолында. Адамдармен жұмыс істеудің, өндіріске басшылық ету дәрежесінің нашарлығынан «төсекте басы, төскейде малы» бір жатқан екі шаруашылықтың жұмыс нәтижесі көбінесе ала-құла болады. Мысалға Солтүстік Қазақстан облысындағы көршілес «Чистов», «Қарағанды» совхоздарын алайық. Оның біріншісінде ауыл шаруашылығының жүз гектарына есептегенде 13 ірі қарадан, 20 қойдан келсе, ал екіншісінде тек 7 ірі қарадан, 8 қойдан ғана келеді. «Чистов» совхозында әр сиырдан жыл сайын кем дегенде 2800 — 3000 килограмм сүт сауылады. Ал, «Қарағанды» совхозында сауылатын сүт бұдан екі есе кем болып жатады. Өнім өлшеміне жұмсалатын шығын, өнімнің түсер құны жөнінде де бұл екі шаруашылықтың арасында үлкен алшақтық бар. 1961 жылы Қостанай облысындағы «Қостанай» совхозында 32 мың гектар дәнді дақылдың әр гектарынан 10 центнер, ал онымен іргелес қоныстанған «Қарабалық» совхозы 11 мың гектардың әр гектарынан небәрі 3,3 центнерден ғана өнім жинады. Мандайалды шаруашылықтар өзгелерге қарағанда мемлекетке өнімді екі-үш есе және онан да көп сатады. Мұның бәрі сайып келгенде шаруашылыққа басшылық ету, адамдармен жұмыс істеу дәрежесінің түрліше болуынан туады.

Шаруашылықты қарадүрсін әдіспен жүргізуге ғана қауқары бар, жаңалық десе «аза бойы қаза тұратын», кемшілікке етене болып кеткен адам кәзір колхоз, совхоздарды басқара алмайды. Өйткені, колхоз, совхоздар кәзір механикаландырылған, ғылым мен озық тәжірибеге сүйенген күрделі шаруашылық. Партия, совет, ауылшаруашылық органдары мұны есте берік тұтып, колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын «машақатынан» қашпай, ерінбей, жалықпай тәрбиелеуге, оларға күнделікті жәрдемдесуге, қабілетті, талантты адамдарға ерекше қамқорлық жасауға борышты.

Ауыл шаруашылығының қай саласында болса да қоғамдық іске берілген, ерлік еңбегімен елге танылған озаттар аз емес. Бұлар мүмкіндікті шебер іске асырып, жерді, техниканы ұтымды пайдаланудың, еңбек пен қаржыны аз жұмсап, өнімді мол өндірудің, өнімді арзанға түсірудің ғаламат үлгісін көрсетіп келеді. Атақты жүгерішілер Қазыбек Жапаров, Мәриям Ниязова, бұршақтың тілін тапқан диқан Михаил

Кимбель, таңдаулы қызылшашы Меруерт Кіндікбаева, Факрад Гасанов, білікті механизатор Виктор Ярошенко, Михаил Довжик, Қасымтай Ізтілеуов, жаңашыл малшы Әзімқан Шақабаяев, сауыншы Шайбала Тергеуова сияқтылардың есімдерін кім білмейді. Ауыл шаруашылығы өндірісінің талай ардагер ұл-қыздары СССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Сөйтіп олар елдің зор сеніміне ие болды. Жеке озаттармен бірге бізде таңдаулы шаруашылықтар да көп. Б. Н. Дворецкий басқаратын «Мамлют», И. Г. Лихобаба басқаратын «Самарский», А. С. Борисов басқаратын «Пятимар», В. Н. Куликов басқаратын «Мақтарал», И. Темірбеков басқаратын «Чистов» совхоздарының, Н. Н. Головацкий председателдік ететін «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының атағы бүкіл елімізге жайылып отыр.

Өнеге күші, оның жұртты еліктіргіш әсері—күдіретті күш. Ғылым жетістігімен бірге озат тәжірибені насихаттаудың, оны өндіріске батыл енгізудің маңызы зор. Партия барлық озаттықты, пайдалы жаңалықты кенінен қолдану керек, кенже қалған шаруашылықтарды таңдаулылар қатарына теңеу керек деп үйретеді. Кәзіргі уақытта озат тәжірибені насихаттау ауыл-селодағы бүкіл ұйымдастыру, саяси жұмыстың басты буыны. Алдыңғы қатарлылардың тәжірибесін зерттеу, қорыту, жинақтап тарату жұмыстары неғұрлым нәтижелі болуы үшін жүйелі, жоспарлы іс керек. Шамшырақтардың тәжірибесін дүйім көпшілікке үйрету ісінде жер-жерде ұйымдастырылған озат тәжірибе мектептері үлкен роль атқарады.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және оның ғылыми-зерттеу мекемелері ғылым жетістігі мен құнды тәжірибені таратып қолданудың шынайы орталығына айналуға тиіс. Ал жергілікті орындарда ұйымдастырылған үлгі-тәжірибе шаруашылықтары өз маңайындағы колхоздар мен совхоздарға шаруашылықты жүргізудің тиімді әдістерін үйретіп, үлгі көрсетуге тиіс. Кәзір республикада осындай 184 үлгі-тәжірибе шаруашылығы бар. Олардың басым көпшілігі игілікті қызмет атқара бастады.

Бірақ кейбір аудандарда мұндай шаруашылықтарды құруға жеңіл-желпі қаралғаны байқалады. Сондықтан мұндай жерде үлгі-тәжірибе шаруашылықтарының жұрт тәлім аларлық ештеңесі болмай отыр. Соның бірі.— Павлодар облысындағы Жданов атындағы шаруашылық (Куйбышев ауданы). Мұнда егістік жерді баптау бетімен жіберілген, сондықтан оның 80 процентін арам шөп басып кеткен. Былтыр жүгері қалай болса, солай егіліп, жөнді күтілмеген соң одан жарытып өнім алынбады. «Жақсы» совхозы Қима ауданында (Целиноград облысы) үлгі-тәжірибе шаруашылығы деп аталады. Онда егіннің түсімі төмен, малы арық, өнімсіз, ғылыми-техникалық советтің аты бар да заты жоқ, ол ешбір жұмыс жүргізбейді. Ал осындай үлгілі шаруашылық болып па, ол жұртқа қандай тәжірибе ұсынады, қандай озаттықты үйрете алады? Асылында, бұған Куйбышев, Қима аудандық партия комитеттері кінәлі. Осының өзі-ақ бұл аудандарда партия ұйымының құнды тәжірибені, ғылым жетістігін таратуға мән бермейтінін көрсетеді. Үлгі-тәжірибе шаруашылықтарының жұмысын жақсартудың барлық шарасын қолға алған жөн.

Партия мен үкімет бүкіл ұйымдастыру, басқару жұмысын, кадрлардың күш-қайратын, білімін, тәжірибесін өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да қоғамдық өмірдің басты тұғырына—материалдық игіліктер жасалатын тұғырға бағыттап отыруды талап етеді. Өндірісті жақсы ұйымдастыруға және шаруашылықты мейлінше нығайтуға неғұрлым қолайлы жағдай жасау—социалистік системаның дәстүрлі ісі. Ауыл шаруашылығына басшылықты барған сайын жетілдіріп, жақсартып беруде кенже қалған колхоздардың экономикасын жанжақты зерттеудің, оның осал жақтарының себебін ашып, тиісті шара қолданудың маңызы зор.

Әрине, бұл жұмысты жоғарыдан бұйрық берумен емес, адамдармен ақылдасып істегенде ғана жақсы нәтиже шығады.

Кәзір шаруашылық және мәдени саладағы міндеттерді орындауда селодағы аудандық партия комитеттерінің ролі өлшеусіз артып отыр. Олар колхозшыларды, совхоз жұмысшыларын, мамандарын елдің түсімін, малдың өнімін еселеп өсіру күресіне жаппай жұмылдыра алатын, ол үшін адамдарды шебер ұйымдастырумен бірге үйрететін жауынгерлік штабқа айналуға тиіс. Аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмысы ауданның, колхоз бен совхоздың экономика саласындағы табысына қарай бағаланады. Сонымен бірге колхоз, совхоздардағы бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін күшейтіп, коммунистердің саяси белсенділігін арттырудың мәні зор.

Белгіленген шаралар мен жоспарлардың орындалуына күнделікті бақылау қойып, тексеру ұйымдастыру, бұл үшін кадрларға талапты күшейту, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру — аудандық партия комитеттерінің борышы. Сонымен қатар олар аудандық совет атқару комитетінің, ауыл-селолық Советтердің, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының жұмысын бағыттап, оларды аудан алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға жұмылдыра білулері керек.

Ауыл шаруашылығында белгіленген шаралардың, жоспарлардың орындалуына қоғамдық бақылау орнатудың да маңызы ерекше. Басшы қызметкерлердің істелген жұмыс жөнінде еңбекшілер жиналыстарында, партия активінде дүркін-дүркін есеп беріп отырғаны жөн. Мұның өзі халықпен байланысты онан әрі күшейтуге мүмкіндік береді.

Бұл күндері партия, совет ұйымдарының бүкіл ұйымдастыру, саяси, идеологиялық, басшылық жұмыстарының бәрі, ауыл-село еңбеккерлерінің күш-қайраты КПСС XXII съезі мен март Пленумы алға қойған міндеттерді іске асыруға, жарыста қабылдаған міндеттемені орындауға түгелдей бағындырылуы керек. Бұл үшін колхоз, совхоздардың кезекті науқанды жұмыстарын дер кезінде үлгілі жүргізудің маңызы зор.

Кәзір әңгіме, алдымен көктемгі егіске барлық жағынан сақадай сай әзірлікпен кірісуде, малды қыстан күйлі шығаруда болып отыр. Амал не, кейбір облыстар мен аудандардың көктемгі егіске даярлығында сылбырлық күшті. Павлодар, Целиноград облыстарында біраз тұқым дұрыс сақталмағандықтан бұзылып, рәсуа болған. Көптеген аудандарда тұқымды тазарту жұмысы ұзаққа созылуда. Бұл жұмыс, әсіресе Қостанай облысының Федоров, Ұзынкөл, Пресногорьков аудандарында өте нашар. Осы облыста механизатор кадрларын даярлау, техниканы жөндеу жұмыстары көңілдегідей емес, механикаландырылған звенолар мен отрядтар ұйымдастырудың технологиялық картасын жасаудың қарқыны тым шабан. Мұндай шалағайлықтың бәрін жойып, әрбір колхоз бен совхоздың көктемгі егіске мінсіз даярлықпен кірісуін көздеу керек.

Ауыл шаруашылығына басшылықты мейлінше жақсарту—елімізде материалдық игіліктерді арттырып, азық-түлік молшылығын жасаудың кепілі.

Пролетариат партиясы туралы ілімнің дамуы

(В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегінің басылып шыққанына
60 жыл толуына)

Ғ. ӘБІШЕВ,

тарих ғылымының докторы

В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы жұмысшы және социал-демократиялық қозғалысты терең зерттеу негізінде жазылған ғылыми еңбек болып есептеледі. В. И. Ленин бұл кітабында пролетариаттың революциялық идеологиясын — марксизмді табандылықпен қорғады, жұмысшы қозғалысына буржуазиялық идеологияны енгізуге әрекеттенген оппортунизмді аяусыз әшкереледі. Пролетариаттың жаңа тұрпатты, маркстік партиясын құруға қарсы, жұмысшы қозғалысына социалистік сананы енгізуге қарсы шыққан оппортунизмге өлтіре соққы беріп, коммунистік партияның идеологиялық негіздерін тұжырымдаған бұл тамаша еңбек 1902 жылғы мартта басылып шықты.

ХХ ғасырдың басында дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығы Батыс Европадан Россияға көшті. Былайша айтқанда, Россия бірінші буржуазиялық революцияның қарсаңына келіп тірелді. Халық бұқарасының самодержавиеге қарсы күресін басқаруды тарих ең алдыңғы қатардағы және ұйымдасқан тап — Россия пролетариатына жүктеді. Ал халықты қанау мен езгіден құтқару жолындағы өзінің қасиетті міндетін орындау үшін пролетариатқа саяси көсем, яғни жаңа тұрпатты, революцияшыл партия керек болды. Ол кезде мұндай партия Батыс Европа елдерінің бірде-бірінде жоқ еді. Батыс Европадағы социал-демократиялық партиялар өз жұмысын реформа жолына қарай бағыттады. Мұның өзі жұмысшылар қозғалысы үшін қауіпті жол болды. Өйткені, капиталистердің өкіметі өмір сүріп тұрғанда реформистік тактика капиталдың еңбекке үстемдігін нығайтудың, революцияны ірітудің құралы болып табылады. Ескі типті ІІ Интернационал партияларының реформашыл әрекеті олардың пролетариат диктатурасына сенбейтінін, революциядан қорқатынын және пролетариаттың өкіметке ие болуын қаламайтынын көрсетті. ІІ Интернационалдың оппортунистері марксизмді ревизиялау жолына түсіп, оның революцияшыл ғылымынан бас тартты. Сөйтіп, халықаралық социал-демократияда бір-біріне қарама-қарсы революцияшыл және реформашыл екі бағыт пайда болды. Бұл екеуінің арасында қатты күрес басталды. В. И. Ленин өзінің «Не істеу керек?» деген еңбегінде батысевропалық социал-демократия партияларындағы Бернштейншіл ревизияшылдарға күйрете соққы беріп, олардың жұмысшы табын сатушы оппортунистер екенін әбден әшкереледі.

Батыстағы оппортунистер сияқты, Россиядағы «экономистер» де жұмысшы қозғалысындағы стихиялықты дәріптеп, революциялық теорияның шамшырақтық, ұйымдастырушылық, өзгеріс жасаушылық ролін мойындамады. Олар тіпті капитализм жағдайында жұмысшылар социалистік сананы стихиялық қозғалыстың барысында тек өз күштерімен ғана қалыптастырады деп сандырақтады. Жұмысшы қозғалысындағы стихиялық алдында бас иген «экономистердің» бұл теориясымағы Россияда дербес жұмысшы партиясы болуын қажет деп таппады, сөйтіп, жұмысшы табының самодержавиеге қарсы революциялық күрес жүргі-

зуіне бөгет жасады. Мұның өзі оппортунизмнің артта қалған, дәрменсіз идеологияны қостап отырғанын көрсетті.

Ғылыми социализм теориясының негізін жасаушы К. Маркс пен Ф. Энгельс революциялық теорияның зор маңызын айта келіп, идеялар, теориялар қоғамның материалдық тіршілігінің бейнесі болып табылатынын, дәлірек айтқанда, қоғамдық идеялар қоғамның материалдық тіршілігін тез дамытуға әсер ететінін атап көрсетті. Сөйтіп, олар жұмысшы қозғалысын оған дем беретін пәрменді идеологиямен — коммунистік идеологиямен қаруландыру жолындағы күреске бағыт-бағдар сілтеді. В. И. Ленин ғылыми социализм теориясын жұмысшы қозғалысымен ұштастыру жөніндегі қағида К. Маркс пен Ф. Энгельстің ең басты қағидаларының бірі деп көрсетті.

Капитализм жағдайында ғылыми социализм теориясы революцияшыл интеллигенция өкілдерінің қоғамдық дамудағы заңдылықтарды терең зерттеген ғылыми еңбектері арқылы жасалады. Капиталистік қоғамда басты екі таптың өмір сүруіне байланысты сана да екеу — буржуазиялық және социалистік сана болып қалыптасады. Жұмысшы табының мүддесіне тек социалистік сана ғана сай келеді.

Империализм және социалистік революция заманында марксизмді жаңа тарихи жағдайға сәйкес, творчестволықпен дамыта отырып, В. И. Ленин социалистік идеологияның, революциялық теорияның маңызын, жұмысшы табының және оның жауынгер партиясының атқаратын қызметі мен ролін жанжақты түсіндірді. Ол өзінің «Не істеу керек?» деген еңбегінде ғылыми социализм теориясын жасау, жұмысшы қозғалысына социалистік сана енгізу туралы, маркстік партияның пролетариаттың тап күресіндегі басшылық ролі туралы мәселені кеңінен баяндады. Владимир Ильич: революциялық теориясыз революциялық қозғалыстың болуы да мүмкін емес, алдыңғы қатарлы күрескердің ролін тек озат теорияны басшылыққа алатын партия ғана атқара алады, деп үйретті.

В. И. Ленин «экономистерге» қарсы идеологиялық күресті партияның ұйымдық жұмысы жөніндегі міндеттерден бөле қараған жоқ. «Не істеу керек?» деген кітабында В. И. Ленин «экономистерді» идея жағынан талқандаумен және маркстік партияның идеологиялық негіздерін белгілеумен қатар жаңа тұрпатты партияны құрудың нақтылы жоспарын жасады. Ұйымдық жағынан партияда бытырандылық болмауы үшін және майдагерлікті жою үшін В. И. Ленин тынбай күрес жүргізді. Ол революционерлердің жауынгер ұйымы ретінде бір орталыққа бағынатын партия құруды талап етті. Ол кезде Россиядағы революциялық қозғалыста нақ осы жағы жетпейтін еді. «...бізге революционерлер ұйымын беріндерші — біз Россияны төңкеріп тастайық» — деді В. И. Ленин (Шығармалар, 5-том, 505-бет).

Пролетариат тек саясат пен экономика жөнінде ғана емес, теория мен идеология жөнінде де күрес жүргізеді. Идеологиялық күрестің жұмысшы табы үшін ерекше маңызы бар. Дұрыс теория — мықты қару. Ол осы күнгіні танып білуге, келешекті болжауға көмектеседі. Сөйтіп, пролетариаттың өз мақсатына жетуін оңайлатады. Міне, сондықтан да социал-демократия пролетариат бұқарасы арасына социалистік сананы енгізу үшін, яғни ғылыми социализм теориясын стихиялық жұмысшы қозғалысымен ұштастыру үшін күресті. В. И. Ленин «...алдыңғы қатарлы теорияны қолданған партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады» деп жазды. (Шығармалар, 5-том, 396-бет).

В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегінің таратылуы нәтижесінде, кітап басылып шыққаннан бір жыл кейін, большевиктер партиясын құрған РСДРП ІІ съезінің шақырылуы қарсаңында «экономистер» идеялық жағынан толық талқандалды. Оппортунизмнің артта қа-

лып, стихия жолына түсу идеологиясын таратушылар «экономистер» екеніне көпшіліктің көзі жетті.

Жұмысшы қозғалысын ғылыми социализм теориясымен ұштастырып, В. И. Ленин жаңа тұрпатты, революцияшыл партияны — біздің коммунистік партияны құрды. Маркстік-лениндік теория, социалистік идеология — қоғамдық дамудың объективтік заңдары мен пролетариат жүргізген таптық күрестің ғылыми бейнесі. Революциялық теория — халықаралық жұмысшы қозғалысының тәжірибесімен байыған ғылым. Орыс жұмысшы табы Коммунистік партияның басшылығымен, маркстік-лениндік теорияны батыл қолдану арқылы революциялық жолға түсіп, жеңіске жетті, сөйтіп, дүниежүзілік жұмысшы қозғалысын жаңа тәжірибемен байытты.

В. И. Лениннің бұл кітабының тарихи маңызы туралы «Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихында» былай делінген:

«Не істеу керек?» деген кітаптың тарихи маңызы сонда, В. И. Ленин ол кітапта Маркс пен Энгельстің пролетариат партиясы туралы идеяларын дамыта келіп, революцияшыл маркстік партия — жаңа тұрпатты партия туралы ілімнің негіздерін шешіп берді;

маркстік партия дегеніміз жұмысшы қозғалысының социализммен ұштасуы өкендігі жөніндегі марксизмнің негізгі қағидасын дәлелдеді:

стихиялық жұмысшы қозғалысы мен партияның істейтін бүкіл ісі үшін ғылыми социализм теориясының аса зор маңызы бар екенін айқындап берді (52—53-беттер).

Коммунистік партия маркстік-лениндік осы ілімге сүйене отырып, жұмысшы табының социалистік санасын қалыптастырды және оны саяси өкіметті қолға алу жолындағы революциялық күреске жұмылдырды. Сондықтан да партия жұмысшы қозғалысының басқарушы және бағыт сілтеуші күші болып алды, ал социалистік революция жеңгеннен кейін Коммунистік партия совет халқының авангардына айналды, кәзір ол бүкіл халықтың партиясы болып отыр.

Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында: «Жұмысшы табымен, бүкіл еңбекші халықпен біте кайнасқан, оның ақыл-ойы, жүрегі болып отырған, оның өмірлік мүдделерінің, революциялық жігерінің бейнелеушісі болып отырған коммунистердің партиясы үлкен, қиын және даңқты жолдан өтті. Өз өмірінің ішінде қоғамды қайта жаңартуда мұншалық ұлы жеңістерге жеткен басқа бірде-бір партия дүние жүзінде жоқ» делі.

Социализм — коммунизм үшін жүргізілген күрестің барлық кезеңдерінде Коммунистік партия маркстік-лениндік революцияшыл теорияны шебер қолданып, дамылсыз дамытты, буржуазиялық идеологияның қандай көрінісіне болса да күйрете соққы беріп, талқандап келеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы ұлы Лениннің идеологиялық мәселелер жөніндегі өсиеттерін бұлжытпай іске асыра отырып, маркстік-лениндік теорияны, әсіресе XX съезден кейін батыл және творчестволықпен дамыта түсті. Бұл уақыттың ішінде партия коммунистік құрымыстың және халықаралық азаттық жолындағы қозғалыстың өмір талап еткен, көкейтесті ірі мәселелерін творчестволықпен шешті. Олардың ішінде: кәзіргі жағдайдағы пролетариат диктатурасы туралы; социализмнің коммунизмге ұласуының заңдылықтары туралы; коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың жолдары туралы; коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы және жаңа адамды тәрбиелеу туралы; капитализмнен социализмге өтудің әртүрлі формалары туралы, социалистік елдердің коммунизмге азды-көпті бір тарихи дәуірде өтетіні туралы; біздің заманда дүниежүзілік соғысқа жол бермеу туралы; кәзіргі заманның синаты туралы, тағы басқа да аса маңызды теориялық қорытындылар бар.

Бұл теориялық қорытындылар кәзір партия ұйымдарының идеологиялық жұмыстарының өзегі болып отыр. Бірақ, ревизияшылдар партиямыздың теориялық тұжырымдарына қарсы болып, жікшілдік, догматикалық және сектанттық жолға түсті. Кәзір бүкіл дүние жүзіндегі коммунистік және жұмысшы партиялар ревизияшылдарға қарсы асқан бірлікпен, табандылықпен күрес жүргізуде. Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде бұл туралы былай деді:

«Марксизм-ленинизмнің тазалығын сақтауға, өз қатарының бірлігін нығайтып, скі майданда — басты хауіп болып табылатын ревизионизмге қарсы және догматизм мен сектанттыққа қарсы батыл күресті оған әрі жүргізе беруге коммунистік партиялардың бекем бел байлап отырғанын 1960 жылғы ноябрьде болған тарихи Кеңес тағы да мейлінше айқын дәлелдеп берді».

Неге бұлай? Оның себебі ревизияшылдар маркстік-лениндік ілімді, Коммунистік партияның жетекшілік ролін жоққа шығарып, еңбекшілерді идея жағынан қарусыздандыруды көздеуде. Бұлар революцияшыл партиялар ішінен ірткі шығарып, олардың ынтымақ-бірлігін бұзуға, маркстік-лениндік идеологияға алауыздық енгізіп, шатастыруға тырысады. Мұны Югославия ревизияшылдарының зиянды әрекеттерінен ақ айқын аңғаруға болады.

Соңғы кезде Албан еңбек партиясының басшылары да жікшілдік, ұлтшылдық жолға түсті. Бірақ олардың ленинизмге қарсы әрекеттеріне XXII съезд және туысқан коммунистік партиялар өлтіре соққы берді және соққы беруде. Партияның XX съезінің саяси бағыты мен теориялық мәселелеріне қарсы шыққан Молотов, Маленков, Каганович және басқалардың антипартиялық тобына да аяусыз соққы беріліп, идеялық жағынан күл-талқан етілді.

Біздің елімізде социализм толық және түпкілікті жеңді. Социализм дүниежүзілік системаға айналды. Елімізде буржуазиялық идеологияның таптық негізі жойылды. Марксизм-ленинизм теориясына негізделген социалистік идеология—бүкіл совет халқының идеологиясы болып алды. Сөйтіп, марксизм-ленинизм ғылымы коммунизм үшін жүргізіліп жатқан күресте бүкіл халқымыздың қолына ұстаған қасиетті туы болып отыр. Социалистік идеология өзінің пәрменділігімен, өміршендігімен күшті. Советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм, социалистік гуманизм, коммунистік моральдың принциптері, халықтар достығы, еңбек сүйгіштік, коллективизм, — осының бәрі социалистік идеологияның мазмұны болып есептеледі.

Партияның жаңа Программасында коммунизм орнату жолдары жанжақты сыпатталған. Коммунистік қоғам орнату, — деп көрсетілген онда, — совет халқының тікелей практикалық міндетіне айналды. Экономика саласындағы міндет—ең алдымен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, саясат саласында — коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, идеология саласында — коммунистік қоғам орнатушы — жаңа адамды тәрбиелеу болып табылады.

Программада мұнымен қатар көп ұлтты совет мемлекеті құрылысы мен социалистік демократияны дамыта беру, ғылым мен мәдениетті кең өрістетуге, Совет Одағының бүкіл социалистік елдермен ынтымағын күшейтіп, дүниежүзілік социалистік системаны нығайта беру жолдары мен заңдылықтары өте айқын көрсетілген.

Партиямыздың XXII съезінің шешімдерінде тәрбие, білім, ғылым мен мәдениет саласындағы бүкіл идеологиялық жұмыстың міндеттері түгелімен қамтылған. Идеологиялық жұмыстағы ең басты мәселе—еңбекшілерді жоғары идеялылық, коммунистік саналылық, коммунизмге берілгендік рухында, советтік патриотизм мен социалистік интернационализм рухында, еңбек пен қоғамдық меншікке коммунистік көзқараста, ескінің қалдықтарынан толық арылу жағдайында тәрбиелеу бо-

лып табылады. Жаңа Программда белгіленген коммунизм құрылысының моральдық кодексінде бұл жөніндегі принциптер айқын көрсетілген.

«Кәзіргі уақытта, — делінген партияның ХХІІ съезінің қарарында, — КПСС Программасын терең түсіндіру, советтік қоғамның еңбекшілерін коммунизмнің жеңісі жолындағы күрестің ұлы жоспарымен қаруландыру, партияның жаңа Программасын жүзеге асыруға барлық еңбекшілерді жұмылдыру идеологиялық жұмыстағы басты міндет болып табылады».

Қазақстан партия ұйымы да бұл талапты іске асыру үшін күресе отырып, қалың бұқараны жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындап шығу жолындағы қажырлы еңбекке жұмылдыруда. Бұл түсінікті де. Өйткені, жетіжылдықта халық шаруашылығы онан әрі қарыштап өседі. Республикада өнеркәсіп өнімі 2,7 есе ұлғаяды. Жеті жыл ішінде Қазақстанда 240 өнеркәсіп орны мен цех салынады. Әсіресе химия, мұнай, металл өнімдері үздік көбейеді. Ал астық өндіру келешекте 3,5 миллиард пұтқа жеткізіледі.

Коммунистік партия Ленин өсиеттерін іске асыра отырып, совет адамдарын коммунистік идеологияға сәйкес тәрбиелеуде. Коммунистік идеология — ең озат, прогресшіл идеология. Ол — барлық нәсілдер мен ұлттардың тең праволылығының идеологиясы, халықтар достығының идеологиясы. Бұл идеология әлеуметтік және ұлттық езушіліктің барлық түріне, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына қарсы күрес жүргізеді, халықтарды ұлтына, нәсіліне бөлмейді, барлық ұлт бірдей жағдайда тең праволы деп қарайды. Соның нәтижесінде совет халықтарының достығы мен ынтымағы болаттай берік болып отыр. Мұның мысалын Қазақстаннан да көруге болады. Кәзір республикада жүзден аса әртүрлі ұлттың өкілдері — қазақ пен орыс, украин мен белорусс, өзбек пен молдаван, грузин мен армян, татар мен башқұрт, неміс тағы басқалар бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп, өндірісте, құрылыста, ауыл шаруашылығында және мәдениет саласында жемісті еңбек етуде. Мұның өзі — біздің еліміздің күш-қуатының қайнар бұлағы. Сондықтан да партия ұйымдарының үгіт-насихат жұмыстарында қала мен деревня еңбекшілерін пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы рухында тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөлінуде. Республикамыздың газет, журналдарының бетінде халықтар достығы тақырыбына арналған мақалалар мен хабарлар көп басылып отырады. Бұл игі іс республика еңбекшілерін коллективизм рухында тәрбиелеуге, оларға лениндік ұлт саясатының мақсатын түсіндіруге, сөйтіп, халықтар достығын онан әрі нығайта түсуге көмектесуде.

Еңбекке коммунистік тұрғыдан қарау рухында тәрбиелеудің нәтижесінде коммунистік құрылысқа Совет Одағы халықтарының бәрі белсене қатысуда. Өйткені, коммунизм орнату — барлық халықтың асыл мұраты. «Халық — тарихты жасаушы, коммунизм орнату — халықтың, оның күш-жігерінің, оның ақыл-ойының ісі, — делінген жаңа Программда. — Коммунизмнің жеңісі адамдарға байланысты және де коммунизм адамдар үшін орнатылады. Әрбір совет адамы өз еңбегі арқылы коммунизмнің салтанат құруын жақындата түседі. Коммунистік құрылыстың табыстары барлық жұртқа молшылық пен қуанышты өмір әкеледі, советтік Отанның күш-қуатын, абыройы мен даңқы онан сайын жоғары көтереді».

Совет адамдарын еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелей отырып, Коммунистік партия бұқараның творчестволық инициативасы мен еңбекке деген ынтасын күшейтті. Кәзір елімізде коммунистік еңбек коллективі, коммунистік еңбек екіпіндісі атағын алу үшін қажырлы еңбек етіп әрі оқып жүргендер аз емес. «Коммунизмдегіше жұмыс істеп, өмір сүруге үйренеміз» деген асыл ниетпен Қазақстанда 255 мыңнан

аса адам еңбек етуде. Кәзір елімізде 20 миллионнан аса адам коммунистік еңбек екпіндісі атағын алу үшін күресуде. Ал коммунистік еңбек коллективі атағына 187 мың бригада және 800 кәсіпорны ие болды.

Қазақстанда кәзір 23 100 бригада, смена, цех пен учаске және 683 кәсіпорны коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін жарысуда. Бұған 500 мыңнан аса адам қатысуда. Олардың ішінде 25 мыңнан аса адам кәзірдің өзінде коммунистік еңбектің екпіндісі деген құрметті атақ алды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының мол, тарихи тәжірибесін барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үйреніп, оны өз елдерінде батыл қолдануда. Халықтық демократия елдерінде социализм орнату жолындағы күресте бостандықтың, теңдіктің, ерікті бірлесудің маркстік-лениндік талаптары іс жүзіне асуда.

Владимир Ильич Лениннің адамзатқа қалдырған өшпес идеялық, теориялық мұралары жер жүзінің 87 еліндегі 40 миллионнан астам мүшесі бар коммунистік және жұмысшы партияларын қаруландырып, дүние жүзінің халықтарына коммунизмнің сәулелі шыңына жететін жолдарды айқын көрсетуде.

Партия жұмысын қоғамдық негізде өрістетте берейік

В. СЕВРЮКОВ,

Қазақстан КП Орталық Комитеті партия органдары бөлімінің меңгерушісі

Партияның ХХ съезінен кейін бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстан партия ұйымдарының өмірінде де елеулі өзгерістер болды. Сталиннің жеке басына табынушылықтың зиянды зардаптарының жойылуы, партия өмірінің лениндік нормалары мен коллективтік басшылық принциптерінің қалпына келтіріліп, онан әрі өрістетілуі, партияның Орталық Комитетінің жергілікті партия ұйымдарының ролін көтере беруге жасап отырған күнделікті қамқорлығы арқасында коммунистердің белсенділігі мен творчестволық инициативасы шарықтап өсті.

Республиканың партия ұйымдары ұйымдастыру және саяси жұмыстарын күшейтті, партияның ішкі демократиясын кеңейтіп, өзінің қатарын маңдайалды жұмысшылар, колхозшылар мен интеллигенттер есебінен толықтыра түсті. Осы уақыттың ішінде республика коммунистерінің саны жүз мың адамға көбейді.

Партия ұйымдарының құрылымы жетілдіріле түсті. Ең алдымен фабрикалар мен заводтардағы, колхоздар мен совхоздардағы, бригадалар мен бөлімшелердегі партия ұйымдарының қатары өсті. Егер 1956 жылы республикада мыңнан астам ғана цех партия ұйымы болса, кәзір үш жарым мыңнан астам цех партия ұйымы бар.

Бастауыш партия ұйымдарын нығайтып, өсіруде партияның Орталық Комитетінің колхоздар мен совхоздарда партия комитеттерін құру жөніндегі шаралары зор роль атқарды. 1959 жылы республикада 53 қана колхоз, совхоз партия комитеті болса, кәзір 526 партия комитеті жұмыс істейді. Партия комитеттерінің құрылуы, цехтарда, бөлімшелерде, бригадалар мен фермаларда партия ұйымдары жүйелерінің кеңейе түсуі шаруашылыққа басшылықты жақсартумен бірге, партия активінің қатарын өсірді.

Елімізде коммунизм орнатудың тарихи міндеттері партиялық жұмыстың дәрежесін жаңа сатыға көтеруді талап етеді. Осыған сәйкес кәзір партия активінің ролін күшейту, партиялық жұмыста қоғамдық негізді кеңінен дамыту, оның түрлері мен әдістерін жетілдіре беру мәселесіне айрықша назар аударылып отыр.

Партияның ХХІІ съезі қабылдаған жаңа Программасы мен Уставында ақы алатын партия аппаратын үнемі қысқарта отырып, партия жұмысында қоғамдық негіздегі жұмысты барынша өркендету бағыты белгіленді. Партияның Программасында былай деп көрсетілген: коммунистік қоғам орнатып жатқан халықтың алдыңғы қатарлы отряды болғандықтан партия коммунистік қоғамның өзін өзі билеуінің неғұрлым жетілген формаларын жасауда үлгі, өнеге көрсете отырып, өзінің ішкі партиялық жұмысын ұйымдастыруда да алда болуға тиіс. «Партия органдарында, — деді Н. С. Хрущев жолдас, партияның ХХІІ съезінде жасаған баяндамасында, — қоғамдық негізде жұмыс істейтін комиссиялар, бөлімдер, нұсқаушылар, аудандық және қалалық комитеттердің секретарьлары көбейтіле беруге тиіс».

Республикамызда коммунистер қоғамдық негіздегі партия жұмысына барған сайын көп тартылуда, бұл жұмыстың түрі мен мазмұны да байи түсуде. Кәзір қалалық және аудандық партия комитеттерінде

штаттан тыс 352 бөлім және 302 тұрақты комиссия жұмыс істейді. Бұлардың құрамында үш жарым мыңнан астам коммунист бар. Облыстық партия комитеттерінде де штаттан тыс бөлімдер мен комиссиялар құрылуда. Республикамызда 671 саяси-оқу кабинеті қоғамдық негізде жұмыс істейді. Партия комитеттерінде сегіз мыңнан астам штаттан тыс лектор бар. Республика бойынша кәзір қоғамдық негіздегі партия жұмысына 50 мыңнан астам коммунист қатысып жүр.

Партия комитеттері штаттан тыс партия қызметкерлерін іріктеп алуға ерекше жауаптылықпен қарап, бөлім меңгерушілеріне, комиссия мүшелігіне, нұсқаушылыққа білім дәрежесі жоғары, ұйымдастыру жұмысына қабілеті бар коммунистерді іріктеп алуда. 3 400 штаттан тыс нұсқаушының 619-і инженер мен техник, 498-і агроном мен зоотехник, 677-і мұғалім, 116-сы дәрігер және басқа мамандар. Қоғамдық негіздегі партия жұмысына тартылған қызметкерлердің 70 проценті 40-жасстан төменгілер. Бұлар келешекте партия аппаратына қызметке жоғарылатуға болатын кадрлардың бай резерві.

Штаттан тыс бөлімдер және тұрақты комиссиялар шаруашылық пен мәдениеттің түрлі салалары жөнінде, партиялық-ұйымдастыру және идеологиялық жұмыс жөнінде құрылуда. Штаттан тыс нұсқаушылар, бөлімдер, комиссиялар, түрлі советтер партия ұйымдарына елеулі көмек көрсетіп келеді. Олардың көмегімен партия органдары шаруашылық пен мәдениет құрылысының мәселелерін жедел шеше бастады, бастауыш партия ұйымдарының белсенділігі мен іскерлігі артты, еңбекшілер арасындағы саяси-тәрбие жұмысы жақсара түсті.

Партия ұйымдарының өмірінде штаттан тыс активтің қандай роль атқарып отырғанын төмендегі мысалдардан айқын көруге болады. Целиноград қаласы Тың өлкесінің құрылуымен байланысты үлкен әкімшілік және мәдениет орталығына айналды. Н. С. Хрущев жолдас Целиноградта бірнеше рет болған кезінде қаланы қайта құру, оның экономикасы мен мәдениетін өркендету жөнінде зор міндеттер қойды. Шаруашылық және мәдениет құрылысына партия басшылығын түбірінен жақсартпайынша, бұл міндеттердің ойдағыдай орындалуы мүмкін емес. Қалалық партия комитетінің штаты бұдан бірнеше жылғыдан артқан жоқ. Осыған байланысты қалалық партия комитеті шаруашылық пен мәдениет құрылысына нақты басшылық жасау жөнінде елеулі қиыншылықтарға да кездесе бастады.

Ал, соңғы кезде партия жұмысында қоғамдық негізді кеңінен өрістетуге арқасында қалалық партия комитеті өз жұмысын жақсартта түсті, бастауыш партия ұйымдарымен байланысын нығайтты, жұмыста оралымдылық, жеделдік күшейді. Кәзір қалалық партия комитетінде 30 штаттан тыс нұсқаушы бар. Қалалық партия комитетінің пленумында қоғамдық негізде жұмыс істейтін үш секретарь сайланды, олар қалалық партия комитетінің бюро мүшелері болып бекітілді, қоғамдық негізде құрылыс, әкімшілік-сауда және мектеп бөлімдері құрылды. Сонымен бірге партияға адам алу жөніндегі арыздарды және коммунистердің жеке істерін алдын ала қарайтын комиссия жұмыс істейді.

Қоғамдық негізде құрылған бөлімдер, қалалық партия комитетінің секретарьлары мен нұсқаушылары үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде. Бу электр станциясының құрылысында жұмыс нашар ұйымдастырылып, бірінші кезекте пайдалануға берілуге тиісті агрегаттың жұмысы аяқталмайтын хаупі туды. Қалалық партия комитетінің штаттан тыс секретары Ганин жолдас қоғамдық негіздегі құрылыс бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, құрылыс жұмысының барысын бақылайтын комиссия құрды. Бұл комиссияның құрамына бір топ инженер-техник қызметкерлер тартылды. Комиссия құрылыстың жағдайымен

егжей-тегжейлеп танысқаннан кейін электр станциясының әрбір учаскесін пайдалануға берудің графикін белгіледі. Жұмыс осы график бойынша жүргізілді.

Қоғамдық негізде жұмыс істейтін партия қызметкерлері ұйымдастыру жұмысымен бірге құрылысшылар арасында саяси-тәрбие жұмысында қолға алды. Осының нәтижесінде құрылыс қарқыны шалшаңдай түсті. Сөйтіп, өткен жылдың 25 декабрінде электр станциясы өндірістік қуат бере бастады.

Қоғамдық негізде ұйымдастырылған құрылыс бөлімі тұрғын үй құрылысын да қамқорлыққа алды. Бұл бөлім тұрғын үй құрылысын салу жөніндегі кемшіліктерді ашып, құрылыс қарқынын күшейту шаралары туралы қалалық партия комитетінің бюросына арнаулы мәселе қойды. Штаттан тыс бөлімнің нұсқаушылары бюроның шешімін орындай отырып, ең алдымен қатарға қосылуға тиісті орындарды бақылауға алды. Осының нәтижесінде қалада өткен жылы тұрғын үйлерді пайдалануға беру жоспары асыра орындалды. 1960 жылы 22 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, өткен жылы 60 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Қалалық партия комитетінің штаттан тыс нұсқаушылары да ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізуде белсенділік көрсетуде. Қалалық комитет өздерін істе көрсеткен нұсқаушылардың кейбіреуін басшы қызметке жоғарылатты. Мысалы, көптен бері штаттан тыс нұсқаушы болып істеп келген инженер Дмитриенко жолдас өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі, нұсқаушылар Игошина мен Князева жолдастар штаттағы нұсқаушы қызметтеріне жоғарылатылды.

Партия комитеттерінің жұмысында қоғамдық негіздің кеңінен енгізілуі ішкі партиялық демократияны кеңейте беруге, басшылықтың коллективтілігін арттыруға, коммунистердің белсенділігі мен іскерлігін күшейтуге көмектесіп отыр. Бұрын партия комитеттерінің шаруашылық пен мәдениеттің кейбір мәселелерімен тікелей қолма-қол шұғылдануға мүмкіндігі болмай келген болса, енді олар партия жұмысына қоғамдық негізде тартылған активтің көмегімен жер-жердегі жағдайды егжей-тегжейлеп зерттейтін болды. Сөйтіп партиялық басшылық неғұрлым нақты да мақсатты бола бастады.

Қоғамдық негіздегі партия жұмысына халық шаруашылығының түрлі саласын жақсы білетін мамандар, шебер ұйымдастырушылар тартылған. Олардың көмегімен партия ұйымдары саяси-шаруашылық мәні күшті мәселелерді қойып, шеше алады. Бұл жөнінде Рудный қалалық партия комитетінің тәжірибесін де мысалға келтіруге болады.

Қалалық партия комитетінде штаттан тыс өнеркәсіп бөлімі құрылып, жұмыс істей бастағанына екі жылдан астам уақыт өтті. Бұл бөлімді инженер Японцев басқарады. Ол сырттан оқып, жақында жоғары партия мектебін бітірді. Бұл бөлімнің бастамасы бойынша Сарыбай кенін жобаланған мерзімнен едәуір бұрын қатарға қосудың мүмкіндіктері зерттелді. Бұл мәселені зерттеуге бөлім 150-ден астам жұмысшы мен маманды жұмылдырды. Сөйтіп, жанжақты дәлелденген нақты ұсыныс жасалды. Бұл ұсынысты қалалық партия комитетінің бюросы мақұлдады. Сарыбай кенін белгіленген мерзімнен бұрын қатарға қосу жөніндегі шаралар партия-шаруашылық активінің және жұмысшылардың жиналысында кеңінен талқыланды. Кеншілер мен құрылысшылар бұл батыл жоспарды мақұлдап, іске асырды. Жоспар бойынша өткен жылы Соколов-Сарыбай комбинаты Урал кәсіпорындарына 3 миллион тонна руда беру керек болса, іс жүзінде 5 миллион 300 мың тонна руда берді. Биыл кеншілер 10,5 миллион тонна руда шығаруды мақсат етіп отыр.

Партия аппаратының қоғамдық негіздегі жұмысына активтің кеңінен қатысуы партия комитеттеріне ауыл шаруашылығын өркендету мәселелерін шешуде де елеулі көмек көрсетіп келеді. Республиканың

барлық аудандық партия комитеттерінде дерлік штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімдері, озат тәжірибені қорытып, насихаттау жөніндегі комиссиялар мен советтер құрылды. Қысқа мерзімнің ішінде-ақ бұл бөлімдер, комиссиялар жұмысқа игі ықпалын тигізе бастады.

Қоғамдық негізде құрылған ауылшаруашылық бөлімдері, комиссиялар мен советтер Н. С. Хрущев жолдастың аймақтық кеңестерде берген кеңесі бойынша, колхоздар мен совхоздарда жерді барынша тиімді пайдалану, жүгері, қант қызылшасы, бұршақ және басқа мол өнімді отамалы дақылдарды өсіру мәселелеріне ерекше көңіл бөлуде.

Мысалы, Түлкібас аудандық партия комитетінің штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімі үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізуде. Бұл бөлімді «Победа» колхозының зоотехнигі Грошев жолдас басқарады. Бөлімнің нұсқаушылары болып, үлгі-тәжірибе шаруашылығының агрономы Тальников, ауылшаруашылық техникасының инженері Мақұлбеков және басқа мамандар жұмыс істейді. Бөлімнің қызметкерлері отамалы дақылдар жүйесін кеңейту жолымен ауылшаруашылық өнімдерін молайту мәселесін аудандық партия комитетінің пленумында талқылауға әзірледі. Сонымен бірге отамалы дақылдар жүйесін енгізу жөнінде колхоз, совхоз агрономдарының семинарын ұйымдастырды. Кәзір «Ауылшаруашылық дақылдарының түсімін арттыру және өнімдердің түсер құнын төмендетудің жолдары мен шаралары» деген тақырыпта партия ұйымы секретарьларының, колхоз, совхоз басшыларының экономикалық конференциясын әзірлеп жатыр.

Сол сияқты Қаратас аудандық партия комитетінің және Талдықорған қалалық партия комитетінің штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімдері де отамалы дақылдар жүйесін енгізу, озат тәжірибені кеңінен пайдалану жөнінде игілікті іске бастаушы болуда. Булаев аудандық партия комитетінің жанынан құрылған озат тәжірибені насихаттау және енгізу жөніндегі комиссия қант қызылшасының гектарынан 360 центнерден өнім алған Гасанов жолдастың звеносында озат тәжірибе мектебін ұйымдастырды. Осындай мектеп Чистов совхозының атақты жүгері өсірушісі Коваленко жолдастың звеносы жанынан да ұйымдастырылды.

Ақтөбе қалалық партия комитетінің жанынан партиялық-ұйымдастыру жұмысы, идеологиялық жұмыс жөнінде комиссиялар құрылған. Партиялық-ұйымдастыру жұмысы жөніндегі комиссияда: бастауыш партия ұйымдарының тәжірибесін қорытып тарататын, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының жұмысын зерттейтін секциялар бар. Идеологиялық жұмыс жөніндегі комиссияда: халыққа маркстік-лениндік білім беру, бұқаралық-саяси жұмыс, мектеп және оқу орындары жөніндегі секциялар жұмыс істейді. Қалалық және аудандық партия комитеттері өз жұмыстарының ерекшеліктеріне байланысты мұнан басқа да комиссиялар мен секциялардың түрлерін ұйымдастыруда.

Қоғамдық негіздегі жұмысқа қатысып жүрген активтің қалың тобының бірі — штаттан тыс нұсқаушылар. Бұдан үш жыл бұрын партияның Орталық Комитеті Одақтас республикалар компартияларының, партияның өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық комитеттерінің праволарын күшейте беру туралы арнаулы қарар қабылдап, оларға штаттан тыс нұсқаушылар белгілеуге рұқсат берген болатын.

Кәзір партия комитеттеріндегі штаттан тыс нұсқаушылар да бұқара арасында ұйымдастыру жұмысын жүргізіп келеді. Олар бастауыш партия ұйымдарының өміріне тікелей араласып, бюро мәжілістерін, партия жиналыстарын тиісті дәрежеде өткізуге бастауыш ұйым секретарьларына қолма-қол көмектесуде.

Штаттан тыс нұсқаушылардың қатарында жас инициативалы, келешекте басшы партия, шаруашылық жұмыстарына жоғарылатуға болатын кадрлар көп. Нұсқаушылар бөлім меңгерушілерінің, секретарьлардың тікелей басшылығымен жұмыс істейді. Олардың көпшілігі белгілі

бір партия ұйымына бекітіліп қойылған немесе партия комитеттерінің жеке тапсырмаларын орындайды.

Іске берілген, партия жұмысынан күш-жігерін, уақытын аямайтын өздеріне көрсетілген жоғары сенімді ақтауға тырысатын штаттан тыс қызметкерлерді коммунистер ерекше сыйлайды. Мысалы, Фурманов ауданының коммунистері зоотехник Бейсембі Ғұбашев жолдасты жақсы біледі. Ол 1955 жылы Саратовтағы малдәрігерлік институтты бітіріп осы ауданның Пятимар совхозына жұмысқа келді. Бұл совхоз—Батыс Қазақстандағы асыл тұқымды мал өсіретін аса ірі шаруашылық. Жас маман өз жұмысына қызу кірісіп, совхоз өміріне көптеген жаңалық енгізді. Оның бастауы бойынша аудан шопандары қойды қолдан ұрықтандыру техникасын жаппай меңгерді. Кәзір штаттан тыс нұсқаушы Пятимар совхозының әрбір 100 саулықтан 140-тан қозы алған озат шопаны Төлеген Есеновтың тәжірибесін таратуды қолға алды.

Ғұбашев жолдас 1958 жылы партия қатарына өтті. Бір жылдан кейін аудандық партия комитеті оны штаттан тыс нұсқаушы етіп бекітті. Қазақстан Компартиясының өткен съезінде Ғұбашев жолдас Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Ол партияның тарихы XXII съезіне делегат болып қатынасты. Кәзір Ғұбашев жолдас аудандық партия комитетінің штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімін басқарады. Міне бұл мысал, коммунистердің қоғамдық негіздегі партия жұмысына белсене қатынаса отырып, қоғамдық саяси жұмыста бай тәжірибе алатынын көрсетеді.

Партия комитеттері мен олардың бөлімдері күнделікті көңіл бөліп басшылық жасап отырған жерде штаттан тыс қызметкерлер партия өміріне белсене араласып, бастауыш партия ұйымдарының жұмысына елеулі көмек көрсетуде.

Дегенмен кейбір облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері партия жұмысын қоғамдық негізде өрістетуге ісінде елеулі кемшіліктерге де жол беріп келеді, олар штаттан тыс бөлімдер мен комиссиялардың, нұсқаушылардың жұмыс тәжірибесін зерттеп қорытып, бұл жұмыстың озат түрлері мен әдістерін таратып отырмайды.

Бізге қалың активке сүйенбейтін, ескіше жұмыс істеп, шаруашылықты ұйымдастыруда өрескел кемшіліктерге жол беретін партия комитеттері де жоқ емес. Мысалы, Ақтөбе облысының Жұрын, Новороссийск, Мартөк аудандық партия комитеттері партия жұмысын қоғамдық негізде өрістетудің маңызын жете түсінбей, коммунистерді партия жұмысына кеңінен тартпай келеді. Бұл аудандық партия комитеттері бірнеше комиссиялар құрумен ғана тынған. Онда да бұл комиссиялардың жұмысын ұйымдастырмаған. Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан, Арыс, Сарыағаш аудандық партия комитеттерінде штаттан тыс бөлімдер құрылды деп есептеледі, бірақ олардың ешқайсысы әлі жұмысқа кіріспеген. Міне, мұндай фактілер кейбір партия комитеттерінің өз жұмысына қалың активті тартпай келе жатқанын көрсетеді.

Өмір талабына сай келмейтін түрлі комиссиялар мен штаттан тыс бөлімдер құрудың да қызығына түсіп кеткен партия комитеттері бар. Мысалы, Ермак аудандық партия комитеті жағар және жаңар майлар жөнінде де комиссия құрған. Ал, Лебяжі аудандық партия комитеті еңбекшілердің арыздарын қарайтын штаттан тыс бөлім, Ертіс аудандық партия комитеті кадрлармен жұмыс істейтін бөлім құрған. Кадрларды тәрбиелеу жұмысымен, еңбекшілердің арыз-шағымдарын қараумен аудандық партия комитеттерінің барлық қызметкерлері шұғылдануға тиіс. Ал, Лебяжі, Ертіс аудандық партия комитеттері бұл сияқты аса маңызды жұмысты ойдан шығарылған бөлімнің еншісіне беріп қоюға тырысады. Бұл дұрыс емес.

Сол сияқты партия комитеттерінің штаттарында бар бөлімдермен қосарласатын бөлімдер құрудың да қажеті жоқ. Партия комитеттері

қоғамдық негіздегі жұмыстарды өрістетуде жұмыстың өмір талабына сай келетін түрлерін іліп алып, қолдап отыруға тиіс.

Штаттан тыс нұсқаушыларды іріктеп алуға ерекше көңіл бөлу керек. Кейбір жерде бұл мәселе дұрыс шешілмеген. Кейбір аудандық партия комитеттері штаттан тыс нұсқаушылар етіп, партия ұйымдарының секретарьларын, аудандық мекемелердің басшыларын, трестердің бастықтарын, кәсіпорындардың директорларын және басқа да негізгі жұмысынан және қоғамдық жұмыстан қолы босамайтын адамдарды бекіткен. Мысалы, Орал қалалық партия комитетінің штаттан тыс 76 нұсқаушысының 51-і негізгі және қоғамдық жұмыстан қолы тимейтін қызметкерлер. Ойыл аудандық партия комитеті штаттан тыс нұсқаушылар етіп, онсыз да жұмыс басты қызметкерлерді, колхоз председателдерін, ал Қарабұтақ аудандық партия комитеті халық судьяларын, аудандық милиция бастығын, прокурорды және ауданның басқа да басшы қызметкерлерін бекіткен.

Қоғамдық негіздегі партия жұмысына ең алдымен, тікелей өндірісте істейтін төменгі буындағы кадрларды тарту керек. Алайда республикамызда қоғамдық негіздегі партия жұмысына тікелей өндірісте істейтін коммунистер аз қатысуда. Мысалы, Жамбыл облысында штаттан тыс бөлімдер мен комиссияларға 148 коммунист тартылған. Оның барлығы дерлік партия ұйымының секретарьлары мен мекемелердің басшылары. Ал, колхозшылар мен жұмысшылар үш-ақ адам.

Партия жұмысына тікелей өндірісте істейтін қатардағы коммунистерді көп қатыстырған жөн. Бұл партия комитеттері активінің шеңберін тарылтады, сөйтіп бастауыш партия ұйымдарының, шаруашылық пен мәдениет құрылысының нақты учаскелеріне басшылықты нашарлатады.

Партия комитеттері коммунистерді қоғам жұмысына белсенді қатыстыра отырып, оларға сенім көрсетуге, күнделікті көмектесіп отыруға тиіс. Бұл жөнінде «әлде қайтеді» деп ділгерлік істейтін партия комитеттері де бар. Кейбір аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс бөлімдерінің құрамына штаттағы қызметкерлерді де қосатыны осыдан болуы керек. Мысалы, Балкашино аудандық партия комитеті барлық штаттан тыс бөлімдердің меңгерушілерінің орынбасарлығына аудандық партия комитетінің штаттағы нұсқаушыларын бекіткен. Мұндай тәріс практика Қызылорда облысында да кеңінен таралған. Бұл қоғамдық негізде жұмыс істейтін коммунистердің инициативасын төмендетіп, олардың өздерінше мәселе көтеруіне кедергі болады.

Қоғамдық негізде жұмыс істейтін қызметкерлерге партия комитеттері мен олардың штаттағы қызметкерлері күнделікті көмек көрсетіп отыруға тиіс. Соңғы кезде бірсыпыра облыстарда штаттан тыс қызметкерлердің семинарлары мен кеңестері болып өтті. Мұның өзі қоғамдық негізде жұмыс істейтін кадрларға елеулі көмек көрсетті. Көптеген қалалық және аудандық партия комитеттері қоғамдық негізде жұмыс істейтін коммунистерді бөлімдерге үнемі шақырып, бюро, пленум, актив жиналыстарына қатынастырып отырады. Бұл — қалың активті партия өміріне тартудың дұрыс жолы.

Кейбір партия комитеттерінде штаттан тыс бөлімдер мен нұсқаушылардың жұмысына секретарьлардың өздері тікелей басшылық етудің орнына ол жұмысты партия комитетінің штаттағы нұсқаушыларына тапсырып қоятын тәріс әдет те бар. Шымкент қалалық партия комитетінде партиялық жұмысты қоғамдық негізде өрістету мәселесін бүтіндей ұйымдастыру бөліміне, ал ол бөлімнің ішінде нұсқаушыларға тапсырып қойған. Тіптен қоғамдық негізде жұмыс істейтін коммунистер қалалық партия комитетіне сәрсембі күні, онда да тек сағат төрттен кейін келуге болады деген тәртіп орнатқан. Штаттан тыс сауда бөлімінің меңгерушісі Подоспеев жолдас: «мен қалалық партия комитетіне бір мәелемен келгенімде маған сәрсембіге дейін қоя тұруға кеңес берді»

дейді. Қоғамдық негізде жұмыс істейтін коммунистердің белсенділігін төмендетіп, жігерін жасытатын мұндай бюрократтық көріністерге батыл тойтарыс беру керек.

Партиялық жұмысты қоғамдық негізде өрістете отырып, партия комитеттерінің мүшелерін саяси-шаруашылық жұмысқа белсенді қатынастыру үшін де көп жұмыс істеу керек. Өткен жылы республикада басшы партия органдарының құрамына 20 мыңнан астам коммунист сайланды. Бұлар — неғұрлым беделді, өмір тәжірибесі, жұмыс тәжірибесі бай, партия бұқарасының сеніміне ие болған адамдар. Партия комитеттері мүшелерінің бүкіл қоғам өміріне белсене араласуы партиялық басшылықтың дәрежесін арттыра түседі, аудан, қала, облыс өміріне партия комитеттерінің ықпалын күшейтеді.

Партия жұмысына қоғамдық негізді кеңінен енгізудің тәжірибесін үнемі зерттеп, қорытып отырудың да ерекше маңызы бар. Республикамыздың бірсыпыра облыстық партия комитеттері қоғамдық негізді өркендету жөніндегі қалалық және аудандық партия комитеттерінің алғашқы тәжірибесін қорытып, игілікті іс істеді. Қостанай облыстық партия комитеті Рудный қалалық комитетінің, Көкшетау облыстық партия комитеті Көкшетау қалалық партия комитетінің қоғамдық негіздегі жұмыстарды өрістету тәжірибесін зерттеп, қорытты. Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстық партия комитеттері қалалық және аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс нұсқаушыларының жұмыс тәжірибесін бюро мәжілістерінде талқылады.

Жақында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті партия жұмысын қоғамдық негізде өрістете беру туралы арнаулы шешім қабылдады. Орталық Комитет партия жұмысында қоғамдық негіздің өрістеп, партия аппаратының жұмысына коммунистерді тартудың жолдары мен түрлері молая түскенін атап көрсетумен бірге бұл қозғалысқа басшылықты жақсарту берудің шараларын белгіледі.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті аудандық, қалалық және облыстық партия комитеттеріне партиялық жұмысты қоғамдық негізде өрістете отырып, ішкі партия жұмысының дәрежесін, коммунистердің белсенділігін, партияның XXII съезі белгілеген коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асыруда партия ұйымдарының ролін арттыра беруді талап етті. Осымен бірге партия комитеттеріне партия жұмысындағы қоғамдық негіздің тәжірибесін қорытып, кеңінен таратуды, қоғамдық негізде жұмыс істеп жүрген партия активінің семинарлары мен кеңестерін ұдайы өткізіп отыруды тапсырды.

Партия комитеттері осы міндеттерді орындай отырып, штаттан тыс партия қызметкерлерінің іскерлігі мен белсенділігін арттыра беруге тиіс. Қоғамдық негізде жұмыс істейтін партия қызметкерлерінің өздерінше инициатива көтеріп, бюро, пленум және партия активіне мәселе қоюына жағдай жасау керек.

Партияның XXII съезі республика еңбекшілерінің алдына зор міндеттер қойды. Қазақстан — таусылмас бай мүмкіндіктері бар республика. Н. С. Хрущев жолдас республикамызға бірнеше рет келгенде осы бай мүмкіндіктерді коммунизм құрылысының игілігіне жаратуды біздің алдымызға бірінші міндет етіп қойды. Республикамыздың партия ұйымдарының күш-жігері Қазақстанның мол байлығын Отан игілігіне жаратуға, өндіргіш күштердің өркендеу қарқынын арттыра беруге жұмылдырылуы керек.

Партияның XXII съезі алға қойған ұлы міндеттерді орындау қажырлы еңбек етуді, асқан шеберлік пен тапқырлық көрсетуді талап ететінін жұртшылық жақсы біледі. Партия жұмысын қоғамдық негізде өрістете отырып, партия ұйымдарының іскерлігі мен белсенділігін арттыра беру — бұл міндеттерді ойдағыдай орындап шығудың кепілі.

Жемшөп өлшемі дегеніміз не?

Профессор А. РОСЛЯКОВ

Партияның жана Программасында мал санын көбейтіп, оның өнімін шұғыл арттыру міндеті алға қойылды. Алғашқы он жыл ішінде ет шамамен үш еседей, жиырма жыл ішінде төрт еседей, сүт он жылда екі еседен астам, жиырма жылда үш еседей молаюға тиіс. Бұл келелі міндетті орындап шығу үшін жемшөпті кемінде үш есе, одан да көп дайындап, оның сапасын жақсарту керек.

Жемшөп дайындау жайылымды, шабындықты, егістік жерді тиімді пайдалануға байланысты. Тиімді пайдалану дегенде, біз бұл жұмысты ғылыми негізде жүргізуді айтамыз. Шабындықты суландырып, табиғи шөп қорын молайтумен қатар, алдымен егіншіліктің отамалы дақылдар жүйесін кең қолданудың маңызы айрықша зор. Бұл жүйеге сәйкес өнімді аз беретін дақылдардың орнына мол өнімді жүгері, бұршақ және бұршақ тұқымдас дақылдар, қант қызылшасы көптеп егіледі. Тек сонда ғана әрбір гектар жерден етті, сүтті, жүнді тиісті мөлшерде дайындауға мүмкіндік беретін азықтық жұғымды заттарды — белокті, минералдық заттарды, витаминдерді керегінше алуға мүмкіндік туады.

Бұрын, бүкіл егіншілікте шөптанапты жүйе бірбеткей, талғанбай беталды қолданылған жылдары жемшөп сан жағынан да, сапа жағынан да жетімсіз болды. Малды жазда жайып бағу, қыста тек пішенмен, сабан-топанмен күту тиісті нәтиже бермеді. Соның салдарынан малдың өнімділігі артқан жоқ.

Шөптанапты ауыспалы егіс жүйесі тұсында мал азығының аз дайындалуы, сапасының төмен болуы оның құрамында сіңімді протеиннің (белоктың), өзге де құнарлы заттардың жетіспеуіне әкеліп соқтырды. Бұл мал шаруашылығын өркендетуге тұсау болды.

1953 жылға дейін елімізде, оның ішінде Қазақстанда жемшөп базасының құрылымы мал шаруашылығына қойылатын талапқа сай келмеді. Мал азығын әзірлеу егіншіліктің шөптанапты жүйесіне тәуелді болды.

Республикамыздың көптеген аудандарында малдың негізгі азығы тек пішен мен сабан еді. Ал жем негізінен арық-тұрақ, кеселді малға қыста ғана берілді. Малға бұдан артықтың не керегі бар деген пікір үстемдік алды.

Бұл кемшілікті жою мақсатымен партияның Орталық Комитеті, Совет үкіметі жемшөп базасын қайта құруға бағыт ұстады. Жүгері, дәнді бұршақ, қант қызылшасы егіле бастады. Бұлар қосымша азықпен: мочевиінамен, азықтық ашытқымен, тағы басқа заттармен қосып пайдаланылды.

Партияның Орталық Комитетінің 1955 жылғы январь Пленумы және одан кейінгі Пленумдары құнарлы азықтарды, оның ішінде тамыр түйнекті жемістерді, жемді шұғыл көбейту міндетін алға қойды. Пішен де бұрынғыдан көп дайындалуға тиісті болды. Осылай істелді де. Жүгері сүрлемін, жемді, тамырлы жемістерді, химия, гидролиз өнеркәсібінің қалдықтарын жеткілікті әзірлеген колхоздар мен совхоздар жемшөп өл-

шемің көп алып, көздеген нысанасына жетті. Бұлардың қатарына Тын өлкесіндегі «Чистов», «Заречный», Алматы облысының Ленин атындағы, «Октябрь» колхоздарын қосуға болады.

Елімізде озат жүгерішілер қатары көбейді. Олардың кейбіреулері әрбір гектардан 1000—1200 центнер және одан да көп жүгері көк шөбін, жүз центнерден астам дән алды. Тәжірибелі малшылар сүрлемді, жемді, синтетикалық мочевианы, азықтық ашытқыны тиімді пайдалана бастады.

Кәзір шөптаналты ауыспалы егіс жүйесі орнына отамалы дақылдар егісі жүйесі кең қолданылғалы отыр. Бұл мақсатқа сәйкес егістік жердің әр жүз гектарынан 75 центнерден ет өндіру үшін қанша гектарға жемшөп дақылдарын егу керек?

75 центнер ет өндіру үшін 1100 центнер жемшөп өлшемі керек. Бұл үшін әр жүз гектар егістік жерге мыналар егіледі:

—гектарынан 300—400 центнерден көк шөп беретін 12 гектар жүгері егіледі. Оның әр гектары 6—8 мың немесе 60—80 центнер жемшөп өлшемі береді. Ал 12 гектардан 720—960 центнер жемшөп өнімі алынады;

—гектарынан 200—250 центнер сүрлемдік көк шөп беретін 6 гектар жембұршақ егіледі. Оның әр гектары 3—4 мың немесе 30—40 центнер жемшөп өлшемі береді. Ал 6 гектардан 180—240 центнер жемшөп өнімі алынады;

—гектарынан 200 центнерден өнім беретін 2 гектар қант қызылшасы егіледі. Оның әр гектары 7 мың немесе 70 центнер жемшөп өлшемі береді. Ал екі гектардан 140 центнер жемшөп өнімі алынады.

Сонымен жемшөп дақылдарына 100 гектар егістік жерден 20 гектар жер бөлінетін болады. Мұның өзі 1 100—1 300 центнер жемшөп өнімін береді.

Осылардың негізінде малды азықтандырудың жаңа әдісі қалыптасып келеді. Мұнда жүгері сүрлеміне, дәнді бұршаққа, қант қызылшасына басты орын беріледі. Өйткені бұлардың құрамында: көмір тегі, (крахмал), қант, протеин, кальций, фосфор, калий, натрий, темір, мыс, кобальт, иод, витаминдер — каротин, эргостерин, аскорбин қышқылы болады.

Бұлардың ішінде белокке, минералдық заттарға бай жүгері сүрлемі іріқараға, қойға таптырмайтын азық. Жүгері сүрлемін азғана пішен (малдың тірідей салмағының жүз грамына 0,5—1 килограмнан) қосып берген тиімді. Іріқараны жүгері сүрлемімен (рационның 50 проценті, одан да көбірегі) азықтандыру еттің түсер құнын кемітеді. Ал рацион: 50—55 процент сүрлемнен, 7—10 процент пішеннен, 2—3 процент сабаннан, 35—37 процент жемнен құралса, малға өте жұғымды болады; сонда 1 килограм үстеме салмаққа көп дегенде 10 жемшөп өлшемі ғана жұмсалады. Ал сауын сиырды рационның 45 процент жүгері сүрлемі бар азықпен азықтандырғанда майлылығы 4 процент 1 килограмм сүтке 0,9—1,1 жемшөп өлшемі жұмсалады.

Сондай-ақ сауын сиырды пішен мен сабанның орнына сапалы сүрлем қосылған азықпен азықтандырудың да пайдасы зор. Мұндай тәжірибе Совет Одағында, Англияда, Венгрияда, Герман Демократиялық Республикасында және басқа да елдерде жасалды.

Қазақтың мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысының «Заречный» совхозында тәжірибе жұмысын жүргізді. Олар әрбір өгізшеге тәулігіне 1 5 килограмм пішен мен сабанға қоса жүгері сүрлемін беріп отырды. Сонда өгізше тәулігіне 800 грамм үстеме салмақ қосып отырды.

Алайда барлық жағдайда пішеннен бас тарту керек деген қорытынды шығаруға болмайды. Мұны ретіне қарай істеу қажет.

Малды азықтандыру, оның ішінде пішен қосқан азықпен азықтандыру әрбір шаруашылықтың табиғат, ауа райы және шаруашылық ерекшеліктеріне орай белгіленеді.

Ғылым мен озат тәжірибе деректері мынаны көрсетіп отыр: жүгері, басқа дақылдардың сүрлемін, құрамында белогі, қанты көп жемшөпті мол дайындау малды жақсы азықтандыруға мүмкіндік береді.

Малға өте пайдалы азықтық дақылдарды салыстыру жүгерінің, дәнді бұршақтың, қант қызылшасының сұлыдан әлдеқайда артық екенін көрсетті. Мәселен:

құрамында 8,5 килограмм сіңімді протеин бар 100 килограмм сұлы 100 жемшөп өлшеміне тең;

құрамында 8 килограмм сіңімді протеин бар 100 килограмм жүгері дәні 134 жемшөп өлшеміне тең;

құрамында 29 килограмм сіңімді протеин бар жембұршақ дәні 129 жемшөп өлшеміне тең;

құрамында 2,3 килограмм сіңімді протеин бар қант қызылшасы (кұрғақ күйінде) 120 жемшөп өлшеміне тең;

Бұларды білу малды дұрыс азықтандыру үшін керек. Ол үшін мал организмнің қоректі заттарды қаншалықты керек ететінін, олардың өнімін көбейтуге тигізетін әсерін қатаң есепке алған жөн. Мұның өзі жемшөптің сапасын, мөлшерін, яғни малдың жемшөппен қаншалықты қамтамасыз етілгенін дұрыс есептеу үшін өте қажет.

Жемшөп өлшемін есептеген кезде мына жағдайды ескермеске болмайды:

а) жемшөп өлшемі дегеніміз — ең алдымен белгілі бір азықтың малдың бойына қуат берерлік сапа қасиетінің көрсеткіші;

б) жемшөп өлшемі бойынша есептегенде мал азығының құнарлық қасиетінің тең болуы олардың бәрі бірдей деген ұғым туғызбайды. Сондықтан да азықтандырған кезде малдың әр түлігінің, құстың әр түрінің өзіне тән ерекшеліктерін ескерген жөн;

в) мал азығының құнарлылығына жемшөп өлшемі бойынша баға берген кезде оның құрамында қосымша: протеиннің, фосфор кальцийінің, каротиннің болуын ескеру керек.

Әңгіменің түйіні мынада: рацион жемшөп өлшемі бойынша қаншалықты дұрыс болғанмен оның құрамында протеин, минералдық заттар мен витаминдер сан жағынан да, сапа жағынан да бірдей болмаса, малдың өнімділігі артпайды, азық мөлшердегіден артық жұмсалады.

Мал азығын: сүрлемді, тамырлы жемісті, пішен мен сабанды, жемді көлемі мен салмағына қарай бағаламай, олардың құрамындағы қоректі заттардың сапасы мен санына қарай бағалау қажет. Сонда ғана мал жемшөппен толық қамтамасыз етіледі.

Кәзіргі уақытта дүние жүзінің әр елінде әртүрлі жемшөп өлшемі қолданылады. Мәселен, Германияда жемшөп өлшемінің негізіне 1 килограмм сіңімді крахмал алынады; Америка Құрама Штаттарында азықтың жұғымдылығы қуат өлшемімен—терммен (1 терм 100 үлкен калорийге тең) белгіленеді; Скандинавия елдерінде азықтың жұғымдылығы 1 килограмм жем қоспасымен (сұлы мен арпаны қосып алғанда) өлшеніп, салыстырылады. Совет елінде 1922 жылы жемшөп өлшемінің негізіне сапасы орташа 1 килограмм сұлы қабылданған болатын. Бірақ мұны жемшөп құнарлылығының жалпы, салыстырмалы көрсеткіші деп түсіну керек.

Әртүрлі жемшөптің құнарлылығын сұлының құнарлылығымен салыстыру үшін кесте жасалады. Кестеде 1 килограмм сұлының құнарлылығына тең құнарлылық алу үшін қанша килограмм жемшөп алу керектігі көрсетіледі.

Жемшөптің химиялық құрамы мен құнарлылығы

Жемшөптің түрі	100 кг жемшөпте мынадай заттар бар					1 жемшөп өлшеміне келетін азықтың мөлшері (кг)
	жемшөп өлшемі	протеин	кальций	фосфор	каротин	
	кг	кг	грамм	грамм	миллиграмм	орта есеппен
1. Сүттеніп-қамырланып піскен жүгері собығының сүрлемі	31	2	150	70	300	4 кг. жуық
2. Жүгері дәні	134	7,8	40	310	400	0,74
3. Жембұршақ дәні	129	28,7	150	400	100	0,77
4. Асбұршақ дәні	117	19,7	170	420	100	0,85
5. Өңделмеген қант қызылшасы	26	1,2	50	50	0	3,9
6. Сұлы	100	8,5	140	330	0	1
7. Мақта шроты	96	32,5	440	1740	0	0,9
8. Қызылша сығындысы (қалдық)	10	0,8	120	10	0	10
9. Сиярдың қою сүті (майлылығы 4 процент))	37	3,4	140	110	200	3
10. Көк сүт	13	3,1	120	100	100	6
11. Белокті-витаминді беде ұнтағы	63	10,2	1250	280	1500	1,5
12. Тау пішені (ұсақ)	50	5,5	970	350	2000	2
13. Дала пішені (ұсақ)	42	4,8	600	210	1500	2,5

Малды дұрыс азықтандыруға көмек боларлық шара ретінде жемшөп өлшемінің, протеиннің, кальцийдің, фосфордың, каротиннің құрамы туралы мәліметке қосымша жемшөпті мұқият іріктеп алып, бір азықтың орнына екінші азықты қолдану жайын білу қажет.

Мал азығының құнарлылығын жемшөп өлшемі бойынша бағалау жалпы одақтық стандарт болып есептеледі. Бұл бес көрсеткішпен: жемшөп өлшемімен, протеин, кальций, фосфор, каротин мөлшерімен белгіленеді.

Жемшөптің граммен, килограммен, центнермен яки тоннамен есептегендегі өлшемі ондағы құнарлы заттардың процентпен белгіленген мөлшерінің, әрбір құнарлы заттың өнімді көбейтуге тигізген әсері туралы мәліметтің негізінде есептеп шығару жолымен анықталады.

Жемшөп өлшеміндегі сіңімді протеиннің құрамы шикі протеиннің жалпы құрамы және сіңімділік коэффициенті бойынша (бұл тәжірибе жүзінде анықталады немесе кестеден алынады) анықталады да 1 килограмм жемшөпке келетін сіңімді протеин граммен белгіленеді. Жемшөп құнарлылығының сан көрсеткіштері сапа көрсеткіштеріне сай келуге тиіс.

Жүгерінің, дәнді бұршақтың, қант қызылшасының, басқа да мол өнімді дақылдардың есебінен жемшөпті әрі тез, әрі көп дайындау малды сапалы әрі жеткілікті азықтандыруға мүмкіндік береді.

Жемшөптің тегі, түр-түс құрамы, малды күту жайы Қазақстанның әр аймағында әртүрлі болып келеді. Мәселен, Тың өлкесі аймағында құнарлы азықтың, әсіресе жүгері сүрлемінің, сабан мен жемнің үлесі басым. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында жайылым шөбінің, пішен мен сабанның, жүгері сүрлемінің, қант қызылшасы мен мақта қалдығының үлесі басым. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында кейде мал белокке бай мақта шротымен азықтандырылады. Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында жайылым шөбі, пішен мен сабан, сүрлем басты орын алады.

Әдетте жемшөп қорында пішен мен сабанның, жайылым шөбінің басым болуы, сүрлемнің, жемнің жетіспеуі, олардың малға тек қыста берілуі, үздік-создық азықтандыру малдың қонын төмендетеді, өнімін азайтады, өнім сапасын кемітеді. Сондықтан да жемшөптің құнарлылығын есепке алмай тек мөлшеріне мән болу қатерге ұрындырады. Сол үшін де мынаны біліп алған жөн:

майлылығы 3,8—4 процент бір килограмм сүтке 100—120 грамм сіңімді протеин, 0,8—1,1 жемшөп өлшемі керек;

бір килограмм сиыр етіне 800—900 грамм сіңімді протеин, 9—10 жемшөп өлшемі керек.

Бір килограмм шошқа (бордақылауға қойылған) етіне 700 грамм сіңімді протеин, 7 жемшөп өлшемі керек. Осыдан келіп бір центнер етке яки сүтке бір айда немесе бір жылда қанша жемшөп өлшемі, қанша сіңімді протеин жұмсалатынын есептеп шығару қиын емес.

Бұл есепті білмеген, ал білген күнде қатаң қолданбаған шаруашылықтардың басшылары жемшөп өлшемін, протеинді, өзге де құнарлы заттарды орынсыз ысырап жасап келеді. Мысалы, Жамбыл облысының Қордай ауданындағы «Колос» совхозы 1 килограмм сүтке: 1958 жылы—1,61, 1959 жылы 1,67, 1960 жылы 1,9 жемшөп өлшемін жұмсаған. Алматы облысының «Дегерес» қой совхозы шошқаның 1 килограмм үстеме салмағына 14 жемшөп өлшемін, осы облыстың Гвардия ауданы, Ленин атындағы асыл тұқымды мал өсіретін совхоз 1 килограмм сиыр етіне 11,89 жемшөп өлшемін, шошқаның 1 килограмм үстеме салмағына 24,13 жемшөп өлшемін, Тың өлкесінің көптеген совхоздары өткен жылы 1 килограмм сүтке 1,6—2,6, шошқаның 1 килограмм үстеме салмағына 13 жемшөп өлшемін жұмсаған.

Бұл мысалдар Қазақстанның көптеген шаруашылықтарында басшылықтың төмендігінен, мамандардың құнтсыздығынан қыруар жемшөптің орынсыз ысырап болып, соның салдарынан мал өнімінің жоспардағыдан қымбатқа түсіп отырғанын көрсетеді. Тіпті, малды ғылыми негізде дұрыс азықтандыру ережесін білмегендіктен, жемшөп өлшемі мен құнарлы заттар нормадағыдан артық жұмсалғанның өзінде өнім көбеймек түгіл, төмендеп кеткен жағдайлар да ұшырасады.

Мұның бәрі партия, совет ұйымдарының басшыларынан, мамандардан, малшылардан жемшөптің биологиялық ерекшеліктерін, құрамын, құнарлылығын, малды азықтандырудың ғылыми, озат тәсілін терең зерттеп, жете меңгеруін талап етеді.

Шөптанапты ауыспалы егіс жүйесін ығыстырып, жерді тусыратпай, отамалы дақылдарды—жемшөп үшін жүгеріні, дәнді бұршақтарды, қант қызылшасын керегінше егіп, оларды дұрыс күтіп-баптау, сөйтіп арзан өнім алу—ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің құрметті міндеті.

Осы міндеттер мүлтіксіз орындалғанда ғана мал саны көбейеді, оның өнімі, сапасы артады және арзанға түседі.

Қазақстанға табиғаттың өзі берген дақыл

В. ЦОЙ,

агроном

Белоктың тірі организмнің негізін құрайтыны, онысыз тіршілік жоқ екені мәлім. «Тіршілік,—дейді Ф. Энгельс,—белок заттарының өмір сүру формасы». Демек, малдың күйлі, өнімділігі жоғары болуы үшін жемшөптегі белоктың маңызы зор.

Ғылыми мекемелердің зерттеу жұмысына қарағанда, еліміздің колхоздары мен совхоздарында 1960 жылы малға берілген жемшөпте белок жеткіліксіз болғандықтан 18 миллион тонна жемшөп өлшемі артық жұмсалды. Егер мал азығындағы белоктың мөлшері реттелсе, бүкіл Одақ бойынша 2 миллион тонна ет қосымша өндірілген болар еді. Екі миллион тонна қыруар ет емес пе? Бұдан жемшөптегі белок мөлшерінің реттелмеуі неге әкеліп соқтыратынын аңғару қиын емес.

Егер мал азығы рационында белок жеткіліксіз болса, онда қорек заттарының үштен бірі нәтижесіз жұмсалады. Ал оның бер жағында осындай жемшөпті ұзақ уақыт жеген малдың өнім беру мерзімі қысқарады, төлдегіш қасиеті кемиді, төлі нашар болып туады.

Соңғы жылдары республикамыздың озат колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда біраз табысқа жетті. Бұған оларда жүгері өндіруге баса көңіл бөліне бастағаны үлкен себеп болды.

Жүгері — мол өнімді, қоректілігі күшті дақыл. Бірақ ол жалғыз өзі жемшөптің берік қорын жасау мәселесін толық шеше алмайды. Өйткені жүгеріде белок жеткіліксіз.

Жүгерінің әр жемшөп өлшемінде 70 грамдай сіңімді протеин (белок) болады. Ал, іріқара үшін әр жемшөп өлшеміне 100—110 грамм белоктан келетін азық өте құнды деп есептеледі. Бірақ көптеген мал азығында жемшөп өлшемі мен белок арасындағы мұндай дұрыс арақатынас бола бермейді. Жүгерінің азықтық қасиетін арттыру үшін оған белогы мол серік керек. Оның мұндай сенімді серігі—дәнді бұршақты дақылдар, оның ішінде, әсіресе жембұршақ болып отыр. Егер жүгері көкшөбін жембұршақпен қосып сүрлесе мал азығындағы жетіспейтін белоктың орнын толықтыруға болады. Өйткені, жембұршақта сіңімді протеин (белок) көп болады, ол дәнді де, көкшөпті де мол береді. Мысалы, жембұршақтың бір центнерінде 129 жемшөп өлшемі және 28,3 килограмм сіңімді протеин болады.

Өнімі 350 центнер болған жүгерінің бір гектарынан жасалған сүрлемді белок жағынан реттеу үшін, яғни жемшөп өлшеміндегі белоктың мөлшерін 100—110 грамға жеткізу үшін өнімі 20 центнерден келетін 0,6 гектар жембұршақ егісі керек, ал бұған сиыр жоңышқа егісінің 3 гектары керек болар еді. Сұлы егісі бұдан көп керек.

Жемшөп қорын сұлы өсебінен жақсартамыз деу мүлде қате. Мұндай бағыт ұстаған колхоз, совхоз басшылары мал шаруашылығын алға бастыра алмайды. 1962 жылы егіс көлемінің құрылымын қайта қарағанда түсімі аз дақылдарды ығыстырып, оның орнына мол өнімді және бағалы дақылдарды көбірек егу керек.

Жембұршақтың дәнімен бірге оның көк шөбінің де қоректік сапасы жоғары келеді. Мұның әр жемшөп өлшемінде 150 грамм протеин болады. Ол жүгерінің көк шөбіндегіден екі есе артық.

Н. С. Хрущев жолдастың кеңесі бойынша 1961 жылдың көктемінде біздің республикаға 690 тонна жембұршақ тұқымы әкелінген болатын. Ол тұқым 14,4 мың гектар, оның ішінде Тың өлкесінде 12,2 мың гектар жерге егілген еді. Бұл жөнінде бұрын тәжірибе болмаса да кейбір шаруашылықтар жембұршақтан тәп-тәуір өнім жинады. Шығыс Қазақстан облысындағы «Өскемен» совхозы 27 гектар жембұршақтың әр гектарынан 18 центнерден өнім алды. Қостанай облысындағы «Пресногорьков» совхозының звено жетекшісі М. Қимбель үздік табысқа жетті. Оның жинаған өнімі гектар басы 26 центнерден айналды. Көкшетау облысындағы «Кузбасс» совхозының дихандары әр гектардан 19 центнерден жембұршақ алды. Қостанай ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында соңғы төрт жыл ішінде жиналған өнім гектарына 38,8 центнер дәлнен немесе 252 центнер көкшөптен айналды.

Солтүстік Қазақстан облысының көп шаруашылығы да жембұршақты тұңғыш рет ексе де одан біршама тәуір өнім өсіре білді. Облыстың Чапаев атындағы совхозында звено жетекшісі С. Девальд жолдас әрбір гектардан 22,4 центнер, «Токушино» совхозында Н. Кузьменко 20,5 центнерден өнім жинады. Шығыс Қазақстан облысының «Убинский», «Передовой» совхоздары бұршақ өнімін едәуір арттырды. Олар өздерін тұқыммен толық қамтамасыз етіп, бұл жөнінен көршілес шаруашылықтарға көмек көрсетті.

Дәнді бұршақты өсімдіктердің тамыр түйінінде ерекше бактериялар болады. Ол бактериялар ауадан азотты алып өсімдіктің тамыр түйініне жинайды. Бұршақтың өсу кезеңінде жаңағы бактериялар әрбір гектар жерде 100 килограмға дейін азот құрастырады. Бір гектар жердегі азоттың осындай мөлшері 3—4 центнер аммиак селитрасына барабар. Сондықтан бұрын бұршақ егілген жерге жаздық бидай егу өте пайдалы келеді. Өйткені ол бұршақтан кейін жиналған азотқа кенеліп өнімді едәуір мол береді. Алтай ғылыми-зерттеу институтының деректеріне қарағанда, бұршақтан кейін егілген бидай таза парға егілгендегіден өнімді гектарына 7 центнерге дейін артық береді.

Топырақта, әсіресе бұршақтан кейін азоттың мөлшерін көбейту қатты бидай егісінің көлемін ұлғайтуға қолайлы жағдай жасайды. Өйткені биологиялық қасиеті жағынан қатты бидай өз дәнінде белоктың құрастырылуы үшін азотты көбірек тілейді.

Республикамызда бұршақ егудің алғашқы қорытындысы шығарылды. Одан алынған деректерге қарап көптеген колхоз бен совхозда бұл дақылдың түсімі не себепті аз болғанын көрсетуге болады. Былтыр кейбір шаруашылықтар бұршақ тұқымын көктемде жыртылған және тынайтылмаған жерге екті. Онда ылғал да аз болды. Бұршақтың сирек өсуіне әсер еткен жағдайдың негізгі бір себебі осы еді.

Жембұршақ саздақ (топырақтың қарашірігі бар құм мен саз араласқан түрі) және топырағы жеңіл жерге де жақсы өседі. Бірақ мұнда жер күзде зябьке жыртылып, жергілікті және минералды тыңайтқышпен өңделуі, қыс бойы қалыңдығы 50—70 сантиметр етіп екі-үш рет қар тоқтатылуы шарт. Егер күзде зябь айдаған кезде тыңайтқыш енгізілмесе, онда ерте көктемде әр гектарға 5—8 тонна қарашірік, 2—3 центнер суперфосфат енгізу керек. Жембұршақ үшін ойпаң жерді бөлген жөн.

Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының ғалымдары қызықты зерттеу жүргізді. Жембұршақтың бірінші учаскесі беткейдің қыратына, екіншісі — оның орта шеніне, ал үшіншісі беткейдің ыза суы жақын жатқан баурайына орналастырылды. Мұның нәтижесі былай болып шықты. Бірінші учаскеде гектарынан 12,4, екіншісінде 13,2, үшіншісінде 14,8 центнер жембұршақ жиналды. Демек

бұл дақыл ылғалды жақсы көреді, су мол болса жембұршақтың өнімі де жоғары болады.

Жембұршақтың көктеп шығуы үшін топырақта 3—4 градус жылылық болса жеткілікті. Оған көктемде қайталанатын 5—6 градус суық онша қауіпті емес. Алайда жембұршақ жеміс сала бастаған кезде күзгі ерте үсікке өте тез шалдығады. Демек, Тың өлкесінде бұршақ егісін ұзаққа созуға болмайды.

1961 жылы біраз шаруашылықтар егісті арам шөбі көп жерге орналастырды. Сондықтан жембұршақ жөнді шықпай қалды. Алдыңғы қатарлы совхоздар мен колхоздардың тәжірибесі көрсеткеніндей, зябьке жыртылған жерді егіс алдынан дұрыс өндесе, жақсы нәтиже береді. Бұл үшін көктем шығысымен-ақ жерді екі рет тырмалап, ылғалды тез жапқан жөн. Бұдан соң культиватор жүргізу керек. Арам шөп бар жерде 8—10 күннен кейін екінші рет культиватор жүргізіледі.

Арам шөпке қарсы жүргізілетін күрес бұршақ егілгеннен кейін де тоқтатылмайды. Тұқым себілгеннен кейін 4—5 күн өткен соң егістің бүкіл көлемі тырмаланады. Бұл жұмыс көктеп шыққан бұршақтың өсуіне қарай жүргізіледі.

Әдетте жембұршақты ерте егілетін дақыл деп есептейді. Бірақ былтырғы жылдың тәжірибесі аңғартқанындай, тұқымды тым ерте себу кейде онша жақсы нәтиже бере қоймайды. Шығыс Қазақстан тәжірибе станциясының мәліметіне қарағанда бұл облыс үшін неғұрлым қолайлы мерзім майдың бірінші онкүндігі болып есептеледі. Тұқымның тым ерте немесе тым кеш егілуі өнімнің төмендеуіне әкеліп соқтырады. Мұны Солтүстік Қазақстан тәжірибе станциясының соңғы жылдары жасаған тәжірибесі көрсетіп отыр.

Егу мерзімі	Гектардан алынған өнім (центнер есебімен)
4—7 май	15,3
15—17 май	19,5

Әлбетте, бір жылдың мұндай деректерін әлі де болса зерттеп тиянақтай түсу өте-мөте қажет.

Биыл жембұршақ негізінен дән мен тұқым алу үшін егіледі. Тұқым шаршы-ұялы әдіспен себілуге тиіс. Мұның өзі егісті екі бағытта механизм күшімен күтіп-баптауға мүмкіндік береді.

Тың өлкесі ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің былтырғы кеңесінде Н. С. Хрущев жолдас бұршақ өндіру мәселесіне және оны егіп-өсіру агротехникасына айрықша назар аударды. Бұршақтан дәнді мол өсіру үшін әрбір гектарға себілетін тұқымның нормасын дұрыс белгілеудің маңызы зор. 1961 жылы бірқыдыру шаруашылықтар әр гектарға 20—30 килограмм тұқым септі. Бұл, әрине, мүлде жеткіліксіз. Ал кей жерде 80—120 килограмм тұқым себілді. Бұл өте көп. Орта есеппен алғанда тұқым себу нормасы әрбір гектарға 40—70 килограмм шамасындай болады. Сонда әрбір ұяда 4—6 өсімдік өседі.

Бұршақ тұқымының әр ұяға келетін саны оның өніміне белгілі әсер етеді. Семей облысындағы «Красный партизан» совхозында № 2 бригаданың жетекшісі Б. Саламанюк жолдас 42 гектардың әр гектарынан 12 центнерден дән жинады. Ол тұқымды шаршы-ұялы әдіспен септі, әр ұяға 6—7 дәннен салды. Сол облыстағы «Красное знамя» колхозында мынадай тәжірибе жасалды. 34 гектар жерге тұқым шаршы-ұялап себілді, әр ұяға 3—4 дәннен қалдырылды. Сонда бұршақтың гектарынан алынған өнім 8 центнерден айналды. Ал екінші бір учаскеде 15 гектар жердегі әр ұяға 2—3 дән себілгенде оның өнімі гектар басы 4 центнерден ғана болды.

Кейбір ғалымдар: ұяға тұқымды жиілетіп қалдырғанда өсімдік бірін-бірі көлеңкелейді, мұның өзі өнімнің артуына әсер етеді дегенді ай-

тады. Ал іс жүзінде солай ма? Бұл әлі де болса мейлінше зерттей түсуді керек ететін мәселе. Әрине, ол зерттеудің нақты табиғи өңір жағдайында жүргізілгені жөн.

Жембұршақ тұқымы 6—8 сантиметр тереңдікке сіңірілуге тиіс. Мұнда топырақтың түрі, оның құнары, қасиеті еске алынуы шарт. Әдетте топырағы жеңіл жерде тұқым тереңірек сіңіріледі. Қолайлы жағдай жасалғанда бұршақ егілгеннен кейін 8—9 күн өткен соң-ақ көктеп шыға бастайды.

Қаратопырақты емес аймақтың ауыл шаруашылығы озаттарының 1961 жылы өткізілген кеңесінде Н. С. Хрущев жолдас: біз жембұршақты егіп-өсіруіміз керек, жүгеріні онымен қосып егу: бірқатарға жүгері, екінші қатарға бұршақ егу мүмкіншілігін зерттеу керек, бірге жинап, бірге сүрлеу қажет деді.

Республиканың бірқатар ғылыми-зерттеу мекемелері Н. С. Хрущев жолдастың кеңесі бойынша жембұршақты осылай егіп, жақсы нәтижеге ие болуда. Мұндай жағдайда бұршақтың сабағы биік те мықты болып өсті. Сөйтіп жүгерімен қоса ол комбайнмен жинауға қолайлы болды.

Егістің бір алаңына жүгері мен бұршақтың кеш пісетін сорттарын егу өнім жинауды қиындатады, өйткені өскен соң жүгері мен бұршақтың биіктігі бірдей болмайды. Комбайнмен жинағанда бұршақ оның полотнонасы астында қалып ысырап болады. Міне сондықтан қосып еккенде жүгерінің тұқым сортын дұрыс іріктеп алудың маңызы зор.

Жүгері мен бұршақты бір егіс алаңына еккенде олардың қатараралықтарын баптап-күту ережесін қатаң сақтаған жөн. Озаттардың тәжірибесі көрсеткеніндей, жембұршақ егісін шырлу өсімдіктің пісуін жылдамдатады және өнімін арттырады. Қазақстан ауыл шаруашылығы озаттарының Целиноградта (1961 ж.) өткен кеңесінде М. Кимбель жолдас жембұршақ егісін шырлу жөніндегі тәжірибесін ортаға салды. Алтай өлкесінің атақты агрономы М. И. Чеканова өз тәжірибесі арқылы егісті шырлу нәтижесінде гектар басы 3 центнерден қосымша өнім алған. Ол егісті баптаудың бұл әдісі, әсіресе, тұқымдық учаскеде жақсы нәтиже беретінін дәлелдеді.

1961 жылы қайсыбір шаруашылықтар егін жинау жұмысын нашар ұйымдастырып, дәннің көп ысырап болуына жол берді, соның салдарынан олар өнімді өте аз алды.

Мандайалды колхоз, совхоздардың алғашқы тәжірибесі жембұршақ өнімін бөлектеп жинау тиімді екенін көрсетті. Бұлайша жиналған жембұршақ дәні ұзақ сақтауға төзімді болады. Дымқылдығы 15 проценттен жоғары тұқымды келтіру жұмысын ұйымдастырған жөн.

Біз бұл мақалада бұршақтың, әсіресе жембұршақтың мал азығының берік қорын жасаудағы маңызын, бұл дақылдың кейбір ерекшеліктерін сөз еттік. Сайып келгенде жұмысқа жауаптылықпен қарап, агротехникалық шараларды дұрыс қолданғанда жембұршақтан Қазақстанның барлық жерінде де мол өнім алуға болады. Бұған жоғарыда келтірілген шаруашылықтардың мысалдары толық айғақ. Жембұршақтың жер тыңайтуға, мал азырын, астық өндіруді молайтуға мүмкіндік туғызатын негізгі қасиеттерін толық пайдалануға тиістіміз.

Көктемгі егіске сақадай сай әзірленудің маңызы зор. Бұршақ өсіретін бригадалар мен звеноларды басқаруға ауылшаруашылық өндірісінің білікті ұйымдастырушыларын тағайындау керек. Жембұршақтан мол өнім алумен бірге оның түсөр құны төмен болуын ескерген жөн.

Партия атап көрсетіп отырғандай, жүгері, бұршақ егістерін кеңінен енгізу жай ғана міндет емес, ол—егіншілігімізді дамытудағы маңызды бағыт. Мұны жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық орындары басқарушылары керек.

Замандастың очерктегі бейнесі

Т. ЫДЫРЫСОВ

Өткен жылдың нақ алдында «Правда» газеті «Замандастарымыз туралы — коммунизм құрылысшылары туралы кітаптар жазайық» деген ұран тастады. «Правда» редакциясының осы шақыруы жер-жердегі жазушылар мен журналистерге үлкен ой салды. 1961 жылы совет адамдары жайлы тағы да қыруар очерк жазылды. «Заманымыздың ерлері» деген рубрика үлкенді-кішілі газет беттерінен түспеді. Ең тәуір деген очерк «Правданың» өзіне жарияланды. Кейін солардан қалың кітап құралды.

Былтыр Алматы баспаларынан да бірнеше кітап дүниеге келді. Қазақтың көркем әдебиет баспасы Иван Шуховтың «Американың күндері мен түндері», Сәуірбек Бақбергеновтың «Алтынемелден асқанда», Нығмет Фабдуллиннің «Өмір күйі», Қапан Қамбаровтың «Таудағы қала», Медеу Сәрсекеевтің «Жетіжылдықтың жігіттері» деген очерк кітаптарын басып шығарды. Бұлардың үстіне «Майдан», «Жаңа белесте», «Жастар жетіжылдық асуында» деген қалың-қалың үш жинақ тағы бар. Өткен жылы «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», Алматы облыстық «Коммунизм таны» газеттері замандастар жайындағы очерктерге конкурс өткізді. «Жұлдыз», «Простор» журналдарында да, облыстық, аудандық газеттерде де ондаған очерк жарық көрді. Мұның өзі жақсы дәстүр, игілікті іс. Жылма-жыл осылай болып отырса, очерк жанрының марқайып, кемелдене беретіні хақ.

Әр заманның өзіне лайық, әр жылдың деңгейінен ардақты да аяулы жандар даңқы кетіп жатады. 1961 жылы да солай болды. Жетіжылдық жауынгерлерінің сапына әлденеше жүз, әлденеше мың саңлақ қосылды. Осылардың әдеби портретін жасау ең алдымен очеркке парыз. Былтыр Тың өлкесі ауыл шаруашылығының озаттары бас қосқан кеңесте Н. С. Хрущев жолдас былай деген еді: «Әдебиет пен өнер қайраткерлеріне тың жердің еңбеккерлері туралы — Отанымыздың игілігіне қажырлы еңбек етіп жатқан бүгінгі таңдағы тамаша ерлер туралы жақсы кітаптарды, жаңа фильмдерді, пьесаларды, музыка шығармаларын көп туғызу жөнінде тілек білдіргім келеді».

Расын айту керек, Қазақстан қаламгерлері тың ерлерін де, Сыр мен Қыр еңбеккерлерін де очерк кейіпкерлері етті, олардың даңқын асырып, жырға қосты. Өткен жылдың очерктерінен талай-талай малшы мен жүгерішінің, кенші мен құрылысшының есімі, өнегелі ісі аян болды.

1961 жылдың асқан ұлы оқиғасы — Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі. Бұл тарихи съезде партияның жаңа Программасы қабылданды. Сол сияқты былтыр Қазақ республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 40 жылдығы тойланды. Сондықтан да өткен жылғы очерктердің көпшілігі осы елеулі оқиғалармен орайласып жатыр.

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан «Жаңа белесте» атты жинақ партияның XXII съезі құрметіне тарту ретінде шығарылды. Бұл көлемді жинақта республика өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы озаттарының даңқты өмірі мен үздік еңбегі, жетіжылдық жоспарды орындауға қосқан зор үлесі әңгімеленеді. «Жаңа белесте» жинағынан

«Тың қуанышы» деген очерк бірден көзге түседі. Оның авторлары Ұ. Бағаев, О. Смағұлов, Ә. Нұршаихов жолдастар. Осы үш журналист өздерінің очерк желісін өткен жылдың басында Целиноградта Н. С. Хрущев жолдастың қатысуымен өткізілген ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесіне құрады. Н. С. Хрущев жолдастың адамгершілікке толы, өмірді жетік білетін сөздері мен ақыл-кеңестері, еңбек адамдарына деген мейірбан мінезі мен жылы лебізі, сын ескертпелері қуанышының жүрегінде жатталып қалады. Атақты механизатор Михаил Довжик, жүгеріші Қазыбек Жапаров, бақташы Әбдуәли Самайбаев сөйлеген тұста Никита Сергеевичтің даналықпен ұштасқан қарапайымдылығын суреттейтін беттерді қызыға оқитынымыз анық.

Көркем очерктің мақсаты — өмірмен ілесе отырып, дәуір туғызған жаңалықтар мен жақсы адамдарды елге тез таныстыру, сол бір кезеңдегі алып істер мен елеулі оқиғалардың жаршысы болу. Бұл мақсатын ол өмірге батыл араласса ғана, ұлы заманымызға, советтік қоғамымызға тән типтік құбылыстарды дұрыс таба білсе ғана ойдағыдай орындай алады. Бүгінгі күні халқымыз немен шұғылданып жатыр, қандай асулардан асқалы тұр, міне, бұларды очеркист әсте аттап кете алмайды. 1961 жылы Гагарин мен Титовтар шықты. Бұрын олардың таңғажайып ерлігі түгіл, аттарын да ешкім естімеген еді. Оқымысты Наливайко, ерлі-зайыпты Заботиндер де — өткен жылдың шандоздары. Міне, енді бұлар ғибрат аларлық әдеби қаһармандарға айналды. Очеркистердің қырағы көзі енді осыларға түсті, олардың назары енді осыларға қарай ауды. Совет азаматы Юрий Гагарин 1961 жылы 12 апрель күні «Восток» корабліне мініп, космосқа ұшқан еді, адамзат тарихында тұңғыш рет теңдесі жоқ батырлық жасап еді, тура он күн өтісімен «Правда» бетінде сол туралы үлкен очерк шыға келді. Журналистер Н. Денисов пен С. Борзенко «Коммунист Юрий Гагарин — тұңғыш космонавт» деген очерк жариялады.

Өткен жылғы очерк кітаптарына зер салсақ, қазақ жазушылары мен журналистерінің де көркем очерк арқылы замандас тұлғасын жасауға шұғыл бет бұрғанын байқаймыз. Михаил Довжик, Қазыбек Жапаров, Николай Головацкий, Жылқыбай Бейісов, Жолшы Сыздықов, Тәттігүл Досжанова, Керімбек Маманов, Ыбырай Жақаев, Сәлім Жарылқасынов, Әзімхан Шақабаев сияқты жетіжылдықтың шамшырақтарына неше сан очерк арналды. Әдебиет қаһармандары болып отырған өрендердің үздігі СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды. Міне, бұл қалам қайраткерлері өздерінің очерк шығармаларына «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, нағыз ардагерлерді, ердің ерін іздейтінін көрсетеді.

Көркем очеркке образ боларлық адамдар арамызда толып жатыр. Өмірбаяны қызық, көргені мен тоқығаны көп, еңбек жолы әркімді-ақ қызықтыратын ғазиз жандар қай жерден болса да табылады. Бұл арада очерктегі образ жасау тәсілінің өзіндік өзгешелігі бар екенін ескерген жөн. Кейбір зерттеушілердің «образ — көркем шығармаларға ғана тән, ал очеркке нақтылық керек» дегенінің қисыны жоқ. Очерк туындыларында да толыққанды образ жасауға болатынын белгілі очеркист жазушылардың тәжірибесі дәлелдеп отыр. Очеркистің міндеті — «қалай жазбас екенсің» деп тұратын, өмірдің өзі алдыңа тосқандай оқиғалар мен фактілерді, адамдарды іздестіріп, таба білу. Мысалы, Мұқтар Әуезовтың «Жаңа белесте» жинағына кірген «Шаяндағы шешен Керекен» деген очеркін алайық. Мұқанның мұнда суреттел отырғаны Шаян ауданының «Шалдар» совхозындағы атақты шопан Керімбек Маманов.

Шымкенттегі бір үлкен жиналыста Керімбек деген шопанға сөз беріледі, ішінде Мұқаң да болады. Бірақ әлгі кісі сөзге шорқақ екен.

өзінің тәжірибесін жөндеп айтып бере алмайды, ақырында сөзін бітірмей, мінбеден түсіп кетеді. Бірақ Қерекең сөзге шешен болмаса да, іскерім мығым. Ол бүкіл елімізге атағы жайылған шопан. Оның іс-өнегесі М. Әуезовты қатты толғантады. Үлкен жазушымыз енді Керімбектен айрылмайды, сонау алыстағы Желтиместе жатқан Керімбек отарына барады, оның қажырлы еңбегін өз көзімен көріп, біліп қайтады. М. Әуезов Керімбек Мамановтың шешендігін оның ісінен іздейді. «Сөз-сөздің ішіндегі ең шешені, ең бағалысы оның мәні ғой, мазмұны ғой. Қерекең сөзі қорғасындай салмақты сөз. Ол оның бүкіл Қазақстан көлеміне үлгі берердей мыңға тарта қой санын жағалай тоқсан килодан тапсырамын деген серті мен ісінде. Жақында Шаян ауданынан алған хабарымыз бойынша, күзем аяқталғанда Керімбек отары қой басына 6,5 килодан жүн беріпті. Серт те, сөз де, бар шешендік те осында. Бұл шешендік болғанда, өзінше бір стиль десе болғандай! Сөзінің мәні: көптігінде емес, сомдығында. Сөз сұлулығы көркінде емес, сырында. Шопандар ішіндегі бір алуаны Шаянның Керімбегі өзге-өзге емес, кейде ойласақ, жазушылық шеберлік стильге де өз үлгісін берсе не етер! Аз сөзде көп мағна болсашы! Сол ретте, бір себептен, шешендер шешені Шаяндағы Қерекең дерсің!» деп түйеді автор.

«Жаңа белесте» атты жинаққа кірген отыз екі очеркті оқып шыққанда, жетіжылдықтың екінші, үшінші жылында қол жеткен табыстарымыздың сыр-сыпаты, мандайалды адамдарымыздың тұлға-тұрпаты елестейді. Осынау жаңашыл да ізденгіш жандар, Рудный мен Теміртау түлектері, Хамит Сүлейменов сияқты конструктор, Пердебек Ерназаров сияқты қарт жұмысшы, Жолшы Сыздықов сияқты байырғы теміржолшы, Тұрсын Ұшыров сияқты механизатор, Ахметбек Ыбыраев сияқты шопан өзді-өзінің дара тұлғасымен көз алдында тұрады.

Өмірі повесть пен поэмаға, әңгіме мен очеркке барабар еңбек ерлері болады. Солардың бірі Ыбырай Жақаев. Қызылорданың қарт күрішшісі жөнінде қаншама өлең жазылды десеңізші. С. Мұқановтың «Сырдария» романындағы Сырбайдың прототипі де осы Ыбырай ақсақал. Соғыстан кейінгі он бес-он алты жыл ішінде Ыбырай Жақаевқа арналған бірқыдыру очерк бар. Тұғырынан тайып отырған Ыбекең жоқ, жылма-жыл күріштен мол өнім алып келеді. Сондықтан оған оралмайтын жазушы, журналист кемде-кем. Белгілі жазушымыз Асқар Тоқмағамбетов те соңғы кезде Ыбырай Жақаев туралы үлкен очерк жазды. «Ақ күріштің атасы» деген сол очеркті «Жаңа белесте» жинағынан оқыдық.

А. Тоқмағамбетов шығармасынан қарт күрішшінің қимыл-харекеті тағы бір қырынан көрінеді. Мұндағы Ыбырай—жатса-тұрса күріш егісінің қамын ойлайтын, былтыр алған өніміне биыл місе тұтпайтын, ылғи ізденіп, үйреніп жүретін адам. Ыбырайдың көбірек айтатыны: «Күріш—күте білсең, біте білетін дақыл».

Автор Ыбырай Жақаевтың басындағы ізгі қасиеттерді көп жылдардан бері аралас-құралас жүріп, жақынырақ байқай алған. Еңбекшіл, адал, ақжарқын, жаңалыққа жаны құмар осынау қарияны жазушымен бірге біз де ұнатып кеттік. Асқардың суреттеуінде Ыбырай—ғалым күрішші. Ол күріш егісінің агротехникасын бес саусағындай біледі. Өнебойы еңбек үстінде көрсете бермей, автор бір сәт оның үй ішінен, ойларынан, депутаттық, қоғамдық қызметінен елес береді.

Бұл шығарманы оқығанда колхозшыларға картоп пен капустаны көп егіндер деп әрдайым ескертіп отыратын, «қала салу—қора соғу емес, ең алдымен іркіс-тіркіс үй мен ирек көшеден құтылайық, қамыс шардақ пен шенгел көшені тазартайық» деп ақыл айтатын, үйіне келсе, баласы Сейітбектің қалай оқып келгенін сұрап, біліп отыратын, оған кітап оқытып, «ақындардың өлеңі болса, оқып жібер, әндетіп оқы, ырғағына келтіріп соқ» дейтін, «жаратылыс жағаласып, жеңіп алмасаң өздігінен келіп қолына түсе бермейді, өзін Мичуриннің кітабын оқымапсың ғой»

деп жымып күліп қоятын даңқты дикан бейнесі сүйкімді-ақ. Бұрын Қызылорда облысының қарасын көрмеген, күріштің не екенін білмеген. Ыбырай Жақаевтың атын естігені болмаса, оны көрмеген адамның өзі осы очерктен көп мағлұмат, рухани азық алады. Асқар Тоқмағамбетов күріш дақылын, «ақ күріштің атасын» сүйсіне жазады. Күріштің қасиетіне, Сыр диканына арнаған акынның өз өлеңі очеркпен әдемі қиысып, оған ажар беріп тұр.

Сырбай Мәуленовтың «Жұлдызды қыз» очеркі публицистикалық сарынмен астасып жатады. Автор біздің замандасымыз — Социалистік Еңбек Ері Дәмелі Жақсылықоваға сөз арнай, толғана сөйлейді. «Қарындасым, Дәмелі» деп басталатын жолдар жүрекке жылы тиеді, сезімге әсер етеді. Мұнда етекпен тартқан ескіліктің белінен бір басқан бүгінгі қазақ қызының асыл мінезін, ескі мен жаңаның күресін, еңбек зейнетін білдіретін көріністер көп. Қарапайым қазақ қызының тәжірибелі шошқашы болып кете қоюы бірден оңайлыққа түскен жоқ. Не бір кедергілер, ренішті күндер мен түндер Дәмелінің есінде. Оның жазушыға айтқан әңгімесінде шын сыр бар. Әуелі өзі де жүрексініп, қобалжып, қорқа соғып осы бір «қарам хайуанды» қалай бағарын білмегені, ескі салт-санаға байланған анасының шошқа десе аза бойы тік тұрып, қызынан теріс айналуы, ұшқалақ жора-жолдастарының кекесін-мазағы, — міне осының бәрі нанымды, бәрі шындық. Тек бар айыбы, шығармада Дәмелінің жалғыз өзі ғана алынған, оның еңбектес достары, коллектив күші қағажу қалады.

«Өмір шежіресі» деген очеркінде Хамит Ерғалиев Гурьевтің қадірменді қойшысы Сақан Дәулетқалиевтің мінез-бітімін оның әкесінің айтқан әңгімесі арқылы ашады. Бүгінгі қойшы мен кешегі қойшы тіршілігінің философиясы шертіледі мұнда. Қойшы деген сөздің мәні өзгергенін, қойшының совет заманында құрметті адам болғанын Х. Ерғалиев көркем образбен өрнектейді. Мәселен, Сақан сияқты шопанның мәртебесі биік. Оны қойшыдан гөрі ғалым дерсің. Ол — тілші, саясатшы, әнші, депутат, қоғам қайраткері.

Өткен жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған очерктердің ішінде Ғабдол Слановтың «Қарқара жерінде», Алексей Брагиннің «Адам мен өзен» деген очерктері тәуір. Ғабдол Слановтың очеркі партияның XXII съезі қарсаңында жазылған. Жазушы Алматы облысы Кеген ауданының совхоздары мен колхоздарында болып, ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерін қозғайды, бүгінгі еңбеккерлердің үлгілі ісі мен абзал мұратын бағдарлайды. «Мен Қарқара совхозында бір қауым уақыт болдым. Ашық күндерін де, жауын-шашын күндерін де совхоз жұртымен бірге өткіздім. Қарқараның талай жігітімен бірге жүріп, жайлау, күзеу аталған қоныстарын түгел араладым» дейді автор. Ғ. Сланов Қарқара жеріндегі егін жинау тұсын қызақты әңгімелейді. Кейіпкерлерін еңбек үстінде көрсетеді де, кездескен қиыншылықтарды жол-жөнекей айта отырады. Қаймерден, Сәрсенқұл, Күләш сияқты геройларының өресі биік, ойлары жүйрік.

Еліміздің көрнекті энергетиктерінің бірі М. В. Инюшиннің әдеби кескіні — А. Брагин шығармасының желісі. «Адам мен өзен» деп аталатын бұл очерк — өзіне бұрын тосын тақырыпты жазушының сарсыла зерттеуінің нәтижесі. Осы тұста очеркістің жанжақты ой-өрісі, көптеген ғылыми еңбектерге үңілгені сезіледі. Өзінің инженерлік адымын бір кезде Свирь станциясын салудан бастаған, кейін Ертістегі алып құрылыстарға қатысқан, қазіргі Бұқтарма су электр станциясының бастығы, Социалистік Еңбек Ері Михаил Васильевич Инюшиннің сан-салалы қызметі тартымды беріледі.

Жазушы Сәуірбек Бақбергенов өткен жылы «Алтынемелден асқанда» деген жаңа очерк кітабын ұсынды. Мұнда өз замандастарымызға, ауыл шаруашылығының шақшырақтарына тағы жолығамыз. С. Бақбер-

геновтың кітабын оқығанда Отанымыздың данғайыр жүгерішісі Евгения Долинюктің «Жалғыз біз бе екен жүгері өсіретін, журналистер де жүгері өсіреді» деген сөзі еске түседі. Асылы, жүгері жайлы жыр толғап, жүгерішілер атағын жұртшылыққа мол таныстырып жатқан қаламгерлердің еңбегі мұндай зор бағаға лайық сияқты. Панфилов ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының С. Бақбергенов қаламына іліккен жүгерішілері Мәриям Ниязованың, Осман Маметовтың, Тұран Құрманғалиеваның, Дәнеш Рақышевтың жұмыс өнегесінен очерк түгіл, повесть жазсаң да артық емес. Бұл кітаптағы басты тұлға — колхоз председателі Николай Никитич Головацкий. Ол жүгерінің қамқоршысы, насихатшысы, жүгерішілердің досы, ақылшысы болып бейнеленген. Кітапта айшықты сурет, әдемі сөз кестесі бар.

С. Бақбергеновтың өткен жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Секретарь» деген очеркі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам аудандық партия комитетінің бірінші секретары, КПСС XXII съезінің делегаты Ә. Байжановтың ел басқару, ұйымдастыру өнерін көрсетуге арналған. Сөз арасында айта кету керек, өткен жылы Юрий Ильяшенко да партия қызметкері Ф. Моргун туралы «Үлкен өмір» («Простор» журналы № 7) деген тәп-тәуір очерк жазды.

Жақсы кітаптардың бірі—Медеу Сәрсекеевтің «Жетіжылдықтың жігіттері» деген очерктер жинағы. Жас очеркистің бір артықшылығы мынада, ол өзінің кейіпкерлерімен, бүгінгі еңбек адамдарымен бірге жүр, ол инженер-геолог. М. Сәрсекеевтің Семей цемент зауытынан, Жезқазған комбинатынан, Ақбастау геологиялық зерттеу партиясынан жазған бір топ очеркі өмірді білетіндігімен, адамдардың мінездерін даралауымен құнды. Өткен жыл туындыларынан Ж. Жұмақановтың «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған «Абысындар», Ә. Омарбаевтың «Советтік Қарағанды» газетінде басылған «Балқаш батыры», Т. Кәкімовтың «Коммунизм таңы» газетінде басылған «Москва — Бозтоған» деген очерктерін жұртшылық жақсы қабылдады.

Көркем очеркте замандас тұлғасын шынайы шығару—үлкен өнер. Бұл жерде автордың жадағай суретімен, адамдардың атын, лауазымын тізбектеумен, жұмыс көрсеткішін сылдыр баяндаумен іс бітпейді. Ең алдымен еңбек озаттарының көңіл күйін, ой сандығын ашу керек, олардың рухани дүниесіне бойлау керек. Очеркист кім туралы жазсын, мейлі ол металлург, шахтер, мейлі қызылшашы, малшы бола ма, бәрібір адамды адам күйінде алу керек, оның жақсы қасиеттерін де, жансақ басқан қадамын да шынайы қалпында бейнелеген жөн. Жеке адамның тағдыры әлеуметтік түйінге көтерілсе, халық мүддесімен, мемлекет мүддесімен ұштасып жатса құба-құп. Зейнолла Қабдоловтың былтыр «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Жамал» деген очеркі адам жанын ұғу, кейіпкердің күйініш-сүйінішін нәзік сезу үстінде туған. Соғыста күйеуі өліп, жесір қалған мұнайшы әйел тағдыры, оның еңбек қуанышы, балаларының қызығы дербес характер жасайды.

Жасыратыны жоқ, біздегі бірсыпыра очерк нұсқалары өмірдің бетінен қалқып жүреді, атүсті әңгімеден, аз-кем бағдарлаудан әрі бармайды. Еңбек адамын көрсетудің орнына, очеркист тау-тасты, сай-саланы қызықтап кетеді, жолшыбайғы көргендері мен ішкен-жеген тамағын әңгімелей береді. Қазақстан журналистерінің жақында болып өткен екінші съезінде жазушы Асқар Тоқмағамбетов редакциялардың очеркке қатаң талап қоймайтынын айтты. Қайсыбір дүниеліктер ақпар-мәліметтер негізінде туады. Өмірді өз бояуымен емес, сөз бояуымен көрсететін очеркистер бар. Артта қалған шаруашылықтарды жер-көкке сиғызбай мақтап жазатындарды қайтерсің.

Нығмет Ғабдуллиннің «Өмір күйі» жинағында «Кеншілер», «Құрылысшының әңгімесі», «Бақташының баласы» сияқты әсер беретін, еліктіріп, әкететін очерктер жоқ емес. Бірақ осындағы бірқатар шығарма-

да бүгінгіден гөрі әрегірек оқиғаларды қазбалау, геройлардың бұдан отыз-қырық жыл бұрынғы өмір елестерінен айналсоқтап шықпау тәріздес олқылықтар ұшырайды. Мысалы, оның «Жылдар сыры» деген очеркін алыңыз. Соңғы бір-екі абзацтан басқасының бәрі (кітаптың тұтас он беті) азамат соғысы дәуіріндегі, колхоздастыру кезеңіндегі эпизодтар. Ал көркем очерктің міндеті — кәзіргі өмірді, бүгінгі замандастарымызды суреттеу екенін автор ескермеген.

Кейде біздің очеркистер еңбек адамдарының өсу жолын сатылап, нанымды түрде көрсете алмайды. Оларды оп-оңай табысқа жеткізе қояды. «Жұлдыз» журналында (№ 12, 1961 жыл) басылған Қ. Қаюповтың «Жүрек әмірі» деген очеркі тап осындай. Мұнда Әлиакпардың аяқ астынан шопандыққа баруы, арада үш ай өтпей жатып, ағыл-тегіл табысқа жетуі оқушыны иландырмайды.

Очерк жазудағы бірсарындылықтан әлі күнге арылған жоқпыз. Көп очерк «машинамен зулатып келеміз», «жанымда колхоз председателі бар», «егін даласын аралап жүрміз», «дастархан үстінде әңгімелесіп отырмыз» деп басталады. Сондықтан да очерктердің көбісі бір-бірімен егіз қозыдай ұқсас. Мәселен, «Жаңа белесте» жинағына енген екі очеркті салыстырып қарайық. Т. Бердияровтың «Дала сұлу малменен» деген очеркі былай басталады екен:

«Мидай жазық дала...

Біз мінген вездеход (?) машинасы таспадай жолмен зымырап келеді. Машина соңында қар ұшқындары ирең-ирең етіп, жол сыпырып қалып жатты. Алдымыздан екілене соққан суық жел басымызды тон ішіне сүңгітіп, жағамызды еріксіз көтерткізді» (322-бет).

Ал Б. Тәжібаевтың «Туған ауыл хикаясы» деген очеркінің басталуы да осылай.

«Дала! Дала — Кең дала!..

Машина тынбастан жүйткіп келеді. Сол жағымызда айнадай жалтыраған Жем өзенінің ақ қайраң-жағалауы анда-санда ағараңдай түсіп қалып қояды. Қалың шағылдың жиегінде шалбар балағындай (?) созылып жатқан осынау даңғыл жол бейне теңіздей толқыған қалың бидайыққа алып кірді» (375-бет).

Бұдан әрі Т. Бердияров:

«Арқамызды бортқа беріп, кузовта бір топ жолаушы отырмыз. Менімен жанайлас отырған қаракөл жағалы, қынама бел, ұзын қара тонды, сары жігіт — «Темір» қой совхозының бас зоотехнигі, коммунист Айтуар Есілбеков еді» деп жазса; Б. Тәжібаев:

«Машина үстінде шофер бала Сәтібайдан басқа төрт адам бар. Шофер жанында отырған орта бойлы, қызыл шырайлы жас жігіт колхоз партия ұйымының секретары Мұқашев Аманш, артқы тұста маған таяу орналасқан қарақат көз, қараторы қыз аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Баймағамбетова Қарлыға, оған жалғас ауылдық дәрігер қызметіндегі, ұяң мінез Мұратбаева Үзіл қарындас» дел жазады.

Біраздан кейін Т. Бердияров та, Б. Тәжібаев та іздеп барған шопандарына жолығады. Ол да, бұл да қанша қой бағасыз, малыңыз қалай, тәжірибеңізді айтып жіберіңіз деген сауалдар қояды. Содан соң қысқа-қысқа қайырған шопандардың жауабы келтіріледі. Т. Бердияров очеркінен ендігі бір байқағанымыз, ол тіптен жазуға тұрмайтын, ұсақ-түйек көріністерді тізуге құмар екен. «Мына жаппалар дені сау, семіз қойдың жаппасы, — деп кесіп жауап қайырды тәжірибелі шопан». «Бүлік—бүлік қайнаған қазан ашыққан қарынға әзірше медеу болғандай. Шамасы жас етке қазы қосып, асқан-ау. Иісі тым сүйкімді шіркіннің», «Ірі-ірі жылтыр, түсі сарғыш жаңа құмалақтар қойдың майлы ішегінен шыққан тәрізді», «Мана біз жолда машинамен келе жатып, осы кісінің мұржасынан көз айырмадық. Аспанға жалқаулана көтерілген көк түтінге жеткенше асықтық» (325—328-бетте).

Әдебиеттің басқа жанрлары сияқты, очеркте де табиғат көрінісі, портрет, диалог, кейіпкерлердің сөзі, яғни суреттеу құралдарының барлығы образды ажарландыруға, күшейтуге жаратылуы тиіс. Бізде тілі үйрімді, қалам шеберлігінен туған очерктер жоқ емес. Айталық, Ғали Ормановтың «Жүрек» деген очеркінде ұтымды теңеулер, қонымды метафоралар көп. «Қырсау тартқан көне ой үлкен түйінге бармағанмен, өресі жетер жерден жаңылған жоқ». «Салт жүріске сырт буын тартқан қарт, жігіттердің саусылдаған сылаң жүрісіне әрең ілесті. Тек тау сілеміне ілініп, қалың қарда жол жалғыз аяқтаған соң барып, бәрі де аянмен, шұбала тартты. Таудың солтүстікке төгілген ақ қарлы қырқалары төңкерген астаудай көрінеді де, теріскей қабақтарына орай-орай көшкіндер тұрыпты. Аттылар соны жүлгелей жүріп, күнгедейге де жетті» деген суреттеме оқушы жүрегіне жол табады.

Ал Қалмұқан Исабаевтың «Жүрек сөзі» деген очеркінің көркемдігі шамалы, қайта оның есесіне жадау мақала әуені басым. «Оған қоса партия мен үкіметтің Қазақстан тыңындағы шаруашылықтардың арзан ет өндіруге мүмкіндіктері мол екендігі туралы ескертпесі де оның ойын бөле берді», «Шолақсандық» совхозының егіншілері мен механизаторлары партияның шақыруына үн қоса отырып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Осы міндеттемелерге қарағанда, шаруашылықта еселеп өспейтін сала болмайтын сияқты. Оның ішінде малазығындық маңызы зор жүгерінің көлемі өткен жылдан анағұрлым көбейетін болады» деген тіркестер сынымызға дәлел.

Очеркті ертеден жазып келе жатқан біздің аға жазушылардың өзінде тіл, стиль мүкістігі, сөз, пікір қайталаулары табылып қалады. Мәселен, Ғ. Сланов жоғарыда айтқан «Қарқара жерінде» деген очеркінде «ала құйын», «ақ түтек», «ауыл ауқымы», «көк балақ» деген сөздерді талғаусыз қолдана берген. Бір ғана мысал келтірейік. «Әлі де көк балақ қалпында орылмай тұрған тыңымыздың егіні бар», «Көк балақ күйінде асығыс орылған егіннің сабағы жүгері сүрлемінен кем де емес», «Әйтсе де әлі тегіс піспеген көк балақ екен», «Егінің біразы әлі көк балақ көрінеді», «Өзіңіз көрдіңіз ғой, сол арпамыз сентябрьдің аяғында әлі көк балақ», «Қар жауғанда әлі көк балақ боп тұрған егіннің кезі жетпей орылғанын өз көзімізбен көрдік» деген сөйлемдерді журналдың бір бетінен-ақ кездестірдік.

А. Тоқмағамбетов «Ақ күріштің атасы» деген шығармасында перифраз жасау әдісін ескермей, қатарынан он-он бес абзацты «Ыбекең» деген сөзден бастап отырады. Мұнысы оқуға өте ауыр. Ал жас талап М. Мырзақұлов «әспеттеу», «әмісе», «ажырымдалды» деген түсініксіз диалект сөздерді жиі қолданады.

Кейіпкерлерді сөйлету, олардың өзіне тән сөздерін беру жағынан шеберлік жетімсіз. Кейде кейіпкерлердің сөзінен автор сөзін ажырату қиын. Мысалы, «Жастар жетіжылдық асуында» деген жинаққа кірген, Ш. Мұртазаевтың «Мұрагер ұрпақ» деген очеркінде тоқсан жастағы Нұрмахан очерк авторының тілімен сөйлейді.

Бір кезде очерк аз деуші едік, енді очерк көбейді. Бірақ баспа жүзін көріп жүрген очерктердің сапасы әлі төмен. Тіпті, 1961 жылы «Лениншіл жас», «Коммунизм таңы» газеттерінің конкурсына түскен очерктердің өзі көңілден шықпады. Ал, «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Проспект» журналдарында очерк жанрының талапқа сай емес екенін Қазақстан Коммунистік партиясының XI съезі атап көрсетті. Ендеше, жаңа адамның — коммунизм адамының өргелең өмір жолын, асқақ арманқиялын, парасатты мінезін кескіндеу, халқымыздың КПСС XXII съезі шешімдерін орындау жолындағы қажырлы күресін жедел де шебер бейнелеу очерктің алдында тұрған келелі міндет екені түсінікті.

Лекция және консультация

Кәзіргі заманның негізгі мазмұны

Ш. ТАСТАНОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Программада кәзіргі заманның негізгі мазмұнына маркстік-лениндік тұрғыдан айқын анықтама берілді. «Капитализмнен социализмге өту өзінің негізгі мазмұны болып отырған кәзіргі заман,— делінген Программада,— бір-біріне қарама-қарсы екі қоғамдық системаның арасындағы күрес заманы, социалистік және ұлт-азаттық революциялар заманы, империализмді күйретіп, отаршылдық системаны жою заманы, жаңа халықтардың социализм жолына өту заманы, социализм мен коммунизмнің бүкіл дүниежүзілік көлемде салтанат құру заманы. Кәзіргі заман төрінде халықаралық жұмысшы табы және оның бел баласы — социализмнің дүниежүзілік системасы тұр».

Социализмнің дүниежүзілік системасы — кәзіргі заманның негізгі ерекшеліктері мен белгілерінің бірі. Социалистік система дүниежүзілік дамудың бүкіл барысына барған сайын күшті ықпал жасап келеді.

Социализм системасына Европа мен Азияның бірқатар елдері кіреді. Бұл аса қуатты лагерьдің ту ұстаушысы болып отырған Совет Одағы өз елінде коммунистік құрылыс міндеттерін орындауға белсене кірісті. Ал халық демократиясы елдері социализм орнату жолына түсті. Сондай-ақ Югославия да социализм жолына ойысты. Бірақ оның басшылары ревизияшыл бағыт ұстап, Югославияны социалистік лагерьге, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы қойып отыр.

Социализм системасына кіретін елдердің Совет Одағынан басқасында қоғамның саяси ұйымының жаңа түрі — халықтық демократия пайда болды. Бұл пролетариат диктатурасының бір түрі болып саналады.

Партияның Программасында атап көрсетілгеніндей, социализмнің дүниежүзілік системасы — социализм — коммунизм жолында алға басып келе жатқан, ортақ мүдделер мен мақсаттардың бірлігі, халықаралық социалистік ынтымақтың тығыз байланысы негізінде біріккен еркін, азат халықтардың әлеуметтік, экономикалық және саяси одағы.

Социалистік елдердің ынтымақ-бірлігі мынаған негізделген: бір тұрпатты экономикалық негіз — өндіріс құрал-жабдығына қоғамдық меншік; бір тұрпатты мемлекеттік құрылыс — жұмысшы табы бастаған халық өкіметі; біртұтас идеология — марксизм-ленинизм идеологиясы; біртұтас ұлы мақсат — коммунизмге жету мақсаты. Социалистік мемлекеттердің маркстік-лениндік партиялары өздерінің саясатында әрбір елдің нақты ерекшеліктерін ескере отырып, социалистік құрылыстың жалпы заңдылықтарына сүйенеді. Олар қоғамның социалистік негіздегі әр түрлі саяси және экономикалық ұйымдарын құру үстінде жинақталған тәжірибемен бірін бірі байытады. Бұл тәжірибе — халықаралық коммунистік қозғалысқа қосылған аса құнды үлес.

Экономика саласында ынтымақтаса отырып, социализм елдері шаруашылықтың капиталистік системасынан мүлде өзгеше, оған қарама-қарсы шаруашылық системасын құрды. Шаруашылықтың дүниежүзілік социалистік системасы — болашақтағы шаруашылықтың біртұтас дү-

ниежүзілік системасының алғашқы нышаны. Социализмнің дүниежүзілік системасына тән объективті заңдылықтар, социалистік қоғамның өндіргіш күштерінің дамуы, социалистік елдер халықтарының өмірлік мүдделері жеке ұлттық шаруашылықтардың барған сайын жақындаса түсуіне жағдай жасайды. В. И. Ленин көрегендікпен айтқандай, келешекте еңбекшілер біртұтас жоспар бойынша басқарып отыратын дүниежүзілік коммунистік шаруашылық құру бағыты өрістеп келеді.

Бір жағынан, шаруашылықтың капиталистік системасының үдей ыдырап, дағдарысқа ұшырауы, екінші жағынан, шаруашылықтың социалистік системасының үздіксіз дамып, нығаюы бұлардың арасындағы күштердің арасалмағын түбірінен өзгертеді. Әрбір социалистік ел экономикасының өсуі, жаңа қоғамдық құрылыстың нығайып, дамуында олардың зор табысқа жетуі дүниежүзілік социалистік системаны күшейте түседі. Бейбіт экономикалық жарыста социализмнің дүниежүзілік системасы ең алдымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, сонан соң өнімнің жан басына келетін мөлшері жөнінен капитализмнің дүниежүзілік системасын басып озады. Бұған мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Соңғы үш жыл (1958—1960 жыл) ішінде социализм елдерінде өнеркәсіп өнімінің орташа жылдық өсу қарқыны 15,2 процент болса, капитализм елдерінде—4,2 процентке әрең жетті.

Совет Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы экономикалық жарыстан мынаны көруге болады. Өнеркәсіптің қара металлургия, құрылыс индустриясы сияқты өзекті салалары жөнінен Совет Одағы Американы өкшелеп келеді. 1961 жылы еліміз Америкада өндірілген болаттың шамамен бестен төртін, цементтің—оннан тоғызын өндірді, ал құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі жөнінен Американың дәрежесіне жетті. 1970 жылы Совет Одағы Американы барлық көрсеткіштер жөнінен қуып жетіп, басып озады. Мұны достарымыз түгіл жауларымыздың өзі де мойындап отыр.

Социализм системасына кіретін елдер социалистік даму жолына түскен кезде олардың экономикасы мен мәдениетінің өсу дәрежесі әрқелкі болды. Осыған байланысты олардың бәрі бірдей социализмді бір мезгілде орнатып, коммунизм құрылысын кең өрістетуге бір мезгілде кірісе алмайды. Алайда, социалистік елдердің ынтымақ-бірлігі мен өзара көмегі, социализмнің заңдылықтары мен артықшылықтары барлық социалистік мемлекеттің социализм құрылысын жеделдетуге жағдай жасап, олардың коммунизмге азды-көпті бір тарихи дәуір ішінде өтуіне мүмкіндік туғызады.

Шаруашылық пен мәдениеттің даму дәрежесі арасындағы алшақтықты жою, бұрын артта қалған елдердің экономикасын жедел көтеру арқылы социалистік елдердің жалпы даму дәрежесін теңестіру негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Әрбір ел өзінің ішкі қорлары мен мүмкіндіктерін жете пайдаланып, халық шаруашылығына басшылық етудің түрлері мен әдістерін жетілдіре түскен жағдайда ғана бұл міндет ойдағыдай орындалады. Социалистік елдердің ынтымақтасып, өзара көмек көрсетуі, олардың әрқайсысының өндіргіш күштерді үздік өсіру үшін ішкі қорларды тиімді пайдалануына, сөйтіп өз экономикасы мен мәдениетін жедел көтеруіне мүмкіндік береді. Мәселен, Совет Одағы социалистік мемлекеттің бәріне риясыз көмек көрсетіп келеді. Соғыстан кейінгі жылдары олар жеңілдік шарттармен 7,8 миллиард сом несие ақша алды. Совет Одағының техникалық көмегімен 620-дан астам ірі өнеркәсіп орны, 190 жеке цех салынып жатыр. Ал бұл туысқан елдер, өз тарапынан, Совет Одағына өнеркәсіп өнімін, өзге де көптеген товар беріп келеді.

Социализм елдерінің туысқандық ынтымақ-байланысының күшеюі нәтижесінде еңбектің халықаралық бөлінісінің жаңа типі қалыптасып келеді. Бұл капитализм тұсындағы еңбектің халықаралық бөлінісінен мүлде өзгеше. Капиталистік ірі мемлекеттер экономикалық жағынан

артта қалған елдерді өздерінің аграрлық-шикізат қорына айналдыратын болса, еңбектің халықаралық социалистік бөлінісі ең жаңа техниканы қолдану, үйлесімді әрі тиімді халық шаруашылығы бірлестігінің негізінде жалпы еңбек өнімділігін мықтап арттырады.

Дүниежүзілік социалистік системаның ішіндегі мемлекет аралық қатынастың негізгі белгілері қандай? Олар мыналар: толық тең правосылық, тәуелсіздік пен суверенитетті құрметтеу, достық өзара көмек. Социализмнің дүниежүзілік системасы — социалистік елдердің жай ғана одағы емес, әлеуметтік, саяси және экономикалық одағы. Әрине, капиталистік елдердің арасында да «одақ» бар. Бірақ ол іштей үрейлендіріп, күдік туғызатын, кейде тіпті ашықтан-ашық шайқасып отыратын баянсыз «одақ».

Жоспарлы социалистік экономика өндіргіш күштердің өркендеуіне, ғылыми-техникалық прогреске көлденең тұратын капитализмге тән кедергілерді білмейді. Тек социализм тұсында өндіргіш күштер мықтап дамиды. Мұны Совет Одағының бүгінгі өмір шындығы айқын көрсетіп отыр. Мәселен, аспан әлеміне совет адамы дүние жүзінде тұңғыш сапар шегіп, теңдесі жоқ ерлік жасады; аса ұлы ғылыми-техникалық революция жүзеге асырылды.

Социалистік мемлекеттер халық шаруашылығына күрделі қаржыны барған сайын көп бөлуде. Өйткені, оларда өндіргіш күштер шашырап жатпайды; масыл қанаушы таптар жоқ; халықтың сатып алу және тұтыну қабілеті үздіксіз өсіп отырады; пайдалы кендердің қоры молая береді; жұмыссыздық мүлде жойылған, материалдық игілікті өндірушілердің саны көбейе түседі.

Осыған орай партия Программасында былай делінген: «Европа мен Азияның орасан зор кеңістігінде азат халықтардың қаһармандық еңбегімен орнатылып жатқан жаңа дүниенің зәулім сарайы — жаңа қоғамның, бүкіл адамзат келешегінің үлгісі».

* * *

Қазір дүниежүзілік капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі өріс алды. Капитализмнің жалпы дағдарысының мән-жайын ашып көрсете отырып, партия Программасы күні еңкейіп, апатқа ұшырау дәуіріне аяқ басқан кәзіргі заманғы капитализмнің қайшылықтарына терең талдау жасады.

Дүниежүзілік бірінші соғыс және Октябрь революциясы капитализмнің жалпы дағдарысын бастап берді. Ал дүниежүзілік екінші соғыстың, Европа мен Азияның бірсыпыра елдерінде болған социалистік революциялардың барысында капитализмнің жалпы дағдарысының екінші кезеңі басталды. Қазір дүниежүзілік капитализм осы дағдарыстың жаңа, үшінші кезеңіне аяқ басты. Бұл жаңа кезеңнің аса маңызды ерекшелігі сол — ол дүниежүзілік соғысқа байланыссыз өріс алды.

Қазіргі заманда мемлекеттік-монополиялық капитализмнің бүкіл экономикалық және мемлекеттік құрылысы, саясаты мен идеологиясы тұтас іріп-шіріп, ыдырап барады. Мемлекеттік-монополиялық капитализм монополиялардың күшін мемлекеттің күшімен біріктіріп, капиталистік құрылысты апаттан құтқарып қалу, монополиялардың үстемдігін мәңгі сақтау, жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық күресті жаншып, тұншықтыру, озбырлық соғыс бастау мақсатына пайдаланады. Өндірісті капиталистік тәсілмен онан әрі қоғамдастыра отырып, мемлекеттік-монополиялық капитализм капитализмнің негізгі қайшылықтарын, өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жекеменшіктік капиталистік тәсілінің арасындағы, бір топ үркердей монополиялар мен ұлттың басым көпшілігі арасындағы дау-жанжалды барған сайын өршіте түседі. Монополиялар өз елдерінің, отар және тәуелді елдердің байлығын зорлықпен иемденіп алды. Қазір дүниежүзілік капиталистік өндірістің үштен біріне жуығы 200-дей ірі монополияның қолына жинақталған.

Мемлекеттік-монополиялық капитализм экономиканы да, мемлекеттік құрылысты да дағдарыс тұйығына әкеліп тіреді. Мемлекеттік-монополиялық капитализм тұсында бүкіл шаруашылық өмір шегіне жете бюрократтандырылады, еңбекшілер аяусыз қаналады, ішкі және сыртқы саясат барынша реакцияшыл сипат алады. «Жаңа экономиканың, монополиялық капитализмнің (империализм дегеніміз монополиялық капитализм) саяси қондырмасы — демократия жағынан саяси реакция жағына қарай бет бұру. Еркін бәсекеге демократия сай келеді. Монополияға саяси реакция сай келеді» (В. И. Ленин, Шығармалар, 23-том, 34-бет). Лениннің осы айтқандарын өмір дәлелдеп отыр.

Қазіргі заманғы капитализм рынок мәселесін мейлінше шиеленістіріп жіберді. Бұл тұйықтан шығуға империализм дәрменсіз болып қалды. Өйткені, еңбекшілердің сатып алу қабілеті өндірістің өсу қарқынынан үнемі артта қалып келеді. Сонымен қатар капитализм әлсіз елдердің өз индустриясын өркендетуіне бөгет болып отыр. Дүниежүзілік капиталистік рыноктың шеңбері тарылып барады. Оны қисапсыз көп таможнялық бөгеттер мен көлденең тосқауылдар тілгілеп тастаған, ол томағатұйық валюта-финанс аймақтарына бөлшектелген.

Империализм лагерінде өнім өткізетін рыноктер, капитал орналасатынын аймақтар үшін, шикізат қорлары үшін бәсеке күресі мейлінше шиеленісті. Мәселен, Солтүстік Атлантика соғыс одағына кіретін елдер арасындағы бақастық жайлы сол одақтың ресми органы «Ревю милитер журналъ» былай деп жазады: Капиталистік «дүниенің күреске деген ерік-жігерін әлсірететін шын мәнінде бар қайшылықтарды жоққа шығару бекер болар еді. Бұл қайшылықтар экономика, финанс саласында, валюта системасында, ғылым, әлеумет, соғыс, этника және рухани мәселелерде көрінуде — бір сөзбен айтқанда, бұл қайшылықтар бүкіл саяси өмірге тарауда».

Мемлекеттік-монополиялық капитализм милитаризмді мықтап күшейтуде. Империалистік мемлекеттер бейбіт күндердің өзінде де орасан зор армия ұстап келеді. Соғыс шығындары мемлекеттік бюджеттің орасан көп бөлегін жалмап-жұтып жатыр. Империалистік мемлекеттер милитаристік, әскери-полицейлік мемлекеттерге айналуда.

Милитаризм монополиялық буржуазияның жеке топтарын байыта отырып, салық ауыртпалығынан, үдей өсіп отыратын инфляция мен қымбатшылықтан зар илеген ұлттарды аздырып-тоздырып, халықты күйзелтіп жіберді. Бір ұрпақтың өмірі бойында империалистер адамзатты екі дүркін жойқын соғысқа душар етті.

Империализмнің экономикалық, ал онан соң саяси және әскери орталығы Европадан Америка Құрама Штаттарына ауысты. Дүниежүзілік екі соғыс кезінде адам қанына семіріп, торсып байыған американ монополистері капиталистік дүниенің негізгі байлығын қолына қаратып алды, отарлық империя құрды, сөйтіп ең ірі дүниежүзілік қанаушыға айналды. Ол демократияның жалған жалауын жамылып, реакцияшыл диктаторлық тәртіптер орнатуда, іріп-шіріген монархияны қолдап, демократиялық қозғалысқа, тәуелсіздік жолында күресіп жатқан халықтарға қарсы шығып, іс жүзінде дүниежүзілік қанішердің міндетін атқаруда.

Америка Құрама Штаттарының монополиялық буржуазиясы — халықаралық реакцияның басты тірегі. Ол өзін дүниежүзілік капитализмді «құтқарушы» ретінде көрсетті. Бірақ Америка империалистерінің арам пиғылы іске аспайтынын өмір көрсетіп отыр. Оның дүниежүзілік капиталистік өндірістегі үлес салмағы үздіксіз төмен құлдырап барады. Великобритания, Франция, Батыс Германия, Жапония да өздерінің бұрынғы күш-қуатынан айрылды.

Америка Құрама Штаттары қалай бұлқынғанымен капитализмді апаттан құтқара алмайды. Өйткені социализм мен империализм арасындағы қайшылық — капитализмді жегідей жеп, тұқыртып отырған бітіс-

дес қайшылықтарды жоя алмайды. Мұның үстіне капиталистік мемлекеттердің арасындағы ішкі қайшылықтар да тереңдей түсуде.

Кәзіргі заманғы капитализм — бүкіл адамзаттың қас жауы. Ол бір кезде өздері жер-көкке сыйғызбай мадақтаған буржуазиялық-демократиялық бостандықтарға тыйым салып, фашизмді жандандыра түсуде. Империализм идеологтарының қақсай беретін «азат дүниесі» басқа айтылған жарапазан ғана. Монополиялық капиталдың диктатурасы — азшылықтың көпшілікке жүргізетін диктатурасы. Империалистік дүниенің бостандығы дегеніміз жұмысшы табы мен шаруаларды қанау бостандығы.

Сонымен, — делінген партияның жаңа Программасында, — терең және шиеленіскен қайшылықтар дүниежүзілік империалистік системаны жегідей жеп отыр. Еңбек пен капитал арасындағы, халықтар мен монополиялар арасындағы бітіспес қайшылықтар, милитаризмнің өсуі, отаршылдық системаның ыдырауы, империалистік елдер арасындағы қайшылықтар, ұлттық жас мемлекеттер мен отаршыл ескі державалар арасындағы дау-жанжалдар мен қайшылықтар, ең бастысы — дүниежүзілік социализмнің қарыштап өсуі — империализмнің тұғырын шайқалтып, қиратуда, оның әлсіреп, құрып кетуіне әкеліп соғуда.

* * *

Кәзіргі уақытта жұмысшы табының халықаралық революциялық қозғалысы кең өріс алып, зор жеңіске жетті. Бұл қозғалыстың ең басты табысы — дүниежүзілік социалистік система. Ол бүкіл әлем өміріне ықпал жасап отыр.

Капитализм елдерінде социализмнің жеңісін қамтамасыз ететін әлеуметтік күштер өсіп-жетілуде. Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде жұмысшы қозғалысы етек жайды. Маркстік-лениндік партиялар құрылып, нығайды. Олар ең беделді ұлттық күшке айналып келеді.

Капитал елдерінде таптық шайқас күшейе түсті. Буржуазия революциялық қозғалысқа бөгет жасау үшін түрлі айла-шарғы қолданады. Жұмысшы табын алдау; кәсіподақ, кооператив, өзге де ұйымдардың басшыларын сатып алу; коммунистік партияларға тиым салу; жұмысшыларды жаппай жұмыстан шығару; кәсіпорындарда қара тізім жасау; қызметшілердің «сенімділігін» тексеру; демократиялық баспасөзді қудалау; ереуілдерді қанға бояу — мұның бәрі буржуазиялық өкіметтердің күнделікті сұрқия ісіне айналды.

Барған сайын үдеп келе жатқан революциялық қозғалысқа бір өзінің әлі жетпейтінін сезген билеп-төстеуші топтар, әсіресе американо-монополистері агрессиялық соғыс одақтарын құрып, басқа елдердің жерінде өздерінің әскерлерін орналастыруда. Бірақ олардың арам ниеттері іске аспақ емес!

Жұмысшы табы негізгі соққыны өзінің қас жауы — капиталистік монополияларға қарсы бағыттауда. Ұлттардың барлық негізгі тобы бұған барынша мүдделі болып отыр. Капитал елдеріндегі демократиялық қозғалыстың бәрі монополияға қарсы біртұтас қуатты тасқынға тұс-тұстан келіп қосылуда.

Пролетариат бұл күресте өзінің таптық мақсат-мұратымен қатар одақтастарының да мүддесін көздейді. Пролетариат шаруалардың «жер оны өңдейтіндерге берілсін» деген талабын қолдап, саяси тәртіпті демократияландыру, басқа шараларды жүзеге асыру үшін күресуде.

Пролетарлық революция капитализмнің ішкі және халықаралық терең қайшылықтарының нәтижесінде пайда болады. Революция заказбен жасалмайды, оны сырттан тануға да болмайды. Бірақ Совет Одағының Коммунистік партиясы маркстік-лениндік басқа да партиялармен бірге революция жасауға ұмтылған халықтардың ішкі істеріне империалистердің қол сұғуына жол бермейді, контрреволюцияны басқа елдерге күшпен тануға қарсы батыл күреседі.

Революция дүниежүзілік соғыстарсыз-ақ жеңе алады. Жұмысшы табы, оның авангарды — маркстік-лениндік партиялар өкіметті буржуазияның қолынан пролетариатқа бейбіт әдіспен әперуге ұмтылуда. Кәзір бұл үшін неғұрлым қолайлы жағдай туып отыр.

Бірақ социализмге бейбіт емес жолмен көшу мүмкіндігін де есте сақтау керек. Егер үстем тап өкіметті өз еркімен бермей, зорлық жасаса, онда өкіметті күшпен алу қажеттігі туады. Мұндай жағдайда таптық күрестің шиеленісу дәрежесі пролетариаттан гөрі буржуазияға көбірек байланысты болады.

Жұмысшы табы күрес жүргізудің барлық түрін — бейбіт және бейбіт емес, парламенттік және парламенттен тыс түрлерін меңгеруге, күрес жүргізудің бір түрін екінші түріне тез ауыстыра білуге тиіс. Капитализмнен социализмге өту тұсында қоғамның саяси ұйымдары әртүрлі болып бірсыпыра елде пролетариат диктатурасы жолындағы күресті өрістетудің өтпелі сатылары болуы мүмкін. Бірақ қандай жағдайда болмасын революция жасау қажет. Социализм құрылысы дәуірінде жаңа, халықтық мемлекет билігі алуан түрлі болғанымен, олардың мәнісі біреу болады—ол пролетариат диктатурасы. Ал пролетариат диктатурасы — шын мәніндегі еңбекшілер демократиясы, басым көпшіліктің азшылыққа жүргізетін диктатурасы. Бұл диктатураның басты мазмұны — зорлық жасау емес, жаңа, социалистік қоғам орнату, оның жеңістерін социализм жауларынан қорғау.

Жұмысшы табының қатарындағы іріткіні жою—бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі. Жұмысшы табы тығыз топтасып, бірлесе қимыл жасауға тиіс. Сондықтан да коммунистік партиялар социал-демократиялық партиялармен ынтымақ орнатуды жақтайды. Бірақ коммунистер социал-демократтардың идеологиялық теріс бағытын батыл сынап отырады. Өйткені, социал-демократияның оңшыл басшылары буржуазия жағына ашықтан-ашық шығып отыр.

Коммунистік партиялар буржуазиялық және реформашыл идеологияға, әртүрлі оппортунистік ағымдарға қарсы күресте шынығып-өсіп келеді. Кәзіргі замандағы коммунистік қозғалысқа төніп отырған басты қауіп ревизионизм, оңшыл оппортунизм. Бұлар — буржуазиялық ықпалдың айқын көрінісі. Ревизияшылар марксизм-ленинизмді революциялық нәрінен айырып, жұмысшы табын империализмнің алдында қарусыз қалдыруға тырысуда. Ревизионизм идеологиясы Югославия Коммунистер одағының программасында неғұрлым толық көрінді.

Коммунистік қозғалысқа нұқсан келтіретін тағы бір қауіпті ағым— догматизм мен сектанттық. Энвер Ходжа бастаған Албания Еңбек партиясы басшыларының Совет еліне, Совет Одағы Коммунистік партиясының саясатына жала жауып, теріс пікір айтуы Албанияны социалистік лагерьден оқшау қалдыруға апаратын жікшілдік әрекет деп түсіну керек. Партия Программасы социализмді социалистік елдердің дүниежүзілік ынтымақ-бірлігінен оқшау, өз бетімен орнату бағытының теориялық жағынан негізсіз, экономикалық жағынан зиянды, саяси жағынан қауіпті екенін дәлелдеп берді. Ревизионизмге, догматизм мен сектанттыққа қарсы күрес жүргізу—халықаралық коммунистік қозғалыстың ынтымақ-бірлігін, дүниежүзілік социалистік системаны нығайта түседі.

Коммунистік партиялар өздерінің арасындағы қарым-қатынасты теңправолылық негізде құрып, пролетарлық интернационализм принциптерін басшылыққа алып отырады.

* * *

Тұңғыш социалистік мемлекет алғаш дүниеге келген кездің өзінде-ақ В. И. Ленин: езілген халықтар бүкіл дүниежүзілік саясаттың және империализмді революциялық жолмен қиратудың белсенді күшіне ай-

налады, деген болатын. Лениннің бұл данышпандық болжауы раскашықты. Ұлт-азаттық қозғалыс кәзір империализмнің отар системасын күйретіп, капиталистік құрылыстың негізін шайқалтып отырған қуатты күш болып алды.

Соңғы 15 жыл ішінде Азия мен Африканың қырыққа жуық елі отарлық құлдықтың құрсауын үзіп, еркін даму жолына түсті. Бұл елдердің халқының саны бір миллиардқа жақындайды. Олар өз өмірін жанартумен бірге, халықаралық қатынастарға да елеулі ықпал жасап келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып, Бандунгтегі, Каирдегі, Қасабланкадағы конференцияларға қатысқан бұл елдер бейбіт қатар өмір сүру, соғыс-саяси блоктарға қатыспау жолын тандап алды.

Бірақ күрес аяқталған жоқ. Бұлардың бірқатары ұлттық мемлекет құрғанымен, экономика жағынан дербес, саяси жағынан тәуелсіз бола алмай отыр, өйткені шет ел монополияларының ықпалы әлі де күшті. Сондай-ақ шамамен 70 миллиондай халқы бар 80-нен астам ел әлі де империалистердің тепкісінде отыр.

«Жас суверенді мемлекеттер, — делінген партияның жаңа Программасында, — империалистік мемлекеттердің системасына да, социалистік мемлекеттердің системасына да кірмейді. Алайда олардың басым көпшілігі дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтан ерекше орын алғанымен, одан әлі құтылып шыға қойған жоқ. Бұл — дүниенің капиталистік монополиялар әлі де болса қанап отырған бір бөлегі. Бұл елдер империализмге экономикалық тәуелділіктен арылғанға дейін «дүниежүзілік деревня» ролін атқара береді, жартылай отаршылдық қанаудың объектісі болып қала береді».

Социализмнің дүниежүзілік системасы бейтарап елдерге туысқандық көмек көрсетіп, олардың тәуелсіздік жолындағы күресін жеңілдетіп отыр. Мәселен, Совет Одағы Индиядағы тұңғыш ауыр өнеркәсіп орны — Бхилаи металлургия комбинатын, Египетте Асуан плоинасын салуға, маман ұлт кадрларын даярлауға, басқа да көптеген мәселелерді шешуге көмектесуде. Сондай-ақ халық демократиясы елдері де олардың өз экономикасын көтеруіне жәрдемдесіп келеді.

Ал капиталистік мемлекеттердің «көмегі» нашар дамыған елдерді ірі монополиялар құлдығына түсіру мақсатын көздейді. Олар экономикалық көмекті неғұрлым көп алса, империалистерге соғұрлым көбірек тәуелді болады.

Ұлттық тәуелсіздікке ие болған елдер қандай жолмен дамиды? Капиталистік жолмен дами ма, әлде капиталистік емес жолмен дами ма? Бүгінгі таңда ол елдердің халықтары алдында тұрған басты мәселенің бірі міне осы.

Қай жолды тандап алу — халықтардың өз еркі, ішкі ісі. Бірақ дамудың капиталистік емес жолы ұлттың басым көпшілігінің мүдделеріне сай келеді. Бұл мүдделердің қамқоршысы — жұмысшы табы. Кәзір бүкіл әлемде жұмысшы табының беделі өлшеусіз өсті. Жұмысшы табы шаруалармен одақ жасай отырып дегеніне жетеді. Оларға дем беруші, бағыт сілтеуші коммунистер Коммунистердің көздеген мақсаты ұлттың асыл мұратына толық сай келеді.

Кәзіргі заманның негізгі мазмұны — капитализмнен социализмге өту. Капитализм — ең соңғы қанаушы құрылыс. Оның күні еңкейіп, құлдырап барады. Ерте ме, кеш пе, адамзат капитализмнен социализмге өтеді.

Методикалық кеңес

XXII СЪЕЗД МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚЫП-ҮЙРЕНУ ТУРАЛЫ

Жаңа адамды тәрбиелеу—коммунистік құрылыстың маңызды міндеті

Бұл тақырыпты оқып-үйренудің мынадай үлгі-жоспары ұсынылады:

1. Қоғамның барлық мүшесінің дүниеге ғылыми көзқарасының қалыптасуы—ең маңызды міндет.

2. Еңбек тәрбиесі — коммунистік тәрбие жөніндегі барлық жұмыстың өзегі.

3. Совет адамдарын коммунистік мораль рухында тәрбиелеу және олардың санасындағы капитализм қалдықтарын жою. Коммунистік мораль кодексі.

4. Программа партияның білім, ғылым, мәдениет және өнер саласындағы міндеттері туралы.

Бұл тақырыптарды оқып-үйрену үшін саяси оқу жүйесінің әртүрлі буындарында өткізілетін сабақтардың саны әртүрлі болып белгіленеді. Алайда, саяси мектептер мен үйірмелердің және семинарлардың барлық түріндегі тыңдаушылар негізгі программалық материалдарды жақсы игеруге тиіс. Демек, насихатшылардың міндеті сабақтардың санын, тыңдаушылардың жалпы білім дәрежесі мен саяси ой-өрісін және олардың өздігінен оқып білім алу жөніндегі тәжірибесін, тағы басқа жақтарын ескере отырып, өткелі отырған тақырыптың қандай мәселелерін тікелей сабақ үстінде неғұрлым кең талқылау керек екенін, съездің документтері мен материалдарын өздігінен оқу үстінде жолдастардың қандай мәселеге көбірек көңіл бөлуі қажет екенін алдын-ала ойластыру болып табылады.

Одан соң жаңа адамды тәрбиелеу жұмысының саналуан саласында өзара байланыс бар екенін де ескеру керек. Насихатшы мен тыңдаушылардың сабақ үстінде белгілі бір мәселеге, оны әртүрлі жағынан талдау негізінде, қайта-қайта оралуы табиғи нәрсе. Мысалы, ғылымды дамыту міндеті дүниеге маркстік-лениндік көзқарастың қалыптасуы тұрғысынан (жоспардың I тарауы) және еңбекке коммунистік қатынас рухында тәрбиелеуге қажетті алғы шарттар жасау тұрғысынан (II тарау) қаралуы ықтимал; адамдардың санасындағы ескінің қалдығын жоюға байланысты мәселелер осы тақырыптың тек III тарауында ғана емес, сонымен бірге II-ші тарауында да әңгімеленеді.

Партия Программасында алға қойылған белгілі бір міндеттерді ашып айта отырып, жаңа адамдар бүгінгі күннің өзінде, коммунистік құрылыстың күн сайынғы практикалық ісінде қалыптасатынын ұмытуға болмайды.

Насихатшылар мен тыңдаушылар жергілікті фактілер мен мысалдарды мол пайдалануға, оларға маркстік-лениндік теорияның, партия Программасы алға қойған міндеттердің тұрғысынан қарап, ой елегінен өткізуге тиіс. Мұның өзі сабақтың әсерлілігін арттырады, тыңдаушылардың коммунистік тәрбиенің шұғыл мәселелерін шешуге белсене қатысуына себепкер болады.

* * *

Әңгіме алдында жаңа адамдарды қалыптастыру міндетінің орасан зор маңызын атап көрсету орынды.

Коммунистік қоғам орнатудағы біздің бұдан былайғы да барлық жұмысымыздың табысты болуы сайып келгенде жаңа адамды тәрбиелеудегі ісімізді жақсартуға байланысты екенін бәрінен бұрын атап көрсеткен жөн. «Қоғам мүшелерінің саналылығы неғұрлым жоғары болған сайын, — делінген партия Программасында, — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы, еңбектің коммунистік формаларын, адамдар арасындағы жаңа қатынастарды дамытудағы олардың творчестволық белсенділігі де соғұрлым толық және кең өрістейді, демек, коммунизм құрылысының міндеттері де соғұрлым тез, ойдағыдай орындалады».

Алайда, жаңа адамды қалыптастыру мәселесінің орасан зор маңызы мұны айтумен бітпейді. Партиямыздың Программасында салтанатпен жарияланғанындай, совет адамдарының кәзіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүреді. Демек, кәзір, бүгіннің өзінде адамдарды коммунистік қоғамда өмір сүріп, еңбек ететіндей және оның ісін басқара алатындай етіп тәрбиелей бастаған жөн. Еліміздің коммунистік қоғам құрылысын кең өрістетуді дәуіріне енгенін салтанатпен жария еткен КПСС XXI съезінде партиямыз бұл міндетті толық тұлғасымен алға қойғанын тыңдаушылардың есіне салуға болады. Сол съезде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев: еркін де азат адамдардың барлық адамгершілік жақсы қасиеттері толық жетіліп, қалыптасатын кезде болатын

ен әділетті, әбден дамыған қоғамға — коммунизмге жету үшін біз кәзірден бастап болашақтың адамын тәрбиелеуіміз керек, деп атап көрсетті.

Партиямыздың Программасында коммунистік қоғамның еңбеккерлері жөнінде мынадай қысқаша, сонымен қатар мейлінше толық сипаттама берілген: ол кездегі адам жанжақты жетілген, рухани байлықты, кіршіксіз мораль мен күш-қуатының толысуын өз бойына жарасымды жинақтаған адам болмақшы.

Бұл сипаттаманы талдай түсіп, насихатшы жаңа адамға қойылатын негізгі талаптарды айтқаны жөн. Олар: дүниеге ғылыми көзқарас тұрғысынан қарау; коммунизмнің идеяларына шексіз берілу; капитализмнің сарқыншақтарынан толық арылу; бірінші өмірлік қажет ретіндегі, жалпы игілік үшін ететін еңбекке белсене қатысу; жоғары дәрежеде мәдениетті болу, жалпы және техникалық білім алу; коммунистік моральдың нормалары мен принциптерін ерікті түрде, әдетке айналдырып сақтау; дене шынықтыру жағынан жоғары дәрежеде болу.

Партияның идеология, тәрбие, білім, ғылым және мәдениет саласындағы міндеттері де осындай адамның қалыптасуына бағыттала белгіленген. Ол міндеттер партиямыздың Программасында (II бөлім, V тарау), Н. С. Хрущев жолдастың: «Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің партияның XXII съезіне есебі» жөнінде, (II тарау, 5, 6-пункттер, III тарау, 3-пункт), «Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы туралы» (IV тарау, 4-пункт) жасаған баяндамаларында айқын айтылған.

Біздің партия еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру саласында өзінің алдына қандай нақты міндеттер қойып отыр? Н. С. Хрущев жолдас партияның Программасы туралы жасаған баяндамасында бұл міндеттерді (93-бетте) былай тұжырымдады:

— дүниеге коммунистік көзқарасты: коммунизмнің мұраттарына кәміл сенуді, қоғамдық борышқа саналылықпен қарауды, социалистік интернационализм мен патриотизмді, Отанға берілгендікті, Отанды жанқияп қорғауға әзір тұрушылықты қалыптастыру;

— еңбек тәрбиесі, еңбекке, қоғамдық өндіріске коммунизмдегіше қарауды дамыту;

— коммунистік моральдың принциптерін баянды ету, коммунистік қоғам тұрмысының ережелерін берік сақтау;

— мәдени жағынан даму, ғылымның негіздерін меңгеру, жалпы және политехникалық білім алу, эстетикалық тәрбие және дене тәрбиесі.

Бұл міндеттерді әңгіме етуге кірісуден бұрын насихатшы жаңа адамның өсіп қалыптасуы өте қиын процесс екенін, ал бұл процесс қоғамымыздың коммунизмге өтуінің құрамды және бөлінбейтін бөлігі болып табылатынын аңғартуға тиіс. Адамның жанжақты және үйлесімді жетілуіне себепкер болатын әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайлар коммунистік құрылыстың барысында пісіп жетіледі. Дәл сондықтан да жаңа адамды тәрбиелеу коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаумен, коммунистік қоғамдық қатынастардың дамуымен тікелей байланысты. Бұл ережені ашып айта келіп, насихатшы тыңдаушылардың назарын мынаған аудару керек: Н. С. Хрущев жолдас партияның Программасы туралы жасаған баяндамасында (94-бетте) атап көрсеткеніндей, «Жаңа адам тек партияның, совет мемлекетінің, кәсіподақтардың, комсомолдың тәрбие жұмысының ықпалымен ғана емес, сонымен бірге қоғам өмірінің бүкіл укладының — өндіріс тәсілінің, игілікті бөлу, тұрмыс қажетін өтеу, қоғамдық-саяси жұмыс формаларының, право нормаларының және сот практикасының ықпалымен де қалыптасады. Адамдардың коммунистік саналылығын дамыту және буржуазиялық психология мен моральдың қалдықтарын жою үшін барлық экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, саяси, праволық құралдарды пайдалану қажет».

Бұдан соң тыңдаушылардың назарын партиямыздың, мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың идеологиялық, тәрбиелік жұмысының коммунистік қоғамның адамын қалыптастырудағы ролін айқындай түсуге аудару қажет.

Партия Программасында идеологиялық жұмыстың кәзіргі кезеңдегі негізгі міндеттері атап-атап көрсетілген. Олар: барлық еңбекшілерді жоғары идеялық және коммунизмге берілгендік рухында, еңбек пен қоғамдық шаруашылыққа коммунистік тұрғыдан қарау рухында тәрбиелеу, буржуазиялық салт-сана мен әдет-ғұрыптың сарқыншақтарынан толық арылу, адамдардың жанжақты, жарасымды өсіп жетілуі.

Идеологиялық жұмыстың бұл аса маңызды бағытын ашып айтумен қатар, насихатшы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөнінде партиямыз белгілеген шаралардың іске асырылуы, коммунистік қоғамдық қатынастардың дамуы еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі жұмысымыздың жемісті болуына тікелей байланысты екенін атап көрсетуге тиіс. «Коммунизмнің жеңуі жолындағы күресте, — делінген партия Программасында, — идеологиялық жұмыс барған сайын қуатты фактор бола береді».

1. ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ МҮШЕСІНІҢ ДҮНИЕГЕ ҒЫЛМИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ — ЕҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Бұл мәселенің мәнін айқындай отырып, біріншіден, біздің партия кәзіргі кезде барлық совет адамының дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, барлық халықты ғылыми коммунизм рухында тәрбиелеуге нәліктен ерекше маңыз беріп отырғанын және екіншіден, ол бұл міндетті қандай жолмен іске асыратынын айту керек.

Жаңа адамды тәрбиелеу коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы табыстарымызға тікелей байланысты екенін атап көрсетуге насихатшының бұдан бұрын мүмкіндігі болды. Алайда, бұл мәселенің керісінше байланысы да бар: коммунистік құрылыстың табысты болуы да еңбекшілер бұқарасының саналылық дәрежесіне, олардың дүниеге ғылыми көзқарасты игеруіне байланысты. Бұл да табиғи нәрсе. Адамның практикалық қызметі көбінесе оның қандай көзқарасты, ғылыми, диалектикалық-материалистік көзқарасты немесе оның керісінше, ғылымға қарсы, идеалистік көзқарасты жақтайтындығына байланысты айқындалады. Айталық, егер адам қоғам дамуының объективтік заңдылықтарын түсінбесе, немесе оны жоққа шығарса, өмірдегі құбылыстар мен процестерді кездейсоқ нәрсе немесе «табиғаттан тыс күштердің» жасап отырған әрекеті деп санаса, ондай адамға, әрине, жаңа өмірдің белсенді әрі саналы жасаушысы болу қиын. Ал, оның керісінше, дүниеге ғылыми көзқарасты игерген адамдар қоғам дамуының объективтік заңдарын мойындайды, қоғамның мүдделеріне сәйкес ол заңдардың талаптарын ескеруге ұмтылады. Дүниеге ғылыми көзқарас миллиондаған адамның зердесіне ұялаған кезде ол қоғамдық өмірді коммунизм негізінде қайта құру жолындағы күресте орасан зор материалдық күшке айналады.

Көріп отырсыздар, дүние тану деген не, ғылыми, материалистік дүние тану мен ғылымға қарсы, идеалистік көзқарастың түбірлі қарама-қайшылығы неде, дүние танудың қоғамдық дамудағы ролі қандай екенін, жалпылай айтса да, тыңдаушылардың есіне салған орынды. Бұл мәселені талдап айқындай түсудің өзі тыңдаушылардың совет адамдарының дүниеге маркстік-лениндік ғылыми көзқарасының қалыптасуына партияның нәліктен мұндай үлкен маңыз беріп келгенін және зор маңыз беріп отырғанын түсінуіне мүмкіндік береді. Мұнымен бірге еліміздің социализм-коммунизм құрылысында қол жеткен дүниежүзілік тарихи жеңістері, бір жағынан, партияның маркстік-лениндік теорияны дұрыс қолдануының және оны творчестволықпен дамытуының нәтижесі екенін, екінші жағынан, партияның еңбекшілер бұқарасын осы теориямен, дүниеге ең озық ғылыми көзқараспен қаруландыру жөнінде жүргізген орасан зор жұмысының жемісі екенін атап өткен дұрыс.

Партиямыздың саясатының күштілігі мынада—деп көрсетеді насихатшы,—ең алдымен ол шынайы ғылымға негізделген, қоғам дамуының әбден танылған объективтік заңдылықтары негізінде белгіленген. Дәл сондықтан да мұның өзі партиямызға өмірдің алуан түрлі және қиын құбылыстарында дұрыс бағыт-бағдар ұстауға, оқиғалардың барысын көрегендікпен болжауға, практикалық жұмыстың толғағы піскен міндеттерін еңбекшілер бұқарасының алдына дер кезінде қойып отыруға, оларды бұл міндеттерді іске асыру жолындағы күреске жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Бұл қағиданы ашып айта отырып, тыңдаушыларға маркстік-лениндік теорияның творчестволық сипатын ұғындыра түсу керек. Өмір барған сайын жаңа сұрақтарды үстемелеп қоя береді. Бұл сұрақтарға партия жауап беріп те келеді. «Осы жаңа жағдайларда,—дейді Н. С. Хрущев,—марксизм-ленинизмді творчестволықпен қолдана білмесек және дамыта алмасақ, оны жаңа теориялық ережелермен және қорытындылармен байыта алмасақ, жаңа тарихи тәжірибеге сай келмейтін тұжырымдар мен қағидаларды анықтауға батылымыз жетпесе, онда біз өз іліміміздің рухынан айныған болар едік». (Партияның Орталық Комитетінің есебі, 144-бет).

Партияның XXII съезінен бергі уақытта коммунистік құрылыстың көптеген ірі міндеттерін және халықаралық азаттық жолындағы қозғалыстың актуальді мәселелерін партия творчестволықпен шешті. Олардың ішінде: кәзіргі жағдайдағы пролетариат диктатурасы туралы; социализмнің коммунизмге ұласуының заңдылықтары туралы; коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың жолдары туралы; коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы және жаңа адамды тәрбиелеу туралы; капитализмнен социализмге өтудің әртүрлі формалары туралы; социалистік елдердің коммунизмге азды-көпті бір тарихи дәуірде өтетіні туралы; дүниежүзілік соғысқа біздің заманда жол бермеу мүмкіндіктері туралы, кәзіргі заманның сипаты туралы; тағы басқа да аса маңызды теориялық қорытындылар бар.

Партияның теория саласындағы көп жұмысы Маркстің, Энгельстің, Лениннің революциялық теориясын оған әрі дамытудың жаңа дәуірі болып саналатын, елімізде коммунизм орнатудың философиялық, экономикалық және саяси негізі болып табылатын КПСС Программасында неғұрлым толық жиілікпен бейнеленген.

Байқап отырсыздар, марксизм-ленинизм—тұжырымдардың, қағидалардың, ережелердің, тағы басқалардың мәңгі-бақи өзгермейтін жиынтығы емес. Барлық ғылым сияқты, ол да үздіксіз дами береді, жаңа маңызды қорытындылармен байып отырады, нұрын шашқан шамшырақ тәрізді адамзаттың алға басатын, коммунизмге баратын жолына жарық береді. Бұл сияқты дамудың қайнар бұлағы—өмірдің өзі, тарихи тәжірибе, халық бұқарасының революциялық практикасы. Дүниеге ғылыми, коммунистік көзқарасты игере отырып, совет адамдары партияның саясатын терең түсінуге, оны саналылықпен белсене іске асырушы болуға мүмкіндік алады.

Бір-бірте, әрбір әңгіме етілген қағидаларды дәлелдей отырып, насихатшы тыңдаушылардың: совет адамдары үшін кәзіргі жағдайда дүниеге ғылыми көзқарасты игерудің ерекше маңызы зор және оның өмірлік қажеттілігі бар деген қорытындыға келуін көздеуге тиіс. «Социализм коммунистік қоғам құрылысы жағдайында,—делінген партия Программасында,—экономиканың стихиялық дамуы жойылып, өндіріс пен бүкіл қоғамдық өмірді саналы ұйымдастыру орын алған кезде, теория күнбе-күн практикаға айналып отырған кезде, философиялық-экономикалық және әлеуметтік-саяси

көзқарастардың тұтас, сындарлы системасы болып табылатын марксизм-ленинизм негізінде советтік қоғамның барлық еңбеккерлерінің дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру бірінші дәрежелі маңыз алады. Партия бүкіл халықты ғылыми коммунизм рухында тәрбиелеу міндетін алға қояды, сөйтіп, еңбеккерлердің дүниежүзілік дамудың барысы мен перспективаларын жете түсінуіне, ел ішіндегі және халықаралық көлемдегі оқиғаларды дұрыс ұғынуына, тұрмысты бар сана-сезімімен коммунистік негізде құруына күш салады».

Партия, жоғарыда көрсетілгендей, өзінің алдына біздің қоғамның барлық еңбеккерінің дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, барлық халықты ғылыми коммунизм рухында тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Бұл фактінің дүниежүзілік тарихи маңызы зор. Ол, біріншіден, біздің қоғамның өмірінде болған мынадай үлкен өзгерістерді айна-сияқты айқын көрсетеді: елімізде социализм толық және түпкілікті жеңді, сонымен бірге ол коммунизм құрылысын кең өрістетуге кезеңіне енді; екіншіден, ол коммунизм енді барлық халықтың тікелей практикалық міндетіне айналғанын аңғартады; ақырында, үшіншіден, ол КПСС Программасында барлық совет адамдарының дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру міндетінің алға қойылуы партияның коммунизм құрылысында еңбекшілердің саналылығы өсуіне, олардың творчестволық белсенділігінің оған әрі арта түсуіне ерекше мән беріп отыруының айғағы екенін көрсетеді.

Жаңа адам — дүниені ғылыми тұрғыдан таныған адам. Оның коммунистік сенімі коммунистік ісімен табиғи ұштасып жатады; қоғамдық борышқа саналылықпен қарау, социалистік интернационализм мен патриотизм, Отанға берілгендік, өз өмірін аямай Отанды қорғауға әзір тұру — оның ерекше қасиеттері. Партиямыз өзінің алдына дәл осындай адамды тәрбиелеу міндетін қойып отыр.

Дүниеге ғылыми көзқарас ғылыми емес, идеалистік көзқарастар мен түсініктерге қарсы идеялық күресте қалыптасады. Насихатшы совет адамдарының кейбір бөлегінің санасында әлі де сақталып келе жатқан діни идеологияның сарқыншақтарын үзілді-кесілді жою қажет екенін атап көрсетуге тиіс. Біздің партия буржуазиялық идеологияның қандай болмасын көріністеріне қарсы батыл күрес жүргізіп келеді және алдағы уақытта да күрес жүргізе береді.

Дүниеге ғылыми көзқарастың қалыптасу жолдары мен құралдарын ашып айтумен қатар, оған бәрінен бұрын өміріміздің өзі, социалистік шындық, совет адамдарының практикалық қызметі марксизм-ленинизм ілімінің ұлы өміршендігін әрбір қадам басқан сайын растай отырып, себепкер болатынын атап көрсетуге керек. Дүниеге дұрыс көзқарастың пайда болуына мықты негіз табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын ашатын және оларды адамға қызмет етуге қосатын табиғат тану ғылымы мен қоғамдық ғылым болып саналады. Жас ұрпақтардың коммунистік сенімін арттыруда семья мен мектептің ролі зор екенін айтқан орынды. Партияның идеологиялық жұмысы да еңбекшілер бұқарасы арасында орасан зор роль атқарады. Партиялық және комсомолдық саяси оқу жүйесі арқылы, баспасөз, радио, кино, әдебиет пен өнер құралдары арқылы партия еңбекшілерді саяси жағынап қаруландырады, нақтылы фактілерге сүйене отырып, оларға дүниежүзілік социалистік системаның жетістіктерін, социализм мен коммунизмнің ұлы артықшылықтарын түсіндіреді, сөйтіп, оларды коммунизмнің салтанат құратынына кәміл сену рухында, социалистік интернационализм мен патриотизм сезімінде тәрбиелейді. Сонымен бірге партия капиталистік өмір қалпын, бізге жат буржуазиялық идеологияны әшкерелейді, коммунистік және капиталистік дүние танудың бітіспес қайшылықтарын көрсетеді.

Дүниеге ғылыми көзқарастың қалыптасуы мен идеологиялық жұмыс саласында партия алға қойып отырған міндеттер жаңа Программада, Н. С. Хрущев жолдастың XXII съезде жасаған баяндамаларында кеңінен айтылған (Есепті баяндама, 138-бет, Программа туралы баяндама, 93-бет).

«Партия мен бүкіл халықты, — делінген партияның Орталық Комитетінің XXII съезге жасаған есебінде, — коммунизмнің толық салтанаты жолындағы күрестің ұлы жоспарымен қаруландырып отырған КПСС-тің жаңа Программасын еңбекшілерге терең түсіндіру міндеті кәзір идеологиялық жұмыста бірінші орынға қойылып отыр».

2. ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ — КОММУНИСТІК ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ӨЗЕГІ

Бұл мәселенің өзара байланысты екі жағына насихатшы мен тыңдаушы баса назар аударуға тиіс; олар мыналар: бірінші, қоғамның барлық мүшесінің жоғары өнімді еңбек етуі — біздің елде коммунизм орнату программасын жүзеге асырудың міндетті де қажетті шарты; екінші, қоғам игілігі үшін еңбек ету — жаңа адамды, коммунизм адамын қалыптастырудың аса маңызды құралы.

Адам еңбегі қоғам байлығының аса маңызды қайнар көзі екенін тыңдаушылардың есіне сала кету тиімді. Еңбек етпейінше, халықтың азық-түлікке, киімге, тұрғын үйге және басқаларына деген қажеттерін өтеуге тиісті материалдық игіліктерді өндірмейінше, бірде-бір қоғам өмір сүре алмайды, адамның өзі де тіршілік ете алмайды.

Сонымен қатар, коммунизмге бара жатқан қоғамдағы адам еңбегінің маңызын ашып көрсетуге керек. Коммунистік қоғам алуан түрлі материалдық және мәдени игіліктердің молшылығын жасайды, адамның барлық орынды қажетін өтейді. Насихатшы

міне осы мәселелерге тыңдаушылардың назарын аударады. Біздің елде мұндай молшылық үстіміздегі жиырма жылдың аяғында-ақ жасалатынын, мұның өзі мұнам кейінгі кезеңде керекке қарай бөлудің коммунистік принципіне көшуге жағдай жасайтынын тыңдаушылар өткен сабақтардан (IV тақырып) біледі. Коммунизм орнату үшін, — деп көрсетті Н. С. Хрущев жолдас, — халықтың, әрбір совет адамының еңбекте зор күш жұмсауы талап етіледі. Еңбек етпейінше гүлденген қоғамның болуы, адамның жайкүйі жақсы, бақытты болуы мүмкін емес. Өмір игіліктері бізге аспаннан құймақша жаумайды. Әрбір еңбеккер мұны жақсы түсініп, коммунизм құрылысының жалпыхалықтық ісіне өз үлесін қосуға тиіс (Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің есебі, 140-бет).

Осыған байланысты насихатшының мынаны атап көрсеткені жөн: әңгіме материалдық өндіріс (ол адам қызметінің шешуші саласы бола тұрса да) саласы туралы ғана болып отырған жоқ. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы және соның негізінде коммунистік молшылыққа жету—совет адамдарының алуан түрлі нысаналы қызметінің нәтижесі. Бір жағынан, әңгіме, міне, осында болып отыр.

Коммунистік қоғам орнатудың нақты программасын жасаған кезде партия бұл программа шаруашылық және мәдени құрылысымыздың әрбір учаскесінде орындалуға тиіс деген тұжырымға сүйенді. Әрбір адам өзінің күнделікті қызметінің орасан зор қоғамдық-тарихи маңызын терең түсіне білетін, одап Отан қуатын нығайтудың шешуші шартын, материалдық және мәдени игіліктердің молшылығына жету жолын, коммунизмнің толық жеңіп шығатынын көре білетін болсын, — біздің партия еңбекшілерді еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу үстінде міне, осыны еске алады. Бұл жөнінен партия кәзірдің өзінде орасан зор табысқа жетті.

Еңбекте жаппай ерлік жасау — біздің қоғам өміріндегі ең айрықша белгілердің бірі. Совет адамдарының басым көпшілігі Отан игілігі үшін еңбек етуді өзінің аса маңызды қоғамдық борышы деп біледі; олардың тамаша істерінен Коммунистік партияның халық арасында жүргізген тәрбие жұмысының таңдаулы белгілерін айқын көруге болады.

Тыңдаушылар арасында мынадай сұрау тууы мүмкін: солай болса біздің елде арамтамақтар, өмірдің барлық игілігін басқаның еңбегі есебінен пайдалануды жақсы көретін адамдар неге кездеседі?

Бұл сұрауға жауап берген кезде насихатшы социалистік қоғамда еңбекке теріс, немқұрайды көзқарасты тудыратын әлеуметтік-экономикалық себептердің жоқ екенін көрсетуге тиіс. Біз мұндай жарамсыз қылықтарға әлі де душар болып отырсақ, онда бұл ең алдымен тәрбие жұмысының кемшілігі екенін, семьяда, мектепте, өндіріс орындарында, өзге де мекемелерде қоғамға жат әрекеттерге қарсы алдын ала шара қолданылмайтынын дәлелдейді.

«Еңбек етпеген ішіп-жемейді» — біздің маңызды принциптеріміздің бірі міне осы. Мұның өзі — ең әділ принцип. Совет адамдары, деп атап көрсетеді насихатшы, арамтамақ пиғылдың қандайына болса да төзіп отыра алмайды, өйткені бұл социализм табиғатына қайшы келеді.

Арамтамақтыққа, жалқаулыққа қарсы күресу міндеті әсіресе коммунизм құрылысын кең өрістету кезеңінде қатты қойылып отыр. Әрине, бұл міндет кәзір қоғамға жат пиғылды кісілер бұрынғыдан көбейіп кеткендіктен қойылып отырған жоқ: біздің қоғамда мұндай адамдар барған сайын азайып барады. Мәселенің мәні мынада: кәзір коммунизм бүкіл халықтың күнбе-күнгі тікелей міндетіне айналды; совет адамдарының кәзіргі ұрпағы коммунистік қоғамда өмір сүреді. Демек, коммунизмге өту үшін керекті аса маңызды алғышарттардың бірін бүгіннен бастап жасау керек, еңбекті адамның ең бірінші өмірлік қажетіне айналдыру қажет. Біздің партияның совет адамдарын еңбекке тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлетінін сөз еткенде, оған міне осы тұрғыдан қараған жөн.

Сонымен қатар, тағы бір ерекше маңызды жағдайға тыңдаушылардың назарын аудару қажет. Әңгіме мынада: коммунизмнің қоғамның барлық мүшесін материалдық және мәдени игіліктермен қерегіне қарай қамтамасыз ететінін білмейтін адам кәзір табыла қояр ма екен? Дегенмен, коммунизм тұсында барлығын да қерегіне қарай алып, уақытты іссіз, той-думанмен өткізуге болады деп ойлайтын адамдар бізде әлі де бар. Коммунизмді осылайша тек тұтыну қоғамы деп түсіну барып тұрған қате, сондықтан да мұны әрбір адамға жете түсіндіру керек. Коммунистік тәрбиенің ең маңызды міндеті: еңбек етпейінше, тіршілікке керекті құралдарды жасап алмайынша, адам өмір сүре алмайды деген ұғымды қоғамның әрбір мүшесінің санасына жеткізу міндеті міне, осыдан келіп шығады (Н. С. Хрущев жолдастың партияның Программасы туралы баяндамасын, 96-бетті қараңыз).

Осыған орай В. И. Лениннің коммунистік еңбекке берген сыпаттамасын келтірген тиімді... Коммунистік еңбек дегеніміз — қоғамның пайдасына ақысыз істелетін еңбек, еңбек болғанда, белгілі бір міндетті өтеу үшін, белгілі өнімдерді алуға праволы болу үшін, күнiлгерi белгiленген және заңға кiрген норма бойынша iстелетiн еңбек емес, ерiктi еңбек, нормадан тыс еңбек, сыйлық алуға дәмеленбей, сыйлық туралы шарт қоймай iстелетiн еңбек, көпшiлiктiң пайдасы үшiн еңбек ету әдетi бойынша және көпшiлiктiң пайдасы үшiн еңбектiң қажет екенiне саналы (әдетке айналған) көзқарас бойынша iстелетiн еңбек, сау организмнiң мұқтажы ретiндегi еңбек (Шығармалар, 30-том, 517-бет).

Онаи әрі, капитализмге қарағанда социализмнің әрбір адамның қабілетіне қарай, бар күшін сала еңбек етуіне қажетті әлеуметтік, материалдық және мәдени алғышарттарды жасайтынын тыңдаушыларға көрсетіп беру керек. Атап айтқанда, мұндай алғышарттарға мыналар жатады: өндіріс құрал-жабдығына қоғамдық меншік; адамның адамды қанауының жойылуы (жұмыссыздықтың жоқтығы, өзі үшін, өзінің қоғамы үшін еңбек ету); халық шаруашылығындағы үздіксіз техникалық прогресс, еңбекшілердің мамандығының, жалпы және техникалық білімінің өсуі (ауыр қол еңбегі, денсаулыққа зиянды мамандықтар бірте-бірте жойылады, жұмыс күні бірте-бірте қысқарады, дене еңбегі ой еңбегіне барған сайын жақындап, творчестволық сипат алады); еңбекшілердің саяси саналылығының жоғары дәрежеге жетуі (біздің күресіміздің түпкі мақсатын, осы мақсатқа жетер жолдағы нақты міндеттерді орындау және түсіну, өзінің күнбе-күнгі қызметінің қоғамдық-тарихи маңызын, осы сияқты басқа да міндеттерді түсініп, білуі); елдің қоғамдық байлығының өсуі нәтижесінде еңбекшілердің материалдық әл-ауқатының ұдайы жақсарып отыруы (жеке адамның әл-ауқаты қоғамдық әл-ауқатқа тәуелді; ал қоғамдық әл-ауқат қоғамның әрбір мүшесі еңбегінің саны мен сапасына тікелей тәуелді).

Бұл алғышарттардың мәнін ашып көрсете отырып, насихатшы мынаны атап өтуге тиіс: оларды нығайтып, дамыту — еңбекке коммунистік көзқарасты қалыптастырудың, яғни еңбекті адамның ең бірінші өмірлік қажетіне, олардың түсініп білген қажетіне айналдырудың негізі. Еңбек ең алдымен коммунизм құрылысының барысында пісіп жетілетін белгілі бір материалдық және мәдени жағдайлардың негізінде адамның ең бірінші өмірлік қажетіне айналады.

Насихатшы коммунистік еңбектің қалыптасу барысын тыңдаушылардың жұмыс істейтін кәсіпорынының яки колхозының өмірінен алынған нақты мысалдармен көрсетіп бере алады.

Бұған дейін еңбектің коммунизмге бара жатқан біздің қоғам өміріндегі маңызы туралы; совет адамдарын еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу міндеттері туралы; еңбекке осындай жаңаша көзқарастың қалыптасу барысы туралы әңгіме болды. Насихатшы мәселенің екінші жағын — жаңа адамды қалыптастыруда еңбектің өзінің де орасан зор роль атқаратынын ашып көрсетуге тиіс.

Тек социализм ғана еңбекті қанаудан азат етіп, оны еріксіз, шамадан тыс ауыртпалықтан жоғары творчествоға, адамның жанжақты өсіп жетілуіне керекті аса маңызды құралға айналдырады. Тыңдаушы мұны жақсы біліп алатын болсын!

Жоғарыда коммунистік еңбектің материалдық және мәдени алғышарттары туралы айтылды. Қазіргі жаңа техникаға орай терең, жанжақты білімді талап етіп отырған еңбек адамның қабілетін арттырмай қоймайды, оны алға бастырып, жаңа білімді меңгеруге талаптандырмай қоймайды. Енді еркін еңбектің орасан зор тәрбиелік маңызының екінші жағын ашып көрсету керек. Белгілі бір іске еңбек жұмсамайынша, өзінің қандай қабілетін бар екенін біле алмайсың; өзінің қабілетінді білмейінше, оны әлбетте, тиісті бағытқа салып, өсіріп жетілдіре алмайсың. Демек, адам өзін тек еңбек арқылы көрсете алады, тек еңбек үстінде ғана ол өзінің қабілеті мен дарынын ұштай түсуге мүмкіндік алады.

Адамның мінез-құлқын, жақсы адамгершілік қасиетін қалыптастыруда қанаудан азат болған еңбектің маңызы зор. Қоғамдық пайдалы еңбек арқылы адам қоғаммен байланыс орнатып, оны нығайтады, өзінің азаматтық борышын жақсы сезеді; көпшілік игілігі үшін бірлесіп жұмыс істеу адамдардың ұйымшылдығын, ауызбірлігін күшейтеді, оларды өзара көмек, жолдастық тілектестік сезіміне баулиды. Мінез-құлықтың нысаналылық, жинақылық, ұқыптылық, мұқияттылық, тәртіптілік сықылды белгілері еңбек үстінде қалыптасады. Жалпыхалықтық міндетті орындауға тікелей қатысу арқылы ғана адам дүниеге коммунистік көзқарас, марксизм-ленинизм идеяларына берілгендік рухында тәрбиеленеді.

Бұдан шығатын қорытынды, еңбек, еңбек ету — адамның жанжақты, жарасымды өсіп жетілуінің аса маңызды құралы. Міне, сондықтан да, деп атап көрсетеді насихатшы, біздің партия еңбек тәрбиесін совет адамдарын коммунистік рухта тәрбиелеу жөніндегі барлық жұмыстың өзегі деп біледі.

Адамның жанжақты, жарасымды өсіп жетілуі коммунистік еңбек атағын алу қозғалысынан ерекше айқын көрініп отыр. «Партия совет адамдарының коммунизмдегіше еңбек етіп, коммунизмдегіше өмір сүруді үйренуге ұмтылған талабын қостап келді және қостай береді, — деп атап көрсетеді Н. С. Хрущев жолдас. — Коммунистік еңбек коллективтері мен екіінділерінің қозғалысына біз елеулі мән береміз. Келешекте өмірдің социалистік жарыстын басқа, бұдан да гөрі жетілген түрлерін туғызатынына күмән жоқ» (Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің есебі, 105-бет).

Коммунизмдегіше еңбек ету дегеннің мәнісі не?

Бұл — ең алдымен жұмысқа творчестволықпен қарау, үнемі алға басып отыру, өндірістің ішкі мүмкіндіктерін ашып, іске қосу, ең жоғары еңбек өнімділігіне жету үшін жаңа мүмкіндіктер мен құралдарды іздеп табу деген сөз.

Бірқатар міндетті шарттарды, ең алдымен, халық шаруашылығында үздіксіз техникалық прогресті жүзеге асырмаса, өндіріс қызметкерлерінің жалпы және техникалық білімін ұдайы көтеріп, жетілдіріп отырмаса, әрине, коммунизмдегіше еңбек ету мақсатының өзі құры бос, жадағай тілек болып қалады. Сондықтан да коммунистік еңбек жарысына қатысушылар техникалық прогрестің ұйтқысы болып келеді. Сондықтан да олардың бәрі кешкі және сырттан оқытатын мектептерде, техникумдарда, жо-

ғары оқу орындарында, түрлі техникалық курстарда, озат тәжірибе жектестерінде, мәдениет университеттерінде оқып жүр.

Осының бәрінен насихатшы мынадай қорытынды шығарады: коммунистік еңбек коллективтері мен екпінділерінің қозғалысы, бір жағынан, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын құрудың біздің партия белгілеген программасын ойдағыдай жүзеге асыруға, екінші жағынан, өндірістің жаңа типті қызметкерлерін — жанжақты, жарасымды өсіп-жетілген, өзінің қызметінде еңбекті ғылыммен, дене еңбегін ой еңбегімен ұштастыра білетін адамдарды қалыптастыруға көмектеседі; ал мұның өзі коммунизмге өтудің қажетті шарты болып табылады, өйткені коммунистік өндіріс өзіне сай өсіп жетілген қызметкерді керек етеді.

Сонымен қатар, коммунистік еңбек коллективтерінің мүшелері мен екпінділері коммунизмдегіше өмір сүруді алдына мақсат етіп қойып, өндірісте де, тұрмыста да өздерінің қарым-қатынасын жаңаша құруда. Коммунистік еңбек коллективтері мен екпінділерінің маскүнемдікке, бұзақылыққа, мәдениетсіздіктің барлық көріністеріне қарсы күрес ашуы кездейсоқ нәрсе емес. Коммунистік моральдың — «Адам адамға — дос, жолдас, туыс», «Көп бірі үшін, бірі көп үшін» деген аса маңызды принциптері олар үшін күнбе-күнгі ережеге, дағдыға айналды. Жолдастық өзара көмек, адамды, социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеу дегеніміздің негізі, міне осылар. Өзінің сипаты жөнінен жаңа, коммунистік дәстүрлер туып келеді. Бұл жаңа дәстүрлер адамдар арасында жаңа қарым-қатынастың пайда болып, дамып келе жатқанын дәлелдейді, жеке адам мүддесі мен қоғам мүддесінің бірлігін, адамға, оның тұрмысына деген қамқорлықты білдіреді, сөйтіп совет адамдарының санасы мен мінез-құлқындағы жеке-меншіктік пиғыл мен мораль сарқыншақтарын жоюға көмектеседі.

3. СОВЕТ АДАМДАРЫН КОММУНИСТІК МОРАЛЬ РУХЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САНАСЫНДАҒЫ КАПИТАЛИЗМНІҢ ҚАЛДЫҚТАРЫН ЖОЮ. КОММУНИСТІК МОРАЛЬ КОДЕКСІ

«Капиталистік соқыр сенімдердің торына шырмалған адамдарды, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — коммунизмге апаруға болмайды. Ең алдымен оны ескілік зілінен арылту жөнінде қамқорлық жасау керек» (Партия Орталық Комитетінің есебі, 141-бет).

«Партия буржуазиялық идеология мен моральдың көріністеріне қарсы, жеке меншіктік психологияның, соқыр сенімдер мен ескі ұғымдардың қалдықтарына қарсы күресті коммунистік тәрбие жұмысының құрамды бөлегі деп қарайды» (Партия Программасы, 121-бет).

Бұл қағидаларды еске салғаннан кейін мына мәселелерді талдауға көңіл бөлу орынды болады: «капитализм қалдықтары» деген сөздің мәнісі қандай; капитализм қалдықтарын жоймай тұрып, коммунизмге өтуге неге болмайды; адамды коммунистік мораль рухында тәрбиелеу дегеніміз не?

Еңбек тәрбиесі бүкіл коммунистік тәрбиенің өзегі екенін айттық. Ал, кейбір адамдар қоғамдық пайдалы еңбектен қашқақтап жүреді. Бірен-саран адамның басынан әлі арылмаған бұл мінез капитализмнің қалдығы екенін өткен тарауда талдап көрдік.

Арамтамақтық, ұры-қарылық, паракорлық, төрешілдік, маскүнемдік, әйелдерді кемсіну, ұлыдержавалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық сияқты құбылыстың бәрін біз ескі, қанаушы құрылыстың қалдығы деп білеміз, өйткені бұл құбылыстар социализмнің табиғатына, социалистік өмірдің бүкіл көркіне мүлде жат. Өздерін туғызған экономикалық жағдайлар жойылғаннан кейін де бұл қалдықтар миллиондаған адамның тұрмысында және санасында ұзақ уақыт бойы сақталады. (Партия Орталық Комитетінің есебі, 141-бет). Совет адамының санасындағы буржуазиялық салттар мен соқыр сенімдерді демеп, жандандыра түсу үшін империализмнің идеологтары қолдарынан келгеннің бәрін істейді.

Әлгі үш сұрақтың алғашқысын талдау арқылы тыңдаушылар екінші сұрақтың мәнін аңғарады, капитализмнің қалдықтарын жоймай тұрып, коммунизмге өтуге неге болмайтынын түсінеді. Насихатшы мынаны атап көрсетуге тиіс: а) капитализмнің қалдықтары ілгері басуымызға кедергі келтіреді; б) адамның рухани өсуіне, жанжақты жетілуіне кесел болады.

Еңбекшілерді коммунистік мораль рухында тәрбиелеу деген сөз — капитализмнің қалдықтарын жою деген сөз. Бұл екі міндеттің осындай ажыраспас, тікелей байланысы бар. Мұнымен бірге коммунистік тәрбие биік мақсат көздейді. «Коммунистік адамгершіліктің негізі, — деп көрсетті В. И. Ленин, — коммунизмді нығайту және аяқтау үшін күресу. Міне, коммунистік тәрбиенің, оқу-білімнің негізі де осы» (Шығармалар, 31-том, 296-бет). Капитализм қалдықтарынан арылмаған адам коммунизмнің мықты күрескері бола алмайды.

Насихатшы осыған байланысты коммунизм құрылысының моральдық кодексін талдап беруге тиіс. (Партия Программасы, 119—120-беттер) Коммунизмге қарай ілгерілеген қоғамның аса маңызды адамгершілік принциптерін бейнелеген бұл кодекс коммунистік тәрбиенің программасына айналып отыр. Кодекс коммунизмнің белсенді құрылысы қандай болуға тиіс екенін, жаңа адамды тәрбиелеудегі мақсатымыз қандай екенін көрсетеді.

Адамның моральдық бейнесін әңгімелегенде кісінің мінез-құлқы мен қасиетін тұтас алмаса болмайды. Мысалы, адал еңбек етіп, қоғам жұмысына белсене қатысып жүретін адамдардың қайсы бірі семьяда, көшеде көрсен қоғамдық тұрмыстың болмашы

ережесінің өзін бұзып жүреді. Мұндай мінез-құлқы коммунизм құрылысының моральдық кодексімен сыйспайды. Партияның жаңа адамды қалыптастыру жөніндегі нысанасы мынадай: коммунистік мораль принциптерін нығайту, оны қоғамның әрбір мүшесінің бойына терең сіңіру.

Коммунизмге мінез-құлқы мен санасы сай адамдар күн санап көбейіп келе жатқанын атап көрсету қажет. Мұндай адам қай коллективтен болса да табылады (насихатшы нақты мысал келтіруі керек). Шамшырағымызға айналған озат адамдардың ісі мен әрекеті коммунизмнің нағыз өркендерін бейнелейді. Моральдық кодекстің маңызды ерекшелігінің бірі сол, ол нысана мен мақсатты көрсетіп қана қоймайды сонымен бірге өмірде бар, қоғамның әлеуметтік-саяси және идеялық бірлігі нәтижесінде қол жеткен табыстарды бейнелейді.

Коммунистік мораль коммунизм құрылысының жетістігіне орай нығайып дамиды. Коммунистік моральдың нығайып, дамуы—объективті, заңды құбылыс. Адамзаттың коммунизмге қарай дамуы қандай заңды болса, бұл да дәл сондай заңды.

Жаңа моральдың нышаны қанаушы қоғамның қойнауында-ақ пайда болады. Жұмысшы табы, еңбекші бұқара—жаңа моральдың нағыз көрікшісі. Қанаушыларға қарсы, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресте жұмысшы мен еңбекші борыш, міндет, жолдастық ынтымақ, қанаушыға ымырасыздық сияқты биік адамгершілік қасиетті, сондай-ақ тұрмыстың қарапайым ережелерін—адалдық, шыншылдық, сыйайылық дәстүрін шындай түсті. Бірақ қанаушы қоғамның тұсында жаңа мораль өмірде бел ала алмайды. Өйткені, үстемдік пен бағынудың экономикалық қатынастары тұрғанда адамдар бөлектеніп, дараланып кетеді, бір-біріне сенбейді, өзімшіл болады.

Жаңа, әділ және биік мораль—коммунистік мораль тек социализм тұсында ғана жетіліп, берік орнайды. Социализм тұсында, яғни коммунистік қоғамның бірінші сатысында қайсыбір адамның санасында және жүріс-тұрысында жекеменшікшіл идеология мен моральдың қалдықтары сақталады. Ал коммунизм тұсында мұндай қалдықтар болмайды. Коммунизм тұсында әрбір адамның жанжақты жетілуіне шексіз мүмкіндіктер ашылып, оның керемет адамгершілік қасиеттерінің, мінезінің шарықтауына жол беріледі.

Насихатшы коммунистік моральдың тұғыры социализм, коммунизм екенін ерекше атап көрсетуге тиіс. Өндіріс құрал-жабдығына жеке меншікті жою және қанаудың барлық түрін құрту, адамшылыққа жат моральдың («Адам—адамға қас жау») объективті себебін жоқ қылды. Партия Программасында адамның жанжақты және жарасымды дамуының шарттары тұжырымдалған. Коммунистік мораль да осы шарттарға негізделеді. Ол шарттар мыналар: адамды қанаушылықтан, жұмыссыздық пен қайыршылықтан, жынысы, шыққан тегі, ұлты, нәсілі жағынан кемсітушіліктен құтқару. Қоғамның әрбір мүшесінің творчестволық еңбек етіп, білім алуына тең мүмкіндіктер берілген. Қоғам және семья өмірінде адамдардың бір-біріне тәуелділік, теңсіздік қарым-қатынастары жойылады. Қоғам әрбір азаматтың жеке басының абыройын қорғап отырады. Әрбір адамның қоғам мүдделерін есепке ала отырып, кәсіп пен мамандықты тең және еркін-еркін таңдап алуы қамтамасыз етіледі. Материалдық өндіріске жұмсалатын уақыттың қысқартылуына қарай өндіріс, ғылым, техника, әдебиет пен өнер саласында адамның қабілетін, дарынын, талаптың дамыту үшін мол мүмкіндіктер жасалады. Адамдардың бос уақыты барған сайын қоғамдық жұмысқа, мәдениетке араласуға, өзінің ақыл-ойы мен күш-қуатын жетілдіруге, ғылыми-техникалық және көркемөнер творчествоға көбірек арналатын болады. Физкультура мен спорт адамдардың күнделікті тұрмысынан берік орын алады. (Партия Программасы, 121—122-бет).

Осының арқасында адамдар арасында коммунистік моральдың: «Адам—адамға дос, жолдас және туыс» деген аса маңызды принципі орнайды. Коллективизм адамның саға-сезіміне және жүріс-тұрысына берік сіңіп келеді. Жолдастық ынтымақ және өзара көмек қарым-қатынасы біздің бүкіл өмірдің көркіне айналды. Халық бұқарасы мыңдаған жылдар бойы жасап шығарған жалпы адамзаттық негізгі моральдық нормаларын (адалдық, шыншылдық және тағы басқалары) коммунизм жеке адамдардың арасындағы қатынастарда да, сондай-ақ халықтар арасындағы қатынастарда да мызғымайтын өмірлік ережелерге айналдырады. Сонымен бірге коммунистік мораль коммунизм құрылысының кодексінде бейнеленген жаңа принциптер, жаңа мазмұн негізінде байды.

Коммунизм құрылысшылары өмірінде адамгершілік қасиет барған сайын үлкен орын алып келеді. Адамгершілік қасиеттің ықпалының өсуіне орай моральдық кодексе жасалып отыр. Насихатшы мұны атап көрсетуге тиіс. Елімізде социализм, коммунизм құрылысын өрістетуге арқасында, партияның, совет мемлекетінің, қоғамдық ұйымдардың идеологиялық, тәрбие жұмысының нәтижесінде халықтың моральдық-саяси бірлігі қалыптасып, нығайды, мінез-құлқы мен сана-сезімі коммунизмге сай жаңа адам өсіп келеді. Дәл кәзір: «Қоғам өміріндегі адамгершілік негіздердің ролі барған сайын арта түседі, моральдық фактордың әсер ету өрісі ұлғайып, осыған сәйкес адамдардың арасындағы қарым-қатынасты әкімшілік жолмен реттеп отырудың маңызы азаяды» (Партия Программасы, 118-бет, пункт «б»).

Бұл қағиданы нақты мысалдармен дәлелдеу керек. Атап айтқанда, халық жасақтарының, жолдастық соттардың қоғамға жат қылықтарға қарсы күресін мысалға алуға болады. Еңбекшілердің жалпы жиналыстары, кәсіпорындарда, мектептерде, колхоздарда, халықтың тұрағында құрылған қоғамдық комиссиялар мен комитеттер социалистік, коммунистік тұрмыс ережесінің асыл принциптерін орнықтыруда үлкен роль

ятқарады. Партия қолдап, бағыттап отырған бұқара бастамасы адамдар арасындағы қарым-қатынасты қоғам болып реттеудің жаңа жөн-жобасын туғызуда. Мұның өзі социалистік мемлекеттіліктің коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына бірте-бірте ұласуының нақты көрінісі екенін атап көрсету керек.

Насихатшы буржуазиялық салт-сана мен дағдыны жоюдың, совет адамдарын коммунистік мораль рухында тәрбиелеудің жолдарын және құралдарын түйіп айтқаны жөн.

Еңбекшілердің жолдастық тәртібінің дамып нығаюы және олардың белсенділігінің, іскерлігінің, жауаптылығының артуы «капитализмді және өндіріс құрал-жабдығына жеке меншіктің үстемдігі арқылы құралған әдеттерді біржолата жеңудің бірден-бір құралы болмағанмен де, ең басты құралы»,—дейді В. И. Ленин. «Бұл қайта тәрбиелеу, — деп атап көрсетті ол, — мың түрлі тараптарда, жұмысшылар мен шаруалардың өз тәжірибесі арқылы іс жүзінде жүріп жатыр» (Шығармалар, 29-том, 100-бет). Коммунистік қоғам орнатудың ұлан-асыр жұмысына белсене қатысу ең күшті тәрбие екені өзінен-өзі аян.

Партияның, басқа да қоғамдық ұйымдардың еңбекшілер арасындағы идеялық-тәрбие жұмысының үлкен маңызы бар. Коммунизм құрылысының мінезін, адамгершілік қасиетінің негізін семья мен мектеп қалайды. Партия Программасы жұртшылық пікірінің ықпалы, сын мен өзара сынның өрістеуі, қоғамның және жеке адамның өміріндегі қоғамдық борышты орындаудағы жақсы өнеге күші орасан зор тәрбиелік маңызға ие болады деп көрсетеді. Қоғамға жат қылықтарды жолдастық жолмен айыптау бірте-бірте буржуазиялық көзқарастардың, әдет-ғұрып пен салт-сана көріністерін жоюдың басты құралына айналады.

4. ПРОГРАММА ПАРТИЯНЫҢ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Жаңа адам коммунистік құрылыстың барысында тәрбиеленеді. Бірақ бұл өз алдына, өз бетімен бола қоятын нәрсе емес. Тиісті материалдық алғышарттар адамның жанжақты және жарасымды жетілуінің мүмкіндігін ғана жасайды. Демек, осы мүмкіндіктің болуын, қоғамның, әрбір адамның сол мүмкіндікті саналы, орынды пайдалануын қамтамасыз ету керек. Жаңа кешкі мектеп ашумен немесе жаңа клуб салумен іс бітпейді. Әрбір адамның осы мектеп пен клубқа баруға күштар болуы, білім алуға, үздіксіз өсуге құмартуы қажет. Жұмыс күнін қысқарту совет адамының ең үлкен игілігінің бірі болды. Біздің елде дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні орнады. Ал енді әрбір адам қосымша бос уақытын өзінің мәдени дәрежесін көтеру үшін, өндірістік мамандығын арттыру үшін пайдалануын қамтамасыз ету керек.

Адамның жанжақты және жарасымды жетілуін өмірдің өзі, коммунистік құрылыстың практикасының өзі талап етіп отыр: білімді тереңдетіп, сана-сезімді ұштап отырмасаң, өз қабілетінді үздіксіз дамытып, жетілдірмесең бүгінгі жаңа өмірдің белсенді, саналы құрылысы болу қиын. Біздің партияның, мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың алуан салалы тәрбие жұмысының арқасында адамның жанжақты және жарасымды жетілуіне жағдай жасалады. Қиын да күрделі бұл жұмыс адамның мінез-құлқын өзгертуді, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын жоюды, мінез-құлқы мен сана-сезімі коммунизмге сай адам тәрбиелеуді көздейді.

Коммунистік көзқарасты қалыптастыру, еңбек тәрбиесін күшейту және коммунистік мораль принциптерін орнықтыру мәселелері осы тақырыптың бастапқы тарауларында талданды. Сондықтан бұл тарауда насихатшы партияның халыққа білім беру, ғылым мен мәдениет саласындағы міндеттерін ашып көрсетуі керек. Мұнымен қатар совет халқының бұл саладағы үлкен жетістіктерін айту керек.

Халыққа білім беру саласындағы міндеттерді көрсете келіп, насихатшы жалпыға бірдей міндетті орта дәрежелі білім беруді жүзеге асыру жолдарын және мерзімін, жоғары және орта арнаулы білім беру шараларын баяндауға тиіс. Халыққа білім беру—еліміздегі коммунизм құрылысының құрамды бір бөлегі. Коммунизмге өту деген еңбегін де, сондай-ақ ой еңбегін де атқаруға, қоғамдық және мемлекеттік өмірдің түрлі саласында, ғылым мен мәдениет саласында белсенді қызмет етуге қабілетті, коммунистік сана-сезімді және жоғары білімді адамдарды тәрбиелеп, даярлап шығаруға байланысты екенін көрсету қажет. Партияның орта және жоғары мектеп, кәсіби-техникалық білім беру жүйесі және өндірістік оқу жөніндегі міндеттерін, сондай-ақ жас өспірім ұрпақты оқытып, оған тәрбие беру шарттарын үйірме мен семинарда дәл осы тұрғыдан талдау керек.

Ғылым саласындағы міндеттерді айтқанда мына екі мәселеге көңіл бөлу дұрыс.

Біріншіден, ғылымды қолдау қоғамның өндіргіш күштерінің қарыштап өсуінің шешуші факторына айналғанын атап көрсете келіп, ғылымды өркендету және оның жетістіктерін халық шаруашылығына енгізу партияның бұдан былайғы жерде де ерекше қамқорлық жасайтын ісі екенін түйіп айту қажет. «Білімнің аса маңызды салаларында, — делінген партия Программасында, — совет ғылымының қолы жеткен алдыңғы қатарлы позицияларды баянды ету және барлық негізгі бағыт бойынша дүниежүзілік ғылымда жетекші орын алу — совет ғалымдарының абыройлы ісі». (129-бет).

Екіншіден, ғылымды дамыту және жаңа адамды қалыптастыру міндеттерінің ажыраспас байланысын дәлелдеу қажет. «Ғылым мен техника қарыштаған зор қар-

қынмен дамытылып отырған біздің ғасырымызда ғылымның жетістіктерін жоспарлы түрде және барлық жағынан бірдей пайдаланбайынша, қоғамды және адамның жеке басын дамыту мүмкін емес» (Н. С. Хрущев жолдастың партия Программасы туралы баяндамасы, 99-бет). Насихатшы мұны мына мысалдармен дәлелдей алады: ғылым адамның түсінігін, көзқарасын байытады, әлем құбылыстарын оның көз алдына жайып тастайды, адамға табиғатты билеп, меңгеру жөнінде көмектеседі, сөйтіп ғылыми көзқарастық қалыптасуына жағдай туғызады, демек, «табиғаттан тыс таңғажайып күштер» туралы ойдан шығарылған өтіріктің, соқыр сенімнің, теріс ұғымның және тағы сондайлардың өрісін әбден тарылтады да, бара-бара мүлде жояды. Социализм жағдайында ғылым жетістіктері халық шаруашылығына молынан енгізіліп, ғылымның дамуына, өндіріс технологиясының жетілдірілуіне көмектеседі. Ал енді техникалық прогресс дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жоюға көмектеседі, мұның өзі еңбекті адамның өмірлік қажетіне айналдырудың маңызды бір шарты.

Насихатшының партияның қоғамдық ғылымдарды дамыту жөніндегі міндеттеріне арнап тоқталғаны жөн. «Бұл саладағы басты мәселе, — дейді партия Программасы, — коммунистік құрылыс практикасын зерттеп, теориялық жағынан қорыту, социализмнің экономикалық-саяси және мәдени дамуының, оның коммунизмге ұласуының негізгі заңдылықтарын зерттеу, коммунистік тәрбие беру проблемаларын шешу болып табылады». (127-бет).

Мұнан әрі партияның мәдени құрылыс, әдебиет пен өнер саласындағы міндеттерін ашып көрсету қажет. Бұл міндеттерді партия Программасының мына қағидасы тұра бейнелейді: «Коммунистік қоғам орнатуды кеңінен өрістетуді дәуіріндегі мәдени даму — ұлы мәдени революцияның аяқталу кезеңі. Бұл кезеңде коммунизмнің жеңісі үшін барлық қажетті идеологиялық және мәдени жағдайларды жасау қамтамасыз етіледі». Партия Программасы туралы баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас бұл кезеңнің ең маңызды міндеттерін былай тұжырымдады: «барлық жұмысшылар мен шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесін интеллигенцияның дәрежесіне жеткізу, сөйтіп ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жою» (97-бет). Насихатшы халыққа білім берудің адамды жанжақты жетілдіруде қандай роль атқаратынын айтты. Қоғамның мәдени жағынан ұдайы ілгерілеуін қамтамасыз ету мақсатымен партия әдебиет пен өнердің, мәдениеттің гүлденуі жөнінде, совет адамдарына эстетикалық тәрбие беру, халықтың көркемдік талғамдары мен мәдени дағдылары жоғары болуы жөнінде үздіксіз қамқорлық жасайды.

Мәдениеттің материалдық базасын одан әрі қуатты түрде өркендету жөнінде партия Программасында белгіленген шараларды айта келіп, насихатшы мәдени мекемелердің елімізде біркелкі орналасатынын атап көрсетуге тиіс. Бұл деревня мәдениетінің дәрежесін қала мәдениетінің дәрежесіне дейін бірте-бірте көтеруге, жаңадан игеріліп жатқан аудандарда мәдени өмірдің тез өркендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Коммунизмге өту жағдайында мәдениеттің барлық саласындағы творчестволық жұмыс ерекше жемісті және қоғамның барлық мүшелерінің қолынан келетін жұмысқа айналады. Мұны осы коллективтің, ауданның, қаланың, облыстың өмірінен алынған нақты мысалдармен (өнертапқыштық, жаңашылдар қозғалысы, көркемөнерпаздықтың дамуы, еңбекшілердің әдеби творчествосының шарықтауы және басқалары) дәлелдеу пайдалы.

Партия Программасының әдебиет пен өнер саласында алға қойған міндеттерін айта келіп, бұл төртінші тарауды мына пікірмен тұжырымдаған дұрыс: «Дүниежүзілік мәдениетте жасалған не жақсының бәрін өз бойына жинақтап алып, онан әрі дамытушы коммунизм мәдениеті—адамзаттың мәдени дамуындағы жаңа, жоғары саты. Бұл мәдениет қоғамның рухани өмірінің барлық алуан түрі мен байлығын, жаңа дүниенің жоғары идеялылығы мен адамгершілігін жарқын бейнелейді. Бұл тапсыз қоғамның мәдениеті жалпыхалықтық, жалпы адамзат мәдениеті болады» (Партия Программасы, 129-бет).

* * *

Бүкіл тақырыпты оқып-үйренуге қорытынды жасай келіп, насихатшы жаңа адамды тәрбиелеу, қалыптастыру — күрделі де ұзақ процесс екенін атап көрсетеді. Жаңа адамды қалыптастыру партия мен халықтың елімізде коммунизм орнату Программасын жүзеге асыру жолындағы күресімен өзектес мәселе. Үйірме мен семинардың тыңдаушылары бұл мәселені партияның XXII съезінің материалдары мен документтерін жақсылап оқығанда ғана терең түсініп, ұғынады.

Үйірме мен семинардың тыңдаушылары партияның идеология, тәрбие, білім, ғылым мен мәдениет саласындағы міндеттері коммунизм орнату жолында еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің біртұтас программасының құрамды бөлегі деп білуге тиіс. Бұл Программа қоғамдық дамудың материалдық қажеттерінен туады, коммунизмге өтудің құрамды және қажетті шартының бірі болып табылады. «Коммунистік құрылыстың мүдделері, — деп көрсетті Н. С. Хрущев жолдас партия Орталық Комитетінің XXII съезге есебінде, — коммунистік тәрбие мәселелеріне әрбір партия ұйымының, бүкіл жұртшылықтың баса көңіл бөлуін және мұны өз қызметінің арқауы етуін талап етеді».

Партия тұрмысы

Колхоз коммунизмге бет алды

Ақсудың бойы кең жазық, маңдай алдымыздан сол жазираны көмкеріп жатқан қарлы қарт Алатау нақ іргемізде тұрғандай боп көрінеді. Жүрдек машинаға 20 шақырым деген не тәйірі! Біз табиғаттың әсем көрінісіне тояттап болмай-ақ шофер жігіт:

— Міне, Киров колхозының шетіне кірдік, мынау солардың алма бауы, — деп жолдың шетіне қарай негімен нұсқады.

Бау әлі жеміс бермеген жас екен, отырғызылғанына бір-екі жыл болған сияқты. Машинаның терезесінен қалай қарасаң да жас өрім сапқа тұрған әскер секілді оқтай тізіліп көрінеді. Шашау шыққан біреуі болсайшы шіркіннің!

Көп кешікпей, «Қарамұрт» аулына жеттік. Қасымдағы жолдасым: — Қалай, коммунизмнің иісін сезесің бе? — деп әзілдедім. Алтынбектің де бұл ауылға бұрын жолы түспеген екен. Ол да жан-жағына алақтауда.

Осыдан қысылды ма қайдам, ол менің сөзіме іле жауап бермей, бөгеліп қалып еді, сөзді шофер жігіт іліп әкетті де:

— Бұл ауылдан коммунизмнің иісін ғана емес, өзін де көресіздер әлі, — деп қалды.

Қарапайым еңбеккердің осы нық сөзі оның жүрегіне ұялаған бір зор сенім мен жігердің жарқ еткен сәулесі секілді боп көрінді маған...

Сүйікті партиямыздың елімізде коммунизм сарайын — **Бейбітшілік, Еңбек, Бостандық, Теңдік, Туыскандық, Бақыт** сарайын — орнатудың жолдарын көрсетіп берген жаңа Программасымен қаруланған халқымыз коммунизмдегіше еңбек етіп, тұрмыс құруға жаппай кірісті. Коммунистік еңбек жолындағы жарыс қалалармен бірге ауылдарды да кен шарпыды. Республикамызда мұндай жоғары да құрметті атақ ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ішінде бірінші болып, Оңтүстік Қазақстан облысының осы Киров атындағы колхозына берілді.

Сондықтан ба, «Қарамұртқа» жол тартқан адам өзінің аңсаған арманына, көксеген келешегіне қарай бет алып бара жатқандай сезінеді екен. Машина ішіндегі үшеуіміздің де ойымызды осы бір сезім биледі, оны әрқайсысымыз іштей сезіп келеміз.

Колхоз ауылы көрікті екен. Түзу де кең көшенің екі жағында қатар тізілген зәулім теректер. Мұның бержағында электр, телефон, радио сымдары тартылған бағаналар да машинамен жарысып келеді. Ағаштың тасасынан үйлердің терезесі, кейде бұрышы жарқ етсе, әр жерден биік айқыш-ұйқыш телевизор антенналары да көрініп қалады.

Біздің сапарымыз Оңтүстіктің ерте көктемінде көп бола бермейтін жылы да ашық күндердің біріне тап келген екен. Күміс күннің мейірлі нұры ауылға ерекше бір сұлу өң беріп тұр. Мұның үстіне әр жерде көшеге орнатылған радиодан төгілген бір тәтті күй сазы осы ауылды шетсіз де шексіз қуанышқа толтырып жібергендей.

Кәзіргі Киров атындағы колхозға 1958 жылы бұрынғы Микоян және Киров аттарындағы екі артель бірігіпті. Осыдан болу керек, ауыл да екі бөлек, бірақ іргелес. Бірінші ауылдан шыға көше бойындағы ағаштар қатары үзіле бере, жол оңға бұрылды да, болашақ бір жаңа көшенің желісі байқалып қалды. Көше бойындағы үйлердің бәрі бір сияқты верандалары көк сырмен боялған, еңсесі көтеріңкі, сымбат-

ты. Кейін білдік, бұл колхоздың артель мүшелеріне арнап салып беріп жатқан жаңа үйлері екен. Кәзір бұл үйлерге озат малшылардың семьялары кіріпті.

Колхоз басқармасына келсек, мұнда партия жиналысы болып жатыр екен. Мұндай оны келер ме! Мана аудандық партия комитетінің бірінші секретары Әділ Байжанов жолдасқа кіріп, Киров атындағы колхозға баратынымызда айтқанымызда: «Ол колхоз туралы бір нәрсе жаза қалсаңыз, партия ұйымына, коммунистерге көбірек көңіл бөліңіз. Колхозға атақ пен абырой әперген солар» деп ескертіп еді.

Коммунистер жиынының үстінен түскенімізге қуандық. Талқыланып жатқан мәселелер де мәнді болып шықты. Коммунистер колхоз председателі Пірназар Үбайдуллаев жолдастың артельдің шаруашылығы мен мәдениетін өрге бастыруда қол жеткен өткен жылғы табыстары мен биылғы міндеттері туралы баяндамасын талқылауда...

— Әсіресе соңғы екі жыл артельдің тарихына алтын әріппен жазылады, бұл жылдары колхозшыларымыз осы отырған коммунистердің бастауымен коммунизмдегіше еңбек етіп, тұрмыс құру жолында қажырлы күрес жүргізді, — деп мақтанышпен айтады колхоз председателі. Шынында да коммунистер тұрмыста да және шаруашылықтың қай саласында болсын ісімен де, сөзімен де үлгі көрсетті. Міне соның нәтижесін есіткен әрбір адам коммунистерге сөз жоқ риза болады.

Артель өткен жылы мемлекетке етті, сүтті, астықты, жұмыртқаны, қарақұл елтірісін, жібек пілләсін, овощ және басқа өнімдерді жоспарда белгіленген мөлшерден әлдеқайда артық сатқан. Колхозшылар социалистік жарыста алған барлық міндеттемелерін абыроймен орындап шыққан. Республиканың Жоғарғы Советі мен Министрлер Советі колхоз еңбекшілерінің соңғы жылдардағы қажырлы еңбегін жоғары бағалап, оған ауыспалы Қызыл туын түпкілікті сақтауға берген. Колхоздың қоғамдық шаруашылықтан алған бір жылғы жалпы табысы 800 мың сомнан асады. Бұл 1960 жылғыдан 300 мың сом көп.

Мұншалықты ілгері басу бір жылдың үлесіне аз емес сияқты. Бірақ коммунистер, жиналысқа қатынасып отырған партияда жок актив бұл табыс мүмкіндіктің шегі емес екенін, әлі де шаруашылықтың кейбір саласынан табыс аз алынып келе жатқанын жақсы біледі. Сондықтан да оларды терең ойландыратын болашақтың мәселесі, олар осы мүмкіндіктерді сарқа пайдаланудың жолдарын іздейді.

Коммунист Сатыбалдиев: біздің колхозда соңғы жылдары мал шаруашылығы біршама өрге басқанмен, оның өнімділігі төмен, дейді. Егістік жердің 100 гектарына шаққанда 75 центнерден, басқа жердің гектарынан 16 центнерден ет алу жөнінде партия қойып отырған талаптардың дәрежесіне жету үшін көп жұмыс істеуіміз керек. Бізде сүт те аз алынады. Коммунист бұл нысанаға жетудің бірден-бір дұрыс жолы жемшөп қорын молайту, мал тұқымын асылдандыру деп көрсетті.

Қарт коммунист Сейдуллаев Абдаланы қатты ойландырып жүрген құс фермасының жағдайы екен. Ол бұдан бір жыл бұрын өзі сұранып, құс фермасына барады. Абдалы өзіне көмекші етіп баласын алады. Бұған дейін құс фермасының жағдайы нашар болып келген екен. Ол бір жылдың ішінде әрбір мекиеннен алынған жұмыртқаны екі есе көбейтіп, 70-ге жеткізді, былтыр мемлекетке 61 мың жұмыртқа тапсырды.

Сейдуллаев жолдас өз жұмысының бұл нәтижесіне мүлде риза емес. — Құс өсіру — етті молайтудың аса бай қосымша көздерінің бірі, — дейді ол. Қарт коммунист өткен жылы жаз басында-ақ үйрек, қаз өсіру. Бұл үшін құс қораларын жөндеу жөнінде колхоз басқармасына нақты ұсыныс енгізілті. Бірақ колхоз басқармасы мен партия бюросы коммунистің бұл ұсынысын жүзеге асыруға қамқорлық жасамаған. Міне, бүгін ол жұмыстағы осы кемшілікті барлық коммунистердің талқысына салғанда көп болып кеңесіп, бұл мәселенің шешімін таппақшы.

Осы жиналысқа қатынасып отырған 74 коммунист, 50-ден астам актив артель шаруашылығы мен мәдениетін өркендетудің мәселелерін қызу талқылай отырып, колхоздың биылғы алған социалистік міндеттемелерін орындау күресіне еңбекшілерді жұмылдырудың нақты шараларын белгіледі.

Биылғы жыл — жетіжылдықтың төртінші жылы — артель экономикасын, колхозшылардың тұрмысын көтере берудің айтулы жылдарының бірі болмақшы.

Биыл Киров атындағы колхоздың дихандары мен механизаторлары бидайдың гектарынан 12 центнерден, жүгерінің гектарынан 50 центнерден дән, сүрлемдік жүгерінің гектарынан 500 центнерден собықты көк пая алмақшы. — Мұнша астық, — дейді колхоз председатели Үбайдуллаев жолдас, — мемлекет алдындағы борышымызды толық өтеп, колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 2,5 килограмнан астық беруге жетеді. Сонымен бірге мал құнарлы азықпен толық қамтамасыз етіледі.

Артель экономикасын қарыштатып алға бастыруға мал өсірушілердің қосар үлесі де мол болмақ. Олар биыл төлдейтін әр 100 малдан 115 козы, 85 бұзау, 75 құлын, әрбір мегежіннен 12 торай алмақшы. Кировтықтар мемлекетке 190 тонна ет, мұның 99 тоннасы шошқа еті, 495 тонна сүт, 380 центнер жүн, 70 мың жұмыртқа сатады. Осылардың нәтижесінде артельдің жылдық табысы бір миллион сомнан асады.

Кәзір партия ұйымының күш-жігері колхозшыларды өздері қабылдаған осы міндеттемені орындау жолындағы күреске жұмылдыруға бағытталған.

Артель партия ұйымы коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарысты ұйымдастыра отырып, бай тәжірибеге ие болды. — Партия ұйымының коммунистік еңбек жарысына колхозшылар бұқарасын бір кісідей жұмылдыру күресінде қол жеткен ең басты табысы, — дейді партия ұйымының секретары Әбдікәрім Мұталов жолдас, — бізде қоғамдық еңбекке, артельдің ортақ мүлкіне деген көзқарас мүлде өзгерді. Партия ұйымы еңбекшілерді коммунистік саналылыққа тәрбиелеуді оларды еңбекке жұмылдырудан, адамдарды шындыққа, адалдыққа тәрбиелеуден бастаған.

Бұл жөнінде колхоз коммунистері, актив бұқараға үлгі-өнеге көрсеткен. Бұл заңды. Өйткені, бүгінгі колхозды коммунизмнің асқар белегіне қарай аттанып бара жатқан ұлы көш десек, коммунистер сол көште керуен басы емес пе? Халық нақылы: «алдыңғы доңғалақ қалай жүрсе, артқы доңғалақ солай жүреді» деп бекер айтпаған.

Партия ұйымы мен колхоз басқармасы артельде саналы тәртіп орнатуды ең алдымен коммунистер мен колхоз активіне жоғары талап қоюдан бастаған. — Бұл жолда талай кедергілерді бұзып, талай қиыншылықтарды жеңуге тура келді, — дейді партия ұйымының секретары. Ол бұдан екі жыл бұрын болған мынадай бір оқиғаны өсіне алды.

1960 жылдың көктемі болатын. Колхозшылар бұта басып кеткен ағаштың түбірлері бар жер учаскесін тазартып, жыртуға әзірледі. Осынан шығарылған шыбық пен ағаш томарларын колхоз базасына түсіртудің орнына бригадирлердің біреуі өз үйіне түсіртіп алады. Бригадирдің жеке меншікшілдік қылығы сол күні кешке партбюро мен колхоз басқармасының біріккен мәжілісінде талқыланып, қоғам мүлкіне суық қолын сұққаны үшін ол қызметінен босатылды. Сонымен бірге ол бригадирден ертеңіне сағат онға дейін үйіне түсірткен отынды жұртшылықтың көзінше колхоз базасына әкеліп, өз қолымен жию талап етілді. Сол күні ауыл радио торабынан партбюро мен колхоз басқармасының осы шешімі бірнеше рет хабарланды. Ертеңіне кешке ол шешімнің толық орындалғаны тағы да радиодан жарияланды. Бұл оқиға талай адамдарға сабақ болды. Содан бері колхоз активінің бірде-бірі мұндай жолсыздық жасаған емес.

Партия ұйымы бұқара арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізуге радио торабын шебер пайдаланады екен. Колхоз орталығынан күніне таң ертең және кешке үзбей хабар беріліп тұрады. Бұл хабарды ұйымдастыратын және жүргізетін комсомол ұйымының секретары жас коммунист Сәлиев жолдас екен. Колхоз радиосының өткір сыны мен сықағы талай жалқау мен дүниеқордың шымбайына қатты батқан. Сынға іліккендердің көпшілігі-ақ бұл күнде кемшілігін түзетіп, колхозда адал еңбек етіп келеді. Бізге бұрынырақ болған бір оқиғаны Сәлиев жолдасының өзі айтып берді:

— Бір колхозшы әйелдің артель жұмысынан тайқақтап, сәудегершілікпен шұғылданып жүргені туралы радио-хабар редакциясына дабыл түседі. Бір күні жаңағы әйел «жығылған үстіне жұдырық» дегеннің кері келеді де жұмыстан қайтарда 10 килограмм жүгері ұрлап, қолға түскен. Сол күні кешке колхоз радиосынан ол туралы өткір сықақ фельетон оқылды. Бұл фельетон ертеңіне бригада мүшелерінің жалпы жиналысында талқыланды. Бригада мүшелері ол колхозшыны кепілдікке алды. Бірақ ол қорқақ жан болып шықты. Өз айыбын іспен ақтап, адал колхозшы деген ардақты атын қайтып алудың орнына, бір күні басқа жаққа көшіп кетті. Ондай арамтамақтың арамыздан кеткеніне өкінгеніміз жоқ,—дейді Сәлиев жолдас.

Міне мұндай кемшіліктің барлығы кәзір артель тарихының ғана дерегі болып қалды. Колхозда соңғы екі жылда еңбек минимумын таппаған бірде-бір колхозшы жоқ.

Партияның Программасында: коммунизм кезінде еңбек барлық жұрттың ең бірінші өмірлік керегіне және түсініп сезінген қажетіне айналады, әркімнің қабілеті халық үшін барынша пайдаланылады, деп көрсетілсе, кировтықтардың ісі мен жоспарынан осының айқын нышандарын көруге болады.

Коммунизм ең алдымен адамдардың іс-әрекетінен, сана-сезімінен көріне бастайды. Міне, сондықтан да партия мен үкімет Иван Малашенконы, Евгения Долинюкті, Әзімхан Шақабаевты, Ярослав Чижды және басқа көптеген еңбек озаттарын заманымыздың ерлері, халықты коммунизмге қарай бастайтын шамшырақтар деп санап, барлық еңбекшілерді солардан үлгі алуға шақырып отырған жоқ па? Осындай шамшырақтардың қатары көбейген сайын еліміздің коммунизмге қарай басқан қадамы ірілей де шапшаңдай беретіні айқын.

Міне бүгін осы артельде де еңбек озаттарының қатары ондап санаады. Тіпті көктем егісі, егін жинау, егістерді баптап-күту кездерінде күндік нормаларын 2—3 есе асырып орындамаған бірде-бір колхозшы болмайды! Бұл қоғамдық еңбекке көзқарастың жаңа көрінісі емес пе? Бірақ солардың ішінен бүгіннің өзінде коммунизмдегіше еңбек етіп, қоғамдық еңбекте ерекше нәтижелерге жеткен ардагерлерді атап көрсетпеске болмайды.

Колхоздың аға шопаны коммунист Мүсілім Розақұловты ауыл емес, бүкіл аудан еңбекшілері мақтан етеді. Ол өз отарын бір жылда екі рет қоздатып, әрбір 100 саулықтан 221 қозы алды. Біз Мүсілімді өз отарын қорадан шығарып, сүрлем салынған аласа кереге көз атакырларға жауып тұрған жерінде кездестірдік. Қойға атакырдан шөп бергенді көрген жоқ едік, астаудан жем-тұз беретін еді!

Біздің таңырқап қалғанымызды сезді білем Мүсілім:

— Жүгері сүрлемі сияқты құнды азықты жерге шашып, аяқ асты ету обал, атакырдан мына жас қозылар да жақсы жейді, — деп бір аппақ қозыны ұстап бізге көрсетті.

Мүсілімнің отары январь-февраль айларында түтел қоздап болыпты. — Май айына дейін бұл қозылар кебе болады, сол кезде енесінен айырып, июнь айында қайтадан күйек ала бастаймыз, — дейді шопан.

Коммунист шопан биыл бір жана, игілікті іс бастапты. Ол шопандардың комплексті бригадасын құрған. Оның мұндағы мақсаты қойды жийелетіп қоздату жөніндегі өз әдісін басқа шопандарға үйрету. Бригадада үш отар қой болады. Мүсілім қалған екі отарға да өзінің бұрынғы көмекшілері Рыхсуат Қашымов пен Арықбай Шамұратовты аға шопан етіп бекіттірген. Бұлар осы ауылда онжылдық мектепті бітірген жастар. Шопандар бригадасы екі жылда әр отарды үш рет қоздатып, әр жүз саулықтан 350-ден қозы алмақшы. Сонда бұлар колхоз қорасына екі жылда жоспардан тыс 2 400 қой кіргізеді екен.

Колхоз өндірісінің қай саласында болса да озат тәжірибе мен ғылым жаңалықтары жаппай енгізіле бастаған. Бұл да коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарыстың игі нәтижесі екені айқын. Мұнда малдарды қолдан ұрықтандыру, малды тез семірту үшін биостимуляторларды пайдалану, коспа тыңайтқыштар жасау сияқты озат әдістер жаппай қолданылады. Артель мал өсірушілері мен дихандарының қайсысымен сөйлесе қалсаң да бұл айтылған әдістердің олар үшін жаңалық емес екеніне көзің әбден жетеді.

Мал шаруашылығына кеңінен пайдаланыла бастаған жаңалықтың бірі сиырды қорада байламай ұстап, электрмен сауу. Колхозда 200 сиыр байлаусыз ұсталып, электрмен сауылады. Артель сауыншылары бұл жаңа әдістің тетігін Қырғызстанның «Жаңа мақта» совхозына барып, үйреніп қайтқан. Сауыншыларды партия ұйымы секретары Мұхтаров жолдастың өзі бастап барған.

Кәзір бұл озат әдісті қолданудың нәтижесінде товарлы-сүт фермасының бейнесі, ондағы жұмыстардың сипаты мүлдем өзгерген. Енді мұнда қолында шелегі бар сауыншыны, басжип, күрек ұстаған бақташыны көрмейсіз. Малға шөп тасып беріл, оның қорасын тазалап жүрген де ешкім жоқ. Шөп пен сүрлемді сиырдың өзі маядан жейді, тек ағаш керегелерді жылжытып қана отыру керек. Мал суды да автомат суарғыштан ішеді. Мал түнеп шыққан қора мен бастырмаларға күніне жаңа сабан төселеді де, ол 3—4 айда бір-ақ рет трактормен тазартылады.

Цехта бірден 16 сиыр сауатын электр аппараты орнатылған. Ол 200 сиырды 2 сағатта сауып үлгереді. Бұл машиналарды басқарып тұрған Гүлсім Төлегенова мен Ырысай Расулованы, Зухра Шадиеваны сауыншы емес оператор десе де болғандай. Олардың үстінде ақ халат, көздері приборда, қолдары басқару тетігінде.

Жастарды электрмен сиыр сауу тетігіне үйретуде коммунист Гүлсім Төлегенованың еңбегі зор. Ол өзі білгенін басқаға үйретуді ең бірінші парызым деп санайды. Гүлсім өзінің серігі әрі сіңлісі Ырысайды партияға өтуге даярлады. Жақында Расулованы бастауыш партия ұйымы партия қатарына қабылдады.

Сиырды байламай ұстап, электрмен сауудың экономикалық пайдасын түсіндіре келіп, ферма меңгерушісі Сман Жаналиев жолдас бізге көптеген цифрларды айтқан еді. Содан сақталып қалғаны мыналар: бұрын сиырды қолмен сауып жүргенде 200 сиырды 16 сауыншы сауады екен де, 5 бақташы күтеді екен. Кәзір фермада 3 сауыншы, 3 бақташы бар. Оның біреуі механик, барлық машиналарды сол басқарады. Жаңа әдіске көшудің нәтижесінде фермада ай сайын 1000 еңбеккүн үнемделеді екен. Үнемделген еңбеккүннің өзінен ғана қора жайды салуға жұмсалған қаржы бір жылда өтелмекші.

Бұл жаңа әдісті пайдаланудың тиімділігін былай қойғанда оның колхозшы еңбегінің сипатын өзгертіп, оны мамандандырылған, мол өнімді еңбекке айналдыруы — бәрінен де үлкен жеміс емес пе? Міне, бұл коммунизм кезіндегі еңбекке жол ашылды деген сөз.

Биыл колхоз 300 сиырды байламай ұстап, электрмен сауатын жаңа ферма жайын салмақшы. Сөйтіп, келешекте әр сиырдан 4 мың литрге дейін сүт алуды мақсат етіп қойып отыр.

Артельдің қоғамдық еңбегіндегі жаңа, коммунистік беталысты біз егілшілік пен мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландырудан, ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін пайдаланудан ғана емес, сонымен бірге жерді дұрыс пайдаланудан, нерұрлым тиімді дақылдарды іріктеп алып, шаруашылықты дұрыс мамандандырудан да көрдік.

Бұдан үш жыл бұрын артель басқармасы бау мен жүзімдіктерді көбейту, шаруашылықты овощ, жеміс өндіруге мамандандыру туралы шешім қабылдаған. Бұл дақылдар әр гектардан табысты мол бергенмен жұмысшы күшін көп талап етеді. Артельдегі бар жұмысшы қолы 1500-ден аспайды. Шаруашылықтың жаңа бағытына көшу үшін көп адам керек болған. Партия ұйымы мен колхоз басқармасы бұл мәселені колхозшылардың жалпы жиналысына салып, ақылдасып шешуді ұйғарды. Колхозшылар бұқарасы бұл мәселенің шешімін тапты.

Колхоз жұмысынан жасы асқан қарттар өздері талаптанып овощ, бау өсіру бригадасын құрды. Оның қатарына жастары 60—65-тен асқан 50 қарт колхозшы жазылды. Бригаданы «Қарамұртта» колхоз құрылысының негізін салушылардың бірі—Шерметов Мәдез ақсақал басқарды. Бұл бригада алғашқы жылдың өзінде-ақ 40 гектар жүзімдік және 100 гектар алма бауын отырғызды. Кәзір олар баудың көлемін 300 гектарға, жүзімдікті 80 гектарға жеткізді. Осынша бау-бақшаны және оның арасына уақытша егіліп жүрген овощ дақылдарын бригада мүшелерінің өздері күтіп-баптап өсіруде. Келешекте артель бауды 500 гектарға, жүзімдікті 100 гектарға жеткізбекші.

Біз Мәдез ақсақалмен артель шайханасында кездестік. Мәдез ата бізге колхоз бауының келешегі, алма көшеттерін отырғызудың өзат әдістері туралы көп әңгіме айтып берді. Бір гектар жүзімдік немесе алма бауы әбден кемеліне келген кезде артельге 8—10 мың сомға дейін табыс беретінін де біз сол кісінің әңгімесінен білдік. Мұнымен қандай дақыл пар келе алады!

—Өткен жылы қанша еңбек таптыңыз?—деп сұрадық.

—284 еңбеккүн.

Бұл аз көрінді де:—колхоздан алған табысыңыз үй ішіңізге жеткілікті ме?—деп сұрап қалдым.

Мәдез ақсақал бұл сұраққа тіксініп қалды білем, даусын көтеріп кіреп былай деді:—Шырағым, мен де, мынау отырған шалдардың көпшілігі-ақ табыс табуды ойлап жүргеніміз жоқ, колхоз еңбегімізге қарай беріп жатыр, оның жөні басқа. Біз өзіміздің ұлдарымыз бен қыздарымыз коммунистік еңбек колхозы атағын алу үшін жарысқа қосылғанын есіткен кезде бұл істен шет қала алмадық. Өзара кеңесіп, немере-шөбелерімізге бізден ескерткіш болып қаларлық бау орнатып бере-йік дедік.

Ақсақалдың бұл сөзін оның серіктері қостап кетті.

Артель басқармасы да қарт колхозшылардың шабытты еңбек етуіне жақсы жағдай туғызыпты. Жасы асқан колхозшыға егер ол жұмыс істесе, күнделікті нақты тапқан еңбегіне 40 процент қосымша еңбек жазылады екен. Колхоз басқармасының ұсынысы бойынша, колхозшылардың жалпы жиналысы осы жүзімдік пен бау жеміс бере бастағаннан кейін бұл бригаданың әрбір мүшесіне бүкіл өмір бойы кәзіргі тапқан еңбегінің орта мөлшеріндей еңбек жазып отыруды ұйғарыпты.

Бұл игілікті де өнегелі шешім. Партияның жаңа Программасында: коммунизмге қарай ілгері басқан сайын адамның жеке басының қажеттері қоғамдық қордың есебінен көбірек қанағаттандырылатын болады, деп көрсетілген. Бұл қағиданың да жүзеге аса бастағанын осы артельдің тәжірибесінен айқын көруге болады.

Артельде кәзірдің өзінде колхозшылардың бірсыпыра қажеттері қорамдық қордың есебінен өтеле бастаған. Мұнда колхозшылар радионы, электр жарығын, шаштараздың қызметін, моншаны тегін пайдаланады. Колхоздың барлық бригадаларында да егіс басында жақсы жабыдықталған қостар салынған. Оның жанында кітапхана, демалыс бөлмелері бар. Колхозшылар жаппай жұмыс істейтін жаз кезінде егіс қостарында оларға тегін түскі тамақ беріледі. Мұның өзі колхозшының уақытын үнемдеуге, жұмысын жеңілдетуге көмектесіп отыр. Колхоз наубайханасы нанның алуан түрлерін пісіріп, колхозшыларға арзан бағамен сатады. Колхоз қоймасынан жыл он екі ай бойы овоштың барлық түрлері төмендетілген бағамен сатылып тұрады.

Мұнда жас ұрпаққа, бөбектерге жасалып отырған қамқорлық ерекше көзге түседі. Ауылда екі жерде ясли мен бақша бар.

Колхоз орталығындағы онбір жылдық мектеп—ауылдың мақтанышы. Мұнда колхозшылардың 800-ден астам баласы оқиды. Кәзір механизатор, сауыншы, шопан, болмаса ұйымдастыру жұмысында жүргендікті мектептің өзінде мұғалім болып жүрген азаматтардың барлығы дерлік осы мектепті бітіргендер. Бұл мектептен шыққан 70 тей жігіт пен қыз Алматы мен Ташкенттің жоғары оқу орындарында оқып жүр.

Мектеп пен колхоздың арасында берік творчестволық, өндірістік байланыс орнаған. Мектеп сапалы білім берумен бірге, жастарды еңбекке баулыл үйретуде. Өткен жылы мектеп оқушыларынан ұйымдастырылған жүгері өсірушілер бригадасы 80 гектар жерден 45 центнерден өнім алды. Биыл мұндай 4 бригада ұйымдастырылмақшы.

Колхоз аулында оқуға, білімге деген ынта ерекше зор екені сезіледі. Көптеген колхозшылар артельде ұйымдастырылған агротехникалық курстарда, механизаторлар даярлайтын курста оқиды. Механизатор мамандығын меңгеруге әсіресе қыздар жаппай аттанған. Екі жылдың ішінде 28 қыз механизатор болып шықса, кәзір 8 қыз сол курста оқиды. Осы курсты бітірген Атталова Әнжір, Әбдірахманова Қарамет, Самұханова Қәріма және басқалар колхоздың озат механизаторлары қатарында. Олар өткен жылда жүгерінің гектарынан 70 центнерге дейін дән алды. Жақында республика Жоғарғы Советінің Президиумы бір топ озат механизаторлар қатарында Атталова Әнжірге Қазақ ССР ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген механизатор деген құрметті атақ берді.

Партия ұйымы ауыл еңбекшілерінің саяси білімін арттыру жөнінде де ерекше қамқорлық жасап келеді. Экономикалық семинарда, партия тарихын үйренетін үйірмеде, саяси мектепте коммунистермен бірге жүздеген жай колхозшылар да оқиды. Бұлар кәзір партияның XXII съезінің материалдарын, партияның жаңа Программасын зор ықыласпен оқып үйренуде.

Колхозшылар қауымы артельдің экономикасын көтерумен бірге ауылдың мәдениетін гүлдендіріп, оған болашаққа сай жаңа көрік беру үшін де жұмылуда. Жақында колхозшылар колхоз ауылын көркейттіп, қайта салудың 15 жылдық жоспарын бекітті. Бұл жоспар бойынша жаңа мәдениет сарайы, асхана, шайхана және басқа мәдениет орындары салынады. Көшелер асфальтпен жабылады. Биылдан бастап колхозшылар үйіне газ плиталары орнатылады, ауыз су құбырмен келе бастайды. Бұл жоспардың орындалатынында күмән жоқ. Оның кепілі—колхоздың қорамдық табысының молаюы. Ол жетіжылдықтың ақырында 2 миллион сомға жетеді.

Колхоз аулының өміріне коммунизмнің өркендері берік еніп, партияның Программасында қойылған міндеттер жүзеге асуда. Коммунизмге қарай бет алған колхоз керуенін партия ұйымы, ауыл коммунистері бастап келеді.

Қ. ӘБІЛДАЕВ.

Аудан және облыстық ұйымдар

І. РАХЫМЖАНОВ,

Ұлытау аудандық партия комитетінің секретары

Ұлытау мал шаруашылығын өркендетуге аса қолайлы, жер байлығы ұшан-теңіз, болашағы зор аудан. Аудан Қарағанды облысының солтүстік-батыс жағында, бүкіл Эстон советтік республикасы сиып кететін 3842,8 мың гектардай жайылымды, шабындықты, егінді кең алқапты алып жатыр. Табиғи ауа-райы ерекшелігіне, географиялық жер жағдайына орай Ұлытау шөлейт аймақтардың қатарына қосылады.

Ұлытау өңірінің шаруашылықтары негізінен мал өсірумен шұғылданады. Қазір мұндағы совхоздарда 150 мыңға тарта қой, 18 мыңға жуық іріқара, 8 мыңдай жылқы бар. Бізде егіншілік те жыл санап қанатын кеңге сермей түсуде. Мамандардың есебіне қарағанда ауданымызда жүз мың гектардай тың жер көтеруге болады. Бұл жағдай Ұлытаудың ертен астықты алқапқа да айналатынын аңғартады.

Ұлытау—қазір өрлеу жолына түскен аудан. Бұл күндері ауыл еңбеккерлері өз мүмкіншіліктерін түгелдей азық-түлік өнімдерінің телегей-теңіз молшылығын жасау жолына жұмылдыруда. Шаруашылықтарымыз жыл санап алға басып келеді.

Ұлытау ауданының еңбеккерлері алып жетіжылдықтың үшінші жылы—1961 жылды тарих төріне келелі табыстармен шығарып салып, биылғы жылды сәтті бастап отыр. Малшыларымыз былтыр ет, сүт, жүн сатудың жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындады.

Бізде мол жер байлығын ұтымды пайдалана білетін шаруаға ұқыпты, еңбегі берекелі озаттар көп. «Ұлытау» совхозының білгір шопаны, КПСС XXII съезінің делегаты Ө. Жүнісовтың еңбегіне жұрт сүйсінеді. Ө. Жүнісов жолдастың мекені аудан орталығынан 500 километр қашықтықта, ежелден мал кіндігі аталған Қарақұмның төріне орналасқан. 1961 жылы озат шопанның қарауындағы 700 бойдақ қой тұяғынан майға басып, шайлап қалды. Оның қарауынан етке өткен нән семіз ақауыз қойдың орта салмағы 90 килограмнан айналды.

Отары семіз, қозысы егіз шопандардың қатарында Аманкүл Сламханова, Тілеулес Айтжанова жолдастардың да есімін марқабатпен атауға болады. Қазақ ССР Социалистік мал шаруашылығына еңбек сіңірген шебер, кәнігі шопан коммунист Қазыкең Қайырбеков жыл сайын жүз саулықтан 130—135 қозы алып, түгелдей аман өргізуде.

Біздің аудан бұрын экономикасы нашар дамыған, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспарларды үнемі орындай алмай жүрген аудандардың қатарында болатын. Сондықтан 1960 жылдың июль айында облыстық партия комитетінің бюросы Ұлытау аудандық партия комитетінің есебін әдейі талқылап, ауданда партиялық-қаяси, ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарды жақсартудың нақты шараларын белгілеген-ді. Сонымен бірге бюро ауданның кейбір қағажу қалған жақтарын жедел алға бастыруға көмек көрсетуді бірсыпыра облыстық мекемелерге міндеттеген болатын.

Осыған байланысты ауданымызда шаруашылыққа егі әсерін тигізген бірсыпыра елеулі шаралардың жүзеге асырылғанын атап айтуға болады. Соңғы жылдары бізде өткендегімен салыстырғанда құрылыс

кең өріс алуда, тек 1961 жылдың өзінде совхоздарымыз 1 926 мың сомнан артық қаржы игерді. Шаруашылық әдіспен жайылымды кеңейт бұлақ көздерін аршу жұмыстары жандана бастады.

Ауданның партия ұйымдары кадрларды жауапкершілігін сезіну, іске біліп, ғылыми негізде, жүйелі басшылық ету рухында тәрбиелеп келді. Кейінгі уақытта мал фермаларын басқарушылар қатары осы заманғы социалистік ауыл шаруашылығын өркендету әдісін жақсы білеті іскер кадрлар есебінен толықтырылды. Біз озат малшылардың патриоттық игілі бастамаларын, өнегелі құнды тәжірибелерін көпшіліктің орта ісіне айналдыруға әрдайым көңіл бөлеміз.

Осылардың нәтижесінде 1957 жылмен салыстырғанда бізде қой 3 процент, жылқы 70,4 процент көбейді. Әр жүз саулыққа есептегенде 1961 жылғыдан 14 қозы артық алынды. Аудан совхоздары 1960 жылды жаңа ақшамен есептегенде 470 мың сом шығынмен аяқтаса, шаруашылықтарымыз өткен шаруашылық жылын 450 мыңдай сом пайдаланумен аяқтады.

Бірақ, біз бар мүмкіндіктерді сарқа пайдаланып отырмыз деп айт алмаймыз. Совхоздарымызда әр жүз гектар жерге есептегенде 11,2 қой, 1,3 іріқара, 0,6 жылқыдан ғана келеді. 1961 жылы бір шаруашылық қажетіне пайдаланылып отырған жерге небәрі 3,2 центнер ет, 0,5 центнер сүт, 0,3 центнер жүн ғана өндірілді.

Қайсыбір облыстық мекемелер, ондағы басшы жолдастар әлі де болса Ұлытау ауданының ішкі мұң-мұқтажына терең үңіліп, ауыз толтырып айтарлықтай көмек көрсетпей келеді. Тіпті олардың қайсы біреулері өз тұсынан инициатива көтеріп жұмыс істемек түгіл, 1961 жылы берілген тапсырмаларды да орындағысы келмей отыр. Мысалы, 1961 жылы совхоздарда бүгінгі күннің талабына сай 3 мектеп, 2 интернат салып пайдалануға беру, аудан орталығындағы екі қатарлы мектеп үйінің құрылысын аяқтау, аудан орталығын төрт совхозбен телефон арқылы байланыстыру белгіленсе, осыдан тек «Қаракенгір» совхозымен телефон байланысы ғана іске асып отыр. Былтыр біздің ауданға облыс жоғары және арнаулы білімі бар 25 маман жібермек еді, ал бізге бұдан 5 маман ғана келді. Ұлытаудағы күрделі мәдени-тұрмыстық, шаруашылық орындарын мердігерлік әдіспен салу тапсырылған «Қазмедьстрой» құрылыс тресі (трест басқарушысы Воронов) өткен жылдың жоспарын 60 процент қана орындағанын қынжылып айтуға болады.

Жоғарыда айтқандай, біздің аудан жартылай шөлейт аудан болып саналады. Ұлытау баурайы — қой, жылқы үшін таптырмайтын қоныс, оның қайнар су көздері де мол. Су мамандарының есебіне жүгінсек, бізде шаруашылық қажетіне пайдалануға болатын бұлақ көздері де, бөгеттер де толып жатыр.

Алайда, республикалық, облыстық совхоздар басқармаларының ен-жарлығынан осындай жер, ауа райы жағдайына орай Ұлытау ауданы неғұрлым пайдалы кәсіпке мамандандырылмай келеді. Біздің ауданда етті қой, іріқара мал шаруашылығы қатар өркендеуде. Ал есепке қарағанда, бізде осы екі түлікпен бірдей шұғылданғаннан гөрі тек өндіріс орындарының қажеті үшін сүтті қарамал сапын 4—5 мыңға жеткізіп, етті қой, жылқы шаруашылығын басым өркендеткен жөн тәрізді. Олай дейтініміз, қойдың қозысын марка кезінде қысқа түсірмей етке өткізуге болады. Ал, іріқараны 3—4 жыл бағып, ет үшін мемлекетке сататын болсақ, сиыр етінен түскен табыс оны бағып-қағуға жұмсаған шығынды толық өтей алмайды. Мәселен, өткен шаруашылық жылында бізде бір центнер сиыр етін 37,5 сомға түсіру жоспарланса, бұл 45,8 сомға, қой етін 20 сомға түсіру жоспарланса, бұл 18 сомға түсті. Ал, жылқы еті өзін өндіруге кеткен шығынды 1—1,5 есеге дейін жауып келеді.

Ауданның партия, совет ұйымдарында совхоздарды негізінен табиғи-жер жағдайына қарай қой, жылқы өсіруге мамандандыру керек, Жез-

қазған өнеркәсібі жұмысшыларының қажеті үшін іріқараны сүт өндіруге бейімдеген жөн, — деген пікірлер туғанда бұл кезде Ұлытауда командировкада жүрген совхоздардың республикалық бас басқармасы бастығының орынбасары Рыбаков жолдас орынды ұсыныс деген еді, тіпті ол кісі бұл мәселенің тез шешілуіне көмектесетінін де айтқан-ды. Бұл жайды облыстық совхоздар басқармасының бастығы Галушко да теріс демеген болатын. Бірақ бұл жолдастар жә дегенмен мәселенің тез шешілуіне самарқау, сылбыр араласып келеді. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті байсалды, нақты есептер келтіріп, Ұлытаудың совхоздарын қай салаға мамандандыру керек екені жөнінде екі рет ұсыныс жасаса да облыстық Совет атқару комитеті күні бүгінге дейін түйінді шешімге келмей отыр.

Партияның съездерінде, Орталық Комитеттің пленумдарында, аймақтық кеңестерде жер байлығын толық пайдалану мәселесіне үлкен маңыз берілді. Бұл түсінікті де. Жер байлығын толық пайдаланбай тұрып, жаңа су көздерін ашпай, жайылымды кеңейтпей тұрып, мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге болмайды. Ал осы орайда сөз қозғайтын болсақ, біздің аудандағы жайылымдық жердің жартысынан астамы иесіз қалып, кәдеге аспай жатыр. Бұған кедергі келтіріп отырған ең негізгі себеп—бізде жер суландыру, жайылымды игеру, шыңырау құдықтар қазу жұмыстары өскелең шаруашылықтың талап-тілегінен көп кейін қалып келеді.

Жайылымды суландыру жұмысына облыстық су шаруашылығы басқармасы селсоқ қарап отыр. Басқарманың бастығы Құрманбаев жолдас соңғы кезде Ұлытауға екі-үш келіп кетсе де келелі іс тындырмай жүр. Құдық қазатын отрядтар жайылымды шаруашылықтың ішкі талаптарына сай суландырмайды, жұмысты жүрдім-бардым берекесіз атқарады. Ауданымызда 1961 жылы 174 құдық қазып, 374 мың гектар жер суландыру жоспарланса, бұдан 26-ақ құдық қазылды.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуде техниканың шешуші роль атқаратыны жалпыға мәлім. Қолдағы қыруар техниканы неғұрлым өнімді пайдалана білген еңбеккер істе ұтып шығады. Соңғы жылдары Ұлытау ауданының шаруашылықтары жаңа техниканы көп алды. Қазір шаруашылықтарымыздың машина-трактор паркінде 360 трактор, 174 автомашина, 95 комбайн тағы басқа да көптеген ауыл шаруашылығы құрал-саймандары бар.

Машина-трактор паркін тиімді пайдаланудың бірден-бір кепілі—қуатты жөндеу базасы. Бірақ ол бізде жоқ. Қазір ауданның барлық совхоздарында техниканы жөндеу жұмысы далада жүргізіледі. Бұл ұнамсыз жәйт үлкенді-кішілі жиын-топта да, кеңестерде де жиі айтылып жүр. Тіпті облыстық Совет атқару комитеті 1961 жылы «Қаракенгір», «Сарыкенгір» совхоздарында жаңа типті жөндеу шеберханасын салу туралы қаулы алды. 1961 жылы «Сарыкенгір» совхозындағы шеберхана өндірістік-финанс жоспарына кіргізілді де, «Қаракенгір» совхозындағы шеберхана оған енбей қалды. «Сарыкенгір» совхозындағы шеберхананы салатын мердігерлік ұйым «Қазмедьстрой» құрылыс тресі өткен жылы бұл құрылыстың 15 процент жұмысын ғана атқарды. Қазіргі жұмыстың барысына қарағанда шеберхана үстіміздегі жетіжылдықтың аяғына қарай бітеді деп күтілуде. Сондай-ақ совхоздар қазір техника жөндеуге қажетті құрал-саймандарға да аса ділгер. Бүкіл аудан көлемінде небәрі екі токарьлық станок бар, ал темір пісіретін тетік, өңдеу станогі атымен жоқ.

Облыстық совхоздар басқармасының бастығы Галушко, облыстық ауылшаруашылық техника бірлестігінің бастығы Гольберг жолдастарға бұл көптен белгілі жәйт. Бірақ аудан шаруашылықтарындағы техниканы пайдалану ісіндегі осындай ұнамсыз жайларға бұл кісілер қынжы-
5. «Қазақстан коммунисті», № 3.

лып отырған жоқ. Жезқазғандағы ауылшаруашылық бірлестігінің бөлімшесі, оның бастығы Золотарев экономикасы күрделі, жұмысшы қолы тапшы Ұлытау сияқты алыс ауданды техникамен, құрал-саймандармен толық жабдықтай алмай келеді. Бұл мекеме техниканың пайдаланылуына бақылаудан мүлде тыс қалған. Қайсыбір кезде сирек түсетін құнды құралдардың өндіріс маңайындағы мекемелер мен ақша құмар алаяқтардың қолына килігіп, талапайға түсетін фактілер де бар. Осыдан барып шаруашылықтар амалсыз аса құнды қосалқы бөлшектерді екі-үш есе қымбат бағаға сатып алу сияқты теріс әрекетке лажсыз ұрынады.

Ауданның партия, совет ұйымдарында совхоздарда техника пайдалануды жақсарту туралы бірнеше рет әңгіме көтерілді. Жоғарыдағы сияқты ұнамсыз жайлар облыстық, республикалық совхоздар басқармаларына да, Ауылшаруашылық техника бірлестігінің облыстық бөлімшесіне де бірнеше рет хабарланған еді. Бірақ аталған мекемелерді басқарып отырған Савицкий, Галушко, Гольберг жолдастар Ұлытау совхоздарының техникалық-өндіріс базасын нығайтуға, Ауылшаруашылық техника бірлестігінің Жезқазғандағы бөлімшесіндегі қылмысты әрекеттерге тиым салуға бармай отыр.

Бұл күндері Ұлытау ауданының еңбеккерлері сәулетті де зор болашақты көздеп, қажырлы еңбек етуде. Аудан шаруашылықтарында 1978 жылдың аяғында қой саны 2,3 миллионға, жылқы 51,2 мыңға, іріқара 71,5 мыңға жететін болады. Алдын ала шығарылған есеп бұл кезде Ұлытау өңірінде өндірілетін еттің жалпы мөлшері 250 мың центнерге жуықтайтынын көрсетуде.

Ұлытауда жұмысшы қолы өте-мөте тапшы. Біздің ауданға келген жаңа қоныстанушылардың кейбіреулері тұрақтамайды. Өйткені біздегі тұрғын жайлар нашар. Сонымен қатар елді мекендер бытыраңқы орналасқан. Келешекте Ұлытауда жұмысшы қолын жаңадан қоныстанушылар есебінен толықтыру белгіленіп отыр. Бұл аудан халқына арнап тұрғын үй, мәдени-тұрмыс орындарын барынша көп салуды талап етеді. Бірақ жұмысты шаруашылық әдіспен, мердігерлікпен жүргізу бұл істегі міндетті толық шеше алмайды. Бұл жай орасан зор жұмысты кең қамтып, оралымды жүргізуге кәзір шама келмейтінін көрсетіп отыр. Енді осыдан келіп Ұлытауда құрылыс жүргізуге мамандандырылған, механикаландырылған арнаулы құрылыс басқармасын құру міндеті туып отыр. Алдағы уақытта біз бұл мәселені республикалық тиісті басшы мекемелердің тез шешуі қажет деп санаймыз.

Құт-береке өңірі Ұлытау баурайы кәзір жасампаз еңбек думанына бөленген. Партиямыздың XXII съезінің материалдары, съезд қабылдаған жаңа Программа әрбір адамның жүрегіне нұрын мол шашуда. Малшыларымыз еліміздің арайлы болашағын көріп, қанатты шабытпен қажырлы еңбекке жұмылды.

Үстіміздегі жылы Ұлытау ауданының мал өсірушілері іріқараны 19,7 мыңға, қойды 196 мыңға жеткізуге бел байлап отыр. Бізде мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жетіжылдықтың төртінші жылында 20—25 процент артады.

Аудандық партия комитеті партиялық-ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыстарды өмір талабына сай пәрменді жүргізе отырып, аудан еңбеккерлерінің бар күш-жігерін Ұлытау өңірінің мол байлығын коммунизм игілігіне толық жұмылдыру күресіне бағыттауда.

Оқушылардың сұрағына жауап

Лаоста не болып жатыр?

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы мен Павлодар облысы Цюрупа ауданындағы журнал оқушылары Қ. СӘЛИЕВ пен Ш. ҚОШАНОВ жолдастар Лаостағы оқиғалар жайы жазуды сұрайды.

Осыған орай редакция Қ. СӘРСЕНОВ жолдастың мақаласын жариялап отыр.

Лаостағы оқиғалар дүние жүзі жұртшылығының назарын аударғалы едәуір уақыт болды. Оңтүстік Шығыс Азиядағы осы шағын елдің тағдырымен ойнаған империалистер тәуелсіз және бейтарап Лаос мемлекетінің өркендеуіне кедергі жасап келеді. Олар «коммунистік хауіп» дегенді сылтауратып, бұл елдің ішкі ісіне қол сұғуда.

Лаос корольдігі Үндіқытай түбегіндегі ел. Ол Меконг өзенінің бойын қуалай созылған шағын ғана жерді алып жатыр. Лаос Шығыста Вьетнаммен шектеседі. Ал батыста ол Таиландпен шектес. Камбоджа Лаостың оңтүстіктегі, Қытай солтүстіктегі көршісі. Лаостың жер көлемі 236,8 мың шаршы километр. Жерінің көлемі жөнінде Лаос Англиямен таласа алады. Лаостың халқының саны 3 миллионға жуық. Бұл елді 30-ға жуық ұлт мекендейді. Мұндағы негізгі ұлт лао деп аталады. Лаолықтар саны халықтың 60 процентіне жуықтайды.

Лаос корольдігі XIV ғасырдың орта шенінде құрылды. XIX ғасырдың екінші жартысында Лаосты француз отаршылары жаулап алды. 1893 жылы Лаос Францияның протектораты деп жарияланды.

Отаршылар Лаосты қол астындағы ел деп жариялағанмен бұл елдің халқы тәуелсіздік жолындағы күрестен тартынған емес. Үндіқытай түбегінің басқа да халықтарымен бірге лаос халқы да француз отаршыларына қарсы табанды күрес жүргізді.

Бұл күрес екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кең құлаш жайды. Үндіқытайға жапондықтар басып кіріп, француз отаршыларын ығыстырған кезде, сөйтіп француздар жапондықтармен жең ұшынан жалғасып, баяғы отаршылдық тәртіпті нығайтқан күндерде лаос халқының ұлт-азаттық қозғалысы бұрынғыдан да өрши түсті.

Совет Армиясының Квантун армиясын талқандауы жапон өктемдігіне үлкен тосқауыл болды. Осының арқасында Вьетнамда Август революциясы жеңіп, Вьетнам демократиялық республикасы құрылды. Мұның өзі Лаостағы отаршылардың үстемдігін жоюға үлкен себеп болды.

Жапония 1945 жылғы сентябрьде тізе бүккеннен кейін Лаостағы ұлт-азаттық қозғалысы жаңа белеске көтерілді. Лаосты жапон империалистері билеп-төстеген кезде де толастамаған бұл күрес енді мейлінше өрістеді. Отаршылар ақырып тұрған кезде-ақ мұнда астыртын ұйым құрылған болатын. Бұл астыртын ұйымды құрушылар оны Патет-Лао деп атады. Бұл Лао елі деген сөз. Патет-Лаоны ағайынды үш принц ұйымдастырған болатын—Петсарат, Суванна Фума және Суфанувонг. Осы астыртын ұйымның бастауымен 1945 жылы көтеріліс бұрқ ете түсті. Көтерілісшілер Халық Комитетін құрды. Халық Комитеті Лаостың тәуелсіздігін жариялады. Мұнан кейін комитет Лаостың уақытша конституциясын жариялады және уақытша үкімет құрды. Уақытша үкімет

ұйымдастырып, Суфанувонг басқарған Лаостың қарулы күштері елдің үлкен-үлкен қалаларын көп ұзамай-ақ өзіне қаратып алды.

1945 жылғы сентябрьде француз отаршыларының Вьетнамда соғыс бастағаны мәлім. Халықтар отаршылардың бұл соғысын «масқара» соғыс деп атап кетті. 1946 жылғы көктемде француз отаршылары Лаос пен Камбоджаға қарсы соғыс бастады. Сол жылғы марттың 21 күні Такек қаласының түбінде үлкен шайқас болды. Бұл ұрыста қару-жарағы нашар лаос әскерлері қатты жеңіліске ұшырады. Суфанувонг ауыр жараланды.

Енді отаршылар қайтадан бел ала бастады. Олар үкімет басына өздерінің адамы—принц Бун Умды қойып, отаршыл саясатты тағы да жаңғыртты. Осыған байланысты Лаостағы ұлт-азаттық қозғалысы екі дайға бөлініп кетті. «Лао Итсала» ұйымының отаршыларға бейім адамдары, оңшылдары Лаостың тәуелсіздігі жолындағы күрес осымен тынды деп санады. Олар ұлттық армияны және тәуелсіз үкіметті тарату туралы қаулы қабылдады. Принц Суванна Фума осы қаулыдан шықпады. Ол сөйтіп корольдік үкіметтің құрамына енді. Ал «Лао Итсаланың» табанды адамдары, яғни солшылдары, оның ішінде Суфанувонг және басқалары тәуелсіз Лаосты құру жөніндегі мақсат әлі орындалған жоқ деп ұқты. Сондықтан бұлар «Лао Итсаланың» оңшыл басшылығынан қол үзіп, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресті өрістете түсті.

Суфанувонг 1909 жылы корольдің семьясында туды. Ол Ханой лицейінде, кейін Парижде оқып, инженерлік білім алды. 1937 жылы Суфанувонг Бордо мен Гавр верфінде жұмыс істеді. Институтта оқып жүрген кезінде және Бордо мен Гавр жұмысшыларының арасында болғанда Суфанувонг Франциядағы революциялық қозғалыстың тарихымен танысты, еңбекшілердің үздік өкілімен араласып тұрды. Кейін Вьетнамда темір жол салуға қатынасқанда және каучук плантациясында жұмыс істегенде Суфанувонг революциялық қозғалысқа қатынасты. Лаосқа қайтып келген күннен бастап Суфанувонг отаршыларға қарсы күреске белсене кірісті. Ол лаос халқының күшін біріктіруге көп күш салып келеді.

1950 жылғы август айында Лаостың тарихынан үлкен орын алатын бір маңызды оқиға болды. Елдің барлық партизандарының өкілдері конгреске жиналып, «Нео Лао Итсала» деп аталатын Лаостың біртұтас ұлттық майданын құрды. Бұл ұлттық майдан ұлт-азаттық қозғалысын басқарып келеді. Елдің әр түкпірінен келген 101 делегат құрған осы ұйым тәуелсіз, біртұтас және демократияшыл Лаосты құрудың программасын қабылдады. Біртұтас ұлттық майданның әлеуметтік экономикалық міндеттері мынадай: отаршылардың және олардың шашбауын көтерушілердің қарамағындағы кәсіпорындарды национализациялау; отаршылар белгілеген салықтарды жою және әділ салық тәртібін енгізу, өнеркәсіп пен сауданы дамыту; еңбек туралы заңды жасап, жариялау, аренданы жою, сауатсыздықты құрту, халыққа білім беруді үдетіп, ұлттық мәдениетті көркейту. Конгресс «Нео Лао Итсала» ұйымының Атқару комитетін сайлады. Бұл комитетті Суфанувонг басқарады. Конгресс сонымен бірге Патет-Лаоның бірлескен қарсыласу үкіметінің құрамын бекітті. Лаостың тарихындағы тұңғыш демократияшыл үкіметтің премьер-министрі болып Суфанувонг бекітілді. Біртұтас ұлттық майданды және қарсыласу үкіметін құрғаннан кейін Лаос халқының ұлт-азаттық қозғалысы жаңа сатыға көтерілді. Патет-Лаоның әскерлері француз отаршыларына қарсы батыл күреске шықты. Бұл күрес 1953—1954 жылдары ерекше табысқа жетті. Осының нәтижесінде отаршылардың Лаостағы жағдайы қиындай бастады.

Совет Одағының және басқа да бейбітшіл мемлекеттердің халықаралық шиеленісті бәсеңсіту жолындағы табанды саясатының арқасында және Вьетнам халық армиясы мен Патет-Лао халық азаттық

армиясының соққыларының нәтижесінде Үндіқытайдағы отаршылардың саны сынып, олар бұл мәселе жөнінде халықаралық кеңес шақыру талабына көнуге мәжбүр болды.

Сөйтіп, Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Франция мен Англия және басқа да мүдделі мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің 1954 жылғы Женева кеңесінде басқа мәселелермен бірге Лаостағы жағдай да талқыланды. Кеңес Лаостың тәуелсіз, бейтарап мемлекет болуы орынды екенін мойындады. Кеңес бұл елдің ішкі істеріне бөтен бір мемлекеттің араласуын тоқтатуды талап етті. Кеңесте Женева келісімінің орындалуына көз болатын Халықаралық қадағалау және бақылау комиссиясы құрылды. Бұл комиссияның құрамына Индияның, Польшаның және Канаданың өкілдері енді.

Совет үкіметі Женева келісімін бейбітшілік күштерінің үлкен жеңісі деп бағалады. Совет үкіметінің мәлімдемесінде Женева келісімі Үндіқытай халықтарының ұлт азаттық күресін және үлкен табандылығын мойындаудың көрінісі деп түйді.

Бірақ американ империалистері Лаос мәселесін реттеуге қарсы шықты. СЕАТО іспетті соғыс одағын құрып, олар Үндіқытай елдерін, соның ішінде Лаосты да осы соғыс одағына байлап-матап әкеткісі келді. Олар осы саясатын іске асыруға жанталаса кірісті. Империалистердің бұл саясатын жүзеге асыруға кедергі болатын күш Патет-Лао ұйымының әскері болатын. Женева келісіміне орай бұл патриот әскерлер Фонг-Сали және Сам-Неа өңірінде орналасқанды. Империалистердің айтақтауымен Қатай Сасорит бастаған Лаос үкіметі Патет-Лаоның әскери бөлімдеріне қарсы шабуылды өрістетті.

Патриот әскерлерге қарсы шабуыл өрістетуге себеп боламын деп, Қатай Сасорит бастаған үкімет халық қаһарына ұшырады. Ол үкімет құлағаннан кейін Суванна Фума үкіметі құрылды. Суванна Фума Суфанувонгпен немере болады. Бұл да инженер. Суванна Фума 1901 жылы туған. Ол саяси қызметке екінші дүниежүзілік соғыстан кейін араласа бастады.

Суванна Фуманың үкіметі Женева келісімін табандылықпен жүзеге асыруға кірісті. Бұл үкімет елдің ішкі талас мәселелерін Патет-Лаоның басшылығымен келіссөз арқылы шешу үшін шаралар қолданды.

Ішкі талас мәселелерді реттеу жөнінде 1956 және 1957 жылдар бойы келіссөздер жүргізілді. Бұл жылдары бұрынғы біртұтас ұлттық майданның негізінде жаңа саяси ұйым—«Нео Лао Хак Сат» құрылған болатын. (Лаостың патриоттық майданы). Суванна Фуманың үкіметі мен Лаостың патриоттық майданы бірлесіп үкімет құру жөнінде келісімге келді. Екі арадағы келісімге орай Лаостың патриоттық майданына қызметті ашық жүргізуге право берілді. 1957 жылғы 18 ноябрьде Суванна Фуманың басқаруымен біріккен ұлттық үкімет құрылды. Бұл үкіметке патриоттық майданнан Суфанувонг және Фума Вонг Виши сияқты қайраткерлер енді. Бұлардың біреуі жоспарлау және құрылыс министрі, екіншісі мәдениет министрі болды.

Біріккен үкіметті құру Лаостағы ішкі талас мәселелерді толық реттеуге жағдай туғызды. Бірақ американ империалистері бұған көңісі келмеді. Олар Суванна Фума бастаған үкіметті құлатып, Лаоста өздерінің ыңғайында үкімет құрды. Лаостың патриоттары Вашингтонның қолжаулық үкіметін тас-талқан етті. Осыған байланысты Бун Ум және Фуми Носаван басқарған қарулы күштер Лаос патриоттарына қарсы күресті ашықтан-ашық күшейтті. Бұлар тағы да американ империалистерінің дегенінен шықпайтын үкімет құрып, Лаостағы жағдайды шиеленістіре түсті.

Лаос халқы елді соғыс одағына байлап-матау, оны американ империалистерінің қолжаулығына айналдыру саясатына ежелден қарсы. 1960 жылғы август айында корольдік армияның қатарында болған кө-

теріліс бұған айқын дәлел. Корольдік армияның ең сенімді, тәуір деген батальоны Сомсанит басқарған сатқын үкіметке қарсы көтеріліске шықты. Бұл батальонның көтерілісін танк құрамалары да қолдады.

Көтерілісшілер батальон командирі Конг Ле басқарған Революциялық Комитет құрды. Революциялық комитет бүкіл әкімшілік және әскери өкіметті өз қолына алды. Лаос халқы бұл комитетті толық қолдады. «Нео Лао Хак Сат» партиясының Орталық Комитеті Революциялық Комитеттің председателі Конг Ле жариялаған программаның негізгі қағидаларын толық қолдаймыз деп мәлімдеді.

Конг Ле принц Суванна Фуманың Лаостың бейтарап, бейбітшілік, тәуелсіз ел болуы жолындағы күрескер екенін ескеріп, оған Лаос үкіметін құру жөнінде ұсыныс жасады. Осыған орай уақытша атқару комитеті құрылып, оған Конг Ле, Суванна Фума және басқа да қайраткерлер кірді.

Сол сол-ақ екен, Лаостың жаулары елдің заңды үкіметіне қарсы дүрсе қоя берді. Фуми Носаван бастаған реакцияшыл топ Саваннакет қаласында «төңкерісшілер комитеті» деп аталатынды құрды. Бұлар заңды үкіметке қарсы көтеріліс ұйымдастырды және принц Бун Ум бастаған өзіндік «үкімет» құрып, Суванна Фума үкіметінің өзі де, конституциясы да заңсыз деп байбалам салды.

Носаван басқарған көтерілісшілер Таиланд реакциясының қолдауына сүйенеді, олар Таиланд арқылы көптеген қару-жарақ алады, Лаос қалаларын шекарадан атқылайды. Америка Құрама Штаттары Лаос көтерілісшілеріне—Носаван мен Бун Умға үздіксіз көмектесіп келеді. Америка Құрама Штаттары Лаосқа «көмек» ретінде 300 миллион доллардай қаржы берді. Ресми мәліметтерге қарағанда басқа бірде-бір ел, жан басына есептегенде, дәл Лаостай «көмек» алып көрген жоқ. Американ империалистерінің көмегімен «қуатты ұлттық армия» құрылды. Оның қатарында 32 мың адам бар. Оның үстіне қарауында 5 мыңдай адамы бар полиция бөлімдері жасақталды. «Азаматтық күзет» бөлімдері деп аталатынның қатарында 16 мың адам тағы бар. «Техника жөніндегі сарапшы» деген желеумен 400-ден астам американдық отаршы Лаоста тіміскілеп жүр.

Лаос көтерілісшілеріне «М-32» күрделі танктері, толып жатқан миномет, зеңбірік, пулемет және басқа да американдық қару-жарақ үйіптөгіп берілді. Американың ұшқыштары, әскери нұсқаушылары мен кеңесшілері соғыс қимылдарына қолма-қол араласып жүр.

Міне, дәл осындай қиын жағдайда Суванна Фуманың үкіметіне Лаостың патриоттық майданы үлкен көмек көрсетеді. Бұл ұйымның жетекшісі Суфанувонг патриоттық майдан Суванна Фума үкіметінің бейбітшілік және бейтарап саясатын қолдайды деп мәлімдеді. Патриоттық майданның әскери құрамалары генерал Конг Ле басқарған үкімет әскерлерімен қоян-қолтық әрекет жасайды. Кәзір бұл екі саяси күштің әскери құрамалары Бун Ум мен Носаванның итаршы бөлімдеріне қарсы батыл күрес жүргізуде.

Лаос үкіметінің жағдайын күшейткен тағы бір жәйт мынау болды: Суванна Фума басқарған Лаос үкіметі Совет Одағымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Бұл қадамды лаос халқы үлкен қуанышпен қарсы алды. Совет Одағы Суванна Фуманың үкіметіне азық-түлік және жанар май беріп, едәуір экономикалық көмек көрсетті.

Суванна Фума үкіметінің мұндай саясаты АҚШ үкіметіне ұнамады, сондықтан АҚШ-тың итермелеуімен Оңтүстік Вьетнамдағы және Тайваньдағы итаршылар Лаостағы азамат соғысына ашықтан-ашық араласып кетті.

Американ империализмі Лаостағы азамат соғысына көрер көзге тікелей араласқанмен де отаршыларды қолдаған реакцияшыл топтың ісі оңбады. Фуми Носаван әскерлері 1961 жылы көктемде үлкен жеңі-

шіске ұшырады. Осыған байланысты Лаостың заңды үкіметінің ішкі және халықаралық жағдайы нығая түсті. Лаостың премьер-министрі Суванна Фуманың Совет Одағына, Қытай Халық Республикасына, Чехословакияға, Вьетнам Демократиялық Республикасына және басқа да елдерге ізгі ниетпен сапар жасауы Лаостың заңды үкіметінің беделін арттыруға себеп болды.

Совет Одағы Лаос жөнінде тағы да халықаралық кеңес шақыру туралы бастама жасады. Совет делегациясы Женева кеңесінде Лаос мәселесінің халықаралық шегін және ішкі шегін, яғни осы мәселенің жігін ашып алу туралы ұсыныс жасады. Ұлттық үкімет құру, еркін сайлау өткізу, ұлттық армияны қайта құру сияқты ішкі мәселелерді Лаос халқы өзі шешуге тиіс. Ал Лаостың ұлттық тәуелсіздігін тану және құрметтеу сияқты халықаралық мәселені Женева кеңесі талқылауға тиіс. Бұл елдің ішкі ісіне араласуды тоқтату керек.

Женева кеңесі Лаостағы үш саяси күштің арасында келіссөздер басталуын және соның нәтижесінде бірлескен үкімет құрылуын жөн көрді. Женева кеңесінің талап етуімен Индия, Польша және Канада өкілдерінен құралған халықаралық комиссия жұмысқа кірісті. 1961 жылғы июньде Совет Одағы Министрлер Советінің председатели Н. С. Хрущев және АҚШ президенті Кеннеди арасында Венада болған кездесуде Лаос мәселесі жөнінде пікір алысылды.

Лаос мәселесін реттеу жөніндегі осындай дәйекті саясаттың арқасында Швейцарияның Цюрих қаласында Лаостағы үш саяси күштің өкілдері Суванна Фуманың, Суфанувонгтің және Бун Умның кездесуі болды. Осы үш принципті ұлттық уақытша үкімет құру мәселесі жөнінде келісімге келіп, саяси программаны және таяудағы міндеттерді талдады. Лаостың патриоттық күштері бұл кездесуде үлкен жеңіске жетті. Бұл кездесу Лаостың ішкі мәселелерін бөгде біреудің араласуынсыз реттеу мүмкіндігі бар екенін көрсетті.

Суванна Фуманың үкіметі және Лаостың патриоттық майданы Женева келісімін және Цюрихте болған кездесудің саяси Программасын жүзеге асыру үшін көп күш салып отыр. Бірақ Бун Ум мен Носаван бастаған шет ел итаршылары Цюрих келісімін орындауға үлкен кесел келтіруде. Олар түрлі сылтау тосып, созбұйдаға салады, үкіметті құруды ұзаққа созғысы келеді. Көп күш салудың арқасында былтырғы октябрьде Суванна Фуманы бірлескен үкіметтің премьер-министрі етіп ұсыну жөнінде үш принциптің арасында келісім жасалды. Үкіметтің құрамы жөнінде де сөз байласылды. Осыған орай бейтарапшыл Суванна Фума жағынан сегіз адам, Лаостың патриоттық майданынан төрт адам және Носаван—Бун Ум тобынан төрт адам үкімет құрамына еруге тиіс. Бірақ бұл үкімет әлі құрылған жоқ. Бун Ум мен Носаванның тобы бірлескен үкіметтегі соғыс министрінің орнын біздің адамға бер деп талап қойғандықтан үкімет туралы келісім әлі жүзеге асқан жоқ.

Бун Ум мен Носаванның итаршылары заңды үкімет пен Патет-Лао әскерлеріне қарсы соғыс әрекетін әлі тоқтатқан жоқ. Бірақ Лаостың бейтарап, тәуелсіз мемлекет болуы жолындағы күрескерлер үлкен қырағылықпен, табандылықпен, дәйектілікпен күрес жүргізуде. Олар бұл шағын ғана елдің азат, тәуелсіз, бейтарап мемлекет болып өркендеуі үшін ат салысуда.

Совет Одағы бастаған социалистік лагерь және дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш жұртшылығы Лаос халқының ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресіне үлкен тілектестікпен қарайды және барынша көмектеседі. Түбінде тәуелсіз, еркін, бейтарап, Лаосты көксеушілердің мерейі үстем болмақ.

Қ. СӘРСЕНОВ,
Қазақстан КП Орталық Комитетінің
лекторы.

Хат-хабар

Соны серпін

Қысқы кештің тынық шағы. Ауада қатқыл сыз бар. Қоянкөздің жотасынан асып, ойға қарай ойыса тартқан жол алда іңір қараңғысымен қарауытып жатыр. Одан әрі жол айырығы біткен жерден басталып, сайлы өңірді салалай салынған колхозды ауылдың сәнді поселкесі көрінеді. Көше қуалай орналасқан ұзын бағанның басынан төгілген Ильич нұры аппақ қардың қиық шақпағын шағылыстырып жатыр. Еңсесі биік әрбір шатырлы үйдің төбесіндегі мұржадан шыққан қою түтін кешкі ауада тура көкке өрлеп, қошқылданып барады. Әр жерде машина дыбысы, төбе басында электр моторының түрсілдеген дауысы естіледі. Колхоз клубының алдында тұрған радиодан төгілген күй бойды қытықтаған сазды шертеді.

Бұл Аманкелді атындағы колхоз.

Сонадайдан көзге түсер колхоз басқармасы үйінің үлкен терезелерінен сыртқа мол жарық шашылып тұр. Бүгін мұнда колхозшылардың жалпы жиналысы өтіп жатыр.

Бүгінгі жиын қызу өтуде. Қайсыбір кездерде күн тәртібіндегі мәселе айтылып, кім сөйлейдіге көшкенде томсырайып отырып қалатын қалып бұл жиналыстан байқалмайды. Күн тәртібіндегі бұл мәселе салған жерден-ақ жұрт ықыласын өзіне аударған. «Арамыздағы арамтамақтарды ауыздықтайық!»—жиналыстың күн тәртібіндегі мәселе осы екен. Жиналысқа жиналған жұрт та көп. Бұл тек осы жиналыстың болатынын күні бұрын білгендіктен емес, қайта сол мәселенің көкейкестілігінен көрінеді.

Бұл мәселе туралы колхоз партия ұйымының секретары Арнабай Бүркітбаев жолдас баяндама жасады. Әр сөзін сызыла, баппен айтатын осы бір қараторы жігіт жұрт ынтасын өзіне аударған. Көпшілік оны ұйи тындауда. Ол сөйлеп тұр.

— Партия ұйымының күн тәртібіне бұл мәселені арнайы қоюының маңызы бүгінгі таңда аса зор. Бірақ, бұған қарап, біздің колхозда жатып ішер жалқаулар көбейіп кеткен екен деген жаңсақ ұғым әсте тұмауы керек. Қайта мұның керісінше, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысушылардың саны барған сайын молаюда. Дегенмен, әлі де арамызда арамтамақтықпен күн көрушілердің бар екенін жасыра алмаймыз. Бүгінгі жиында сол туралы ашып айтпақпыз.

Халқымыз айтқандай, «еңбек—ердің де, жердің де көркі». Ендеше, бұдан былай қарай да біздің қоғамда «еңбек етпеген ішіл-жемейді». Партияның жаңа Программасында атап көрсетілгеніндей, коммунистік құрылысты кең өрістетіп жүргізу дәуірінде «әрбір совет адамы өз еңбегі арқылы коммунизмнің салтанат құруын жақындата түседі». Өйткені, Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, коммунизм миллиондаған еңбекшілердің еңбегімен құрылады. Коммунизм жатып ішер жалқаулар сейіл-серуен құратын қоғам емес, оны орнатуға әрбір адам өз сыбағасын қосады.

Біздің колхозда адал да аянбай еңбек етіп, коммунизм құру ісіне мол үлес қосып келе жатқан қадірмен адамдар аз емес. Олардың қатарында шопандар Т. Жұмаділов, С. Жалмырзанов, сауыншылар Қ. Сей-

дахметова, А. Мұратова, механизаторлар С. Нұрғалиев, Қ. Әуелбеков, дихандар Ж. Сырғабаев, К. Жапарбекова сияқты тағы басқа көптеген колхозшылар бар. Дегенмен, колхоздағы жұмысқа жарамды еңбеккерлердің барлығы бірдей пайдалы еңбекке қатысып жүрген жоқ. Мысал үшін мына екі семьяны салыстырып көрелік. Сейдахмет Қашағанов пен Асқарбек Жылқыайдаровтардың семьялары үш жаннан тұрады. Қашағановтар жыл он екі ай бойы колхоздың 700-ге жуық қойын бағады. Оны төдетеді, күтеді, жүн қырқады. Сөйтіп, семья мүшелері тегіс пайдалы қоғамдық еңбекке араласады.

Ал, оның есесіне Жылқыайдаровтың семьясынан жалғыз Асқарбек қана жұмыс істейді. Оның жұбайы мен баласы жұмыстан бос. Сонда осы жиналыс өтіп отырған күнге дейінгі Қашағанов семьясының тапқан еңбеккүні 1 818 болса, Жылқыайдаров семьясының тапқан еңбеккүні 848 ғана. Сонда қай семья коммунизмге өтуге қарай бейімделген дейсіз ғой. Әрине, Қашағановтар семьясы. Бұл, еңбекке қатысып жүрген семьялар жайы.

Колхоз мүшелерінің ішінен еңбекке ішінара болса да қатыспай отырғандардың көпшілігі әйел жолдастар. Олардың бірсыпырасы ері жұмыс істегенін місе тұтады. Ал, енді біреулері баласы барлығын желеу етеді. Ондай жалқаулардың көпшілігі-ақ сылтауды саусақтан сорады. Болмаса, ері де жұмыс істейтін, балалары да бар озат колхозшы әйелдер де бізде көп-ақ. Мысалы, сауыншылар, бес баланың анасы Бәтен Шынбаева 565 еңбеккүн, үш баланың анасы Қалиман Сейдахметова 884 еңбеккүн, шоландар Жәміш Қашағанова 580 еңбеккүн, Қайша Жапарова 423 еңбеккүн, Қалима Айтпаева 485 еңбеккүннен тапқанда, Сақан Аманшалова, Нұрғайша Нұрғалиева, Қайынжамал Амандосова, Шайбала Байбұғанова, Қаншайым Жақыпбаева, Ырысбүбі Сайлыбаевалардың бірде-бір еңбеккүн таппағанын немен дәлелдеуге болады? Жұмыс істеуге мойны жар бермейтін мұндайлар арамызда әлі де бар.

Колхозда отырса да қоғамдық еңбекке қатынаспай, көпшілік есебінен күнелтіп жүргендер де жоқ емес. Мысалы, Қапез Жексенбаев пен Аманбай Сайлыбаев осындай жандар. 56 жастағы Қ. Жексенбаев біздің колхозға өткен жылы май айында көшіп келген еді. Содан бері өткен 213 күннің 18 күнінде жұмыс істеп, 16-ақ еңбеккүн тапты. Ал, колхоздың 80 жастағы қарт мүшесі кәрия Райымжан 417 еңбеккүн, 65 жастағы Сейдахмет 1000 еңбеккүн тапты. А. Сайлыбаев колхозға бір күн де жұмыс істеген жоқ. Міне, осы мысалдан көрініп отырғанындай, қоғамға ешбір пайда келтірмей, бірақ онан өзіне алуды жақсы көретін жолдастарға бұдан былай тиым салып, олардың еңбекке араласуын талап ету—біздің міндетіміз.

Бүгінгі жиналыста ащы да болса ашығына көшіп, жоғарыдағыдай қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылдандудан бойын аулақ салып жүргендерге тиісті шара қолданып, бұдан былай ол жолдастардың колхоз ісіне араласуын қамтамасыз ету керек. Сөйтіп, арамыздағы арамтамақтарды ауыздықтау мәселесін шешу шарт. Артель Уставы бойынша әрбір ер адам жылына кемінде 350 еңбеккүн табуға міндетті. Бұл өзіміз қабылдаған заң, ендеше сол заңға сүйене отырып, колхозға жұмыс істемей, істесе ештеме жарытпай жүрген, бірақ колхоз жайылымын, пішенін пайдаланып мал өсіріп отырған Жексенбаев, Сайлыбаев тәрізді тағы басқа жолдастарға айыбын бетіне басып, еңбек жолына салу қажет. «Кенесіп пішкен тон, келте болмас» дегендей колхозымыздағы еңбек тәртібін бұзып, арамтамақтықпен күн көріп жүргендерді ақылдасып, ауыздықтайық,—деп сөзін аяқтады секретарь Бүркітбаев.

Бұдан соң қызу жарыссөз басталды. Секретарь айтқан фактілерді басқалар толықтырып, арамтамақтықпен жүргендердің өрісін тарылтудың, қайсы біріне әкімшілік жаза бұйырудың жолын көрсетіп жатты. Базбіреулер екі қайтарадан сөйлеп өтті. Қоғамдық тәртіпті сақтау, ар-

тель Уставын бұзбау, арамтамақтарға қарсы күрес туралы коммунист Н. Байғожанов жолдастың сөзі көңіл аударарлықтай болды. Мұнан кейін сөз алған колхозшы М. Рамазанов, мал дәрігері Р. Қапін, колхоз председателі Н. Суанбаевтар арамтамақтарды пайдалы еңбекке тартудың нақты жолдарын айтты.

— Арамтамақтар деп тек жұмыс істемейтіндерді ғана айтуға болмайды. Сонымен бірге жұмыс істей жүріп-ақ еңбек тәртібін бұзып, жұмысқа кеш шығып, өзіне бекітіліп берілген техникаға жөнді қарамай, арақ ішіп мас болып жүретіндерді де қосу қажет, — деді басқарма председателі. Кішкентай да болса, кейде кейбір фактілер ішімдікпен байланысты келеді. Соңғы кездері колхоз дүкендерінде ішкілік көп сатылып жүр, тек январь айының бірінші жартысында ғана 4 мың сомның арағы сатылған.

Жиналыс біткеннен кейін, үйді-үйіне тараған жұрттың аузында да жаңа ғана айтылған жайлар сөз болып бара жатты. Бұл да болса жиналыстағы күн тәртібінің көкейдегі мәселені қозғағандығының айқын бір дәлелі еді.

Февраль айының аяқ шені. Ашық аспандағы күн Матай жағынан жаңа көтеріліп келеді. Аспан ашық, күн жадырап тұрса да қысқы аяз бетке ызғарлы тиеді. Қоянкөз жотасының бір белесіне орналасқан сиыр фермасына жаяулап барамыз. Жаңа, көшесін аралап өткен колхоздың сәнді поселкесі енді алақандағыдай көз алдымызда. Ылғи бір қатарынан сап түзеген шатырлы ақ үйлер. Сол үйлердің салынғанынан, салынып жатқаны көп. Орталық көшенің бойындағы үлкен екі үйде телевизор антеннасы көзге шалынады. Мұны байқаған секретарь Бүркітбаев жолдас:

— Телевизордың біреуі клубта, әзірге колхозшыларымыз бір орталықтан ғана көруде. Ал, биылғы социалистік міндеттемеміз бойынша кемінде бес-алты үйге осындай сырық антенна дайындап бермекшіміз. Жер мойны болса қашық, сондықтан сырық антеннасыз Алматы телестудиясының хабарын қабылдау мүмкін емес. Ал ондай биік антенналарды әркім өзді-өзі жасай алмайды. Оны колхоз механигі құрастырып береді.

Туған колхоздың көрікті келешегін қызықтаған секретарь үстіміздегі жетіжылдық ішінде колхоз поселкесін көркейту жоспарын тағы да әңгімелей жөнелді. Анау көрінген алаңда сегізжылдық мектеп, мына жағында бүлдіршіндер үйі орналаспақ. Кәзір жұмыс істеп тұрған электр станциясының жанынан екінші электр станциясы салынбақ. Сонда колхоз электр қуатын күні-түні үздіксіз пайдаланатын болады. Осылайша қыза сөйлеп тұрған ол бір кезде:

— Алматыдай астанаға көз үйренген сіздерге Қоянкөздегі колхоз поселкесі көшелеріндегі су құбырлары онша елеулі болмауы да мүмкін, — деп бір қағытты. Секретарь сөзінде шындық бар еді. Кәзір көзге айқын көрініп тұрғанындай түзу көшелер кварталдарындағы су құбырларынан жұрт су алып барады.

— Әзірше, — деп сөзге араласты тағы да секретарь, — тек қана орталық көшедегі үйлердің ішінде су бар. Жетіжылдық аяғында барлық үйге су келтіріледі. Шынында да, сонау төбенің астында тұрған көрші колхоздарда суды қыста суаттан тасып жүргенде Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары суды үйдегі шүмектен пайдаланады. Мұндай күрделі құрылыстарға, колхозшылардың материалдық әл-ауқатын көтеруге арналған колхоз қаржысы мол. Колхоз табысы жыл сайын өсіп келеді. Егер алдыңғы жылы жалпы табыс 700 мыңдай сом болса, өткен жылы (астық түсімділігі онша болмаса да) жетіжүз елу мың сом болды. Өткен жылы колхоздың бөлінбейтін қорына 148 698 сом бөлінді, сөйтіп оның барлық сомасы — 1 802 366 сомға жетті.

Колхоз экономикасы жылма-жыл өрлеп, өсіп, нығайып келеді. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығының бірсыпыра жұмыстары механикаландырылды. Соның нәтижесінде колхозда өндірілген өнімнің түсер құны да кеміп келеді. Мынау қатар салынған екі сиыр қорасында мандай алды сауыншылар Ақбала Мұратова мен Қалиман Сейдахметовалар бастаған сауыншылар жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы мықтағанда 15 сиырдан ғана сауа алады. Ал енді осы қораның ана шетінде іске қосылғалы тұрған жаңа орнатылған «елочкамен», басқаны айтпағанда, осы Жетісудың атакты сауыншысы, жақында ғана СССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланған Шайбала Тергеуова 120 сиыр сауып жүр. Еңбек өнімділігін еселеп арттыру деп осыны айтса да болады. Егер «елочка» жұмысқа қосылғанда кәзіргі бір фермадағы 10—15 сауыншыдан екі-ақ адам қалатын болады. Сонда еңбек өнімділігі артып, басқа жұмысқа босайтын адам саны көбейеді. Егер өткен жылы бір центнер сүттің түсер құны 11 сом 10 тиыннан айналған болса, «елочканы» пайдаланғанда бұл цифр екі есе кемиді.

Колхозшылар партия мен үкіметтің колхозға жасап отырған адалдық қамқорлығына ауыл шаруашылығы өнімдерін мол өндірумен жауап беруде. Осыған орай өнімнің жыл сайынғы түсер құны да кеміп келеді. Мысалы, өткен жылы астық түсімінің орта болуына қарамастан, колхоз бойынша астықтың бір центнері 2 сом 94 тиынға, картоптың 1 центнері 6 сом 53 тиынға, еттің бір центнері 66 сом 43 тиынға, жүннің бір центнері 149 сом 47 тиынға түсті. Бұл алдыңғы жылғымен салыстырғанда едәуір төмен.

Колхоз адамдары үлкенінен кішісіне дейін артель экономикасын көтеру, өздерінің тұрмыс күйін жақсартудың негізі деп біледі. Сондықтан да олар жоғарыда айтылған партия жиналысына аса белсенділікпен ат салысты. Олар партияның жаңа Программасында да айтылғанындай, «колхоз—шаруалар үшін коммунизм мектебі» деп ұғынады. Сондықтан да олар бар күш-жігерін өз шаруашылығын нығайған үстіне нығайта беру мақсатына бағыттаған.

Егер сонау Сарыесік, Іле отарларындағы озат шопандар Т. Жұмаділов, М. Тоқмолданов, М. Байсейітов, Ж. Қашағановалар жылма-жыл әр 100 саулықтан 115 қозы алып, 3—4 килограмнан жүн қырқып келе жатса, ол да сонау биік мақсат, өр намыстан, коммунизмнің сәулетті сарайы құрылысына біреу де болса кірпіш қалау мақсатынан туған жеңіс!

Күллі колхоз коллективі болып, осы алып асу, ұлы жорыққа аттанған. Бұл жорыққа партия ұйымы басшы болып отыр. Колхозшы шаруаның қай-қайсысымен болса да жүздесіп сөйлесе қалсаңыз, колхоз келешегі жайлы өз ойын ортаға салады. Екпіндей сөйлейді. Мақтанады. Болашағын бүгінгідей жыр етіп береді. Міне мұның барлығы—болашаққа деген сенімнен, партия қабылдаған жаңа Программа рухынан туған жаңалық. Жақсы қоғамның жаңа адамын тәрбиелеу іңқарлығынан туған қамқорлық.

Малды ауылдың болашағы жайлы әңгіме қозғағанда осы колхоздың бас зоотехнигі, 25-ке жана толған жас жігіт Б. Себеков былай дейді:

— Колхоз келешегі қатты ойлантуда бізді. Жатсақ та, тұрсақ та колхоз байлығын шалқытудың жолын іздестіреміз. Оны таптық та. Жақында болып өткен колхоз басқармасының жиналысында «Жанашар» совхозындағы жақсы істерді талқылай келіп, өз колхозымызда да алуан-алуан игі істер жасауға болатынын және оны сөзсіз жасау керектігін дұрыс деп таптық. Біз келешекте малды бағу, шөп тасу, көң шығару, сауу жұмыстарын түгел дерлік электр қуатының жәрдемімен атқармақпыз. Мұның өзі бір жағынан малшылар еңбегін жеңілдетсе, екінші жағынан Программада айтылғанындай шаруашылығымызда кәзіргі заманның техникалық құрал-жабдығы басым орын алуына көмек болады.

Біз Никита Сергеевич Хрущев жолдас айтқандай, егіндік жердің әр гектарынан 75 центнерден ет өндіру үшін, сөйтіп бұдан былай да етті неғұрлым мол өндіру үшін алдағы уақытта шошқа өсіруді қолға аламыз. Шошқа өсіру ет пен майды мол өндіру мүмкіндігінің бірі және өте тиімді түрі. Оған мынадай жай мысалды келтірсек те жетеді. Орта қонды қой етінің 1 килограммы 47 тиыннан болса, орта қонды шошқа етінің 1 килограммы 87 тиыннан. Сонда орташа қонды бір қойдың салмағы 60—70 килограмм болса, орташа қонды бір шошқаның салмағы 150 килограммға дейін жетеді. Қайсысының пайдалы екенін салыстырыңыздар,—дейді зоотехник.

Шошқа бағу жана нәрсе болмағанымен, оны баға білетін адам табу оңай емес. Сондықтан да колхоз басшылары бұл іске жастарды, 10-класс бітірген комсомолец-жастарды тарту ісіне үлкен мән беріп отыр. Жалпы алғанда колхозда жастарға қамқорлық жасау ісі өте жақсы жолға қойылған. Мысалы, 1959 жылы Қоғалы қазақ орта мектебін бітіріп осы колхозға бүкіл класс болып жұмысқа келген 20 (12 ер, 8 қыз бала) жастың өткен жылы 18-і (12 ер, 6 қыз бала) әр қаладағы түрлі жоғары оқу орнына түскен.

Колхоздың жас мамандары барған сайын көбейіп келеді. Қарап тұрсаң осы колхоздың басшылығында жүрген сонау басқарма председателі Н. Суанбаев пен колхоз партия ұйымының секретары А. Бүркітбаевтан бастап, зоотехник Б. Себеков, агроном Қ. Бәзілжанов, мал дәрігері Р. Қапидерге дейін 40 пен 25-тың арасындағы жастар. Бұларды көргенде партия Программасында айтылған: «Партия колхоз кадрларын тынбай нығайтып, тәрбиелеу міндетін алға қойып отыр» дегеннің іс жүзінде шындыққа айнала бастағанын сезесің.

Шаруашылық жұмысын дұрыс жолға қоя білгендіктен колхозшылардың еңбекке деген ынтасы артқан, олардың еңбекке алатын ақысы реттелген. Колхоз экономикасын өрлетуде мұның ролі аса зор. «Колхоздардың экономикалық жағынан өрге басуы, — делінген партия Программасында, — колхоз ішіндегі қатынастарды жетілдіре беруге: өндірістің қоғамдастырылу дәрежесін арттыруға; еңбекті нормалауды, ұйымдастыруды және оған ақы төлеуді мемлекеттік кәсіпорындарда қалыптасқан дәреже мен формаларға жақындастыра түсуге, еңбекке ай сайын кепілдік ақы төлеп отыруға көшуді жүзеге асыруға; қоғамдық қызмет көрсетуді (қоғамдық тамақтандыру, балалар бақшалары мен яслилері, тұрмыстық мекемелер т. б.) кеңінен өрістетуге мүмкіндік береді».

Аманкелді атындағы колхозда колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу, сондай-ақ ай сайын кепілдік ақы төлеу мәселесі жолға қойылған. Мысалы, колхозшыларға өткен жылы 9 рет 40 тиыннан кепілдік ақы төленді. Ал, биылғы жылдың басында шаруашылық жылы аяқталып толық есеп шыққанда бір еңбеккүнге 60 тиыннан ақша, 2 килограмнан астық беріліп, колхозшылармен толық есеп айырылды.

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы шешімдері жігерлендірген колхозшылар көктемгі егіске жақсы әзірленген. Осыдан шамалы күн бұрын колхоз даласы ерекше бір шаттық күйге бөленді. Әлі де болса ақ жейдесін шешпеген колхоздың егістік жеріне қи, тағы басқа химиялық тыңайтқыштар тасылды. Тұқым іріктеліп сортталды. Колхоздың 38 тракторы мен 23 астық комбайны, тағы басқа ауылшаруашылық құрал-жабдықтары түгел жөндеуден өтіп, жұмысқа әзірленді. Енді барлық күшті жиып, тұқым себуді неғұрлым қысқа мерзімнің ішінде бітіру ғана көзделіп отыр.

Колхоз егіс көлемінің құрылымын түбірінен қайта құрды. Бұрынғы көп және бір жылдық шөп егіліп келген жерлерге енді асбұршақ, арпа, картоп, жүгері, тары, қант қызылшасы егіледі. Бұл дақылдардан түсетін өнім жылма-жыл бірнеше гектарды алып босқа жататын шөптен гөрі

анағұрлым пайдалы. Колхозшылар бұл дақылдардан алынар мол өнімнің негізін кәзірден бастап әзірлеуде.

Аманкелді атындағы колхоз жайлы-жақсы тұрғын үйлері, коммуналдық қызмет көрсету орындары, тұрмыстық кәсіпорындар, мәдени, дәрігерлік мекемелері бар қала типті іріленіп келе жатқан елді мекен.

Таяудағы жылдар ішінде мәдени-тұрмыс жағдайлары жөнінен де ауыл халқы қала халқымен теңдес дәрежеге жетіп-ақ қалмақшы. Бұған колхозшылардың сенімі күшті. Өйткені бұл шаруашылықты қолынан іс келетін білімді, мәдениетті, алдыңғы қатарлы мамандар басқаруда. Осындай іскер, қамқор адамдардың бірі — колхоз партия ұйымының секретары А. Бүркітбаев жолдас. Ол колхозшыларға саяси білім беруге жаны құштар, үнемі жаңалыққа бастағыш жан. Ол ауыл коммунистерімен қатар өзге колхозшыларды да коммунизм құрылысына қарай бейімдеп, баулып келеді. Жоғарыда айтылған арамтамақтарға қарсы күресті өршіту жөніндегі жиналысты да өткізіп жүрген сол болса, колхоз орталығында қоғамдық негізде жұмыс істейтін саяси-оқу кабинетін ұйымдастырған да сол.

Колхозды ауыл, жалпы малшы жайын ойлайтын бұл алуандас азаматтар бұл колхозда аз емес. Күллі колхоз жұртшылығы болып, коммунизм жеңісі үшін жан аямай, жалықпай еңбек етуге көтерілген.

Осындай ұлы дүбір көшінің алдыңғы сапында ауыл адамдары — анау Ақбала, Ақыбай, Асан, Әбілдә, Сейдахмет, Әшімхандар өз еңбек өнегесімен өзге жастарды тәрбиелеумен бірге, өздері де коммунизмге қарай қарыштап барады.

Ш. ЕСМҮРЗАЕВ.

Алматы облысы, Гвардия ауданы,
Аманкелді атындағы колхоз.

Өнеркәсіптің ауыл-селоға көмегі

Партия Программасында атап көрсетілгеніндей, ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру — бүкіл партияның, бүкіл совет халқының айбынды ісі. Елімізде азық-түлік молшылығын жасаудағы бұл бүкілхалықтық іске лайықты үлес қосуды Балқаш қаласы өнеркәсіп орындарының коллективтері де абыройлы борышымыз деп санайды.

Ауыл шаруашылығына көмектесу біздің кәсіпорындардың дәстүріне айналды. Өткен жылы қаланың түсті металл өңдеу зауытының коллективі ауыл шаруашылығы машиналарын жасайтын кәсіпорындарға өнімдерді жөнелте отырып, түсті прокат беру заказын мерзімінен бір ай бұрын орындады.

Балқаш кәсіпорындары Қонырат, Шет аудандарының колхоз, совхоздарына барыша көмектесіп келеді. Біздің қала қамқорлыққа алып отырған аудандар — негізінен мал шаруашылықты аудандар. Қаланың өнеркәсіп орындарының бұларға көрсеткен көмегі негізінен мал қораларын салу, берік жемшөп қорын жасау, алыстағы мал жайылымын сумен қамтамасыз ету болды. Сондай-ақ, малшылар үшін үй тұрмысына қажетті керек-жабдықтар жеткізіп берді.

Тек өткен жылы ғана өнеркәсіп орындарының көмегімен Қонырат ауданының 60 совхозында 80, Шет ауданының колхоз, совхоздарында 60 мал қорасы салынды.

Қала өнеркәсібінің жұмысшылары бір ғана бұл емес, басқа да жұмыстарға елеулі ат салысуда. Мысалы, өткен жылы егін оруға және мал азығын дайындауға қала кәсіпорындарының 2 200 жұмысшы, қызметшісі қатысты.

Жаз бойы шабылған шөп күзде мал қыстақтарының маңына тасып берілді. Шөп тасуға қатысқан көлік-машиналар да өнеркәсіп орындарыныңкі еді. Мұның өзі колхоз, совхоздарға көп жеңілдік жасады.

Сондай-ақ жаз айларында алыстағы мал жайылымдарында шыңырау құдық қазу, суат көздерін аршу сияқты жұмыстар да кәсіпорындардың күшімен істелді. Өткен жылдың көктемгі төл алу кезінде бірінші рет Қоңырат ауданының колхоздары мен совхоздарына жәрдемге адам жіберілді. Төл алу тұсында колхоз, совхоздарға әдейі бөлінген 200 жүк автомашинасы жұмыс істеді.

Соңғы жылдары Балқаш кәсіпорындарының коллективі өздері қамқорлыққа алған екі ауданның колхоз, совхоздары үшін электр станциясын, монша, клуб, шеберхана, гараж, сүт қабылдайтын пункт салып берді.

Жылдың басында қамқоршы өнеркәсіп орындарының басшылары мен колхоз, совхоз басшыларының, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары өкілдерінің қатысуымен бас қосу жиналысын өткізуді дағдыға айналдырдық. Ондай жиналыстарда өткен жылғы істелген жұмыстарды жинақтап, алда тұрған міндеттерді айқындап аламыз. Қамқоршы өнеркәсіп орындарының мұндай жиналыстарында белгіленген шаралары қалалық партия комитетінің бюросында бекітіліп отырады.

Қала өнеркәсіп орындарының ауылға көрсеткен қамқорлығының қандай екенін мына мысалдан да көруге болады. Қоңырат ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозын қамқорлыққа алған Балқаш түсті металл өңдеу заводы соңғы бір-екі жылда-ақ колхозға барлық керек-жабдығымен электр станциясын, монша, диірмен, мектеп, клуб, әлденеше тұрғын үйлер, бірнеше мал қораларын салып берді. Қазір завод мұнда гараж және үлкен механикалық шеберхана салуда. Сондай-ақ, Балқаш құрылыс тресі қамқорлыққа алған Калинин атындағы колхозда да монша, колхоз кеңсесі, клуб, гараж, шеберхана, тұрғын үйлер салынып пайдалануға берілді.

Қамқорлыққа алынған аудандарға техниканы жөндеу, ұсталық дүкендерін құрал-сайманмен толықтыру, жабдықтау жөнінде ұдайы көмек көрсетіліп келеді. Бұл жұмыстар игілікті нәтижесін беруде. Қамқорлықтағы негізгі Қоңырат ауданы мемлекетке ет, жүн тапсыру жоспарын үнемі орындап келеді. Осындай табысы үшін ауданға облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің ауыспалы қызыл туы берілуде.

Қалалық партия комитетінің ұйымдастыруы бойынша қамқорлыққа алынған колхоз, совхоздағы, қиырдағы мал отарларына үгітшілер бригадасы жіберіліп тұрады. Бригада мүшелері аудан еңбекшілері арасында әртүрлі тақырыпта әңгіме өткізіп, халықаралық жағдай, Отанымыздың ішкі, сыртқы жағдайы туралы баяндамалар жасады.

Мысалы, осындай үгіт бригадасының мүшелері жақында ауданның колхоз, совхоздарында партиямыздың ХХІІ съезінің дүниежүзілік тарихи маңызы, партияның жаңа Программасы туралы лекциялар жасап қайтты. Совхоз жұмысшылары, колхозшылар үшін ойын-сауық қою жөнінде қалада бірнеше концерт бригадалары ұйымдастырылған. Мысалы, металлургиягердің мәдениет үйі, кеншілер клубы және басқалар ұйымдастырған осындай бригадалар 1960 жылы 49, 1961 жылы 51 концерт қойып берді.

Колхоз, совхоздардың ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыруына, саяси-тәрбие жұмысын жолға қоюына көмектесу үшін кәсіпорының

дардын басшылары, партия ұйымдарының секретарьлары, қалалық партия комитетінің бюро мүшелері де ауыл-селоға жиі-жиі барып тұрады.

Н. С. Хрущев жолдастың ауыл шаруашылығы озаттарының аймақтық кеңестерінде сөйлеген сөздерінде, айтқан ақыл-кеңестерінде көрсетілгеніндей, колхоз, совхозға көмекті бұдан былай да күшейту қажет. Осыны ескеріп біз өткен жылдың аяғында колхоз, совхоз және қала кәсіпорындары басшыларының жиналысын өткіздік. Онда ауыл шаруашылығы өнімдерін еселеп арттыруға орай 1962 жылы алда тұрған міндет жайы, қала өнеркәсіп орындарының ауылға көрсетер нақты істері туралы мәселелер қаралды.

Осы жиналыста Қоңырат ауданына қамқорлық етуші өнеркәсіп орындар биылдың өзінде ауданның колхоз, совхоздарына 71 қой қора, 10 сиыр қора, 8 құс қора, бірнеше шошқа қора, сондай-ақ шопандарға арнап әрқайсысы 3 бөлмелі 72 үй салуға құрылыс материалдарын, көлік беріп көмектесеміз деп міндеттеме алды. Сол сияқты олар 35 жүк машинасын жөндеуге, 2 клуб салуға жәрдемдеспекші. Сондай-ақ осы жиналыста Шет ауданының колхоз, совхоздарының мал фермаларына 35 сиыр қора, тұрғын үйлер салып беруге көмектесу ұйғарылды.

Егін орағы мен шөп шабу тәрізді аса қызу науқан кезінде қала кәсіпорындары мен ұйымдарынан екі мың адам ауыл-селоға жіберіледі деп шешілді сол мәжілісте.

Сол жиналыстың қорытындысы ретінде бұл күндері аудан орталығын көркейту, су құбыры мен монша салуды аяқтау, кейбір кеңсе мен тұрғын үйлерін бір орталықтан жылыту сияқты жұмыстар қызу қолға алынды.

Бұдан өзге қалалық партия комитеті совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, қамқорлыққа алынған коллективтерге партиялық-ұйымдастыру және мәдени-бұқаралық шараларды жүзеге асыру жөнінде көмектесуді қолға алып отыр.

Бұрынғы дағдымыз бойынша, колхоз, совхоздарға партияның XXII съезі материалдарын кең түсіндіру, адамдарды коммунистік рухта тәрбиелеу ісін, атеистік насихатты күшейту үшін таңдаулы лекторлар мен насихатшылар жіберілуде. Бүгінгі таңда үгітшілер мен насихатшылардың алдына қойылып отырған басты міндет — жеке-жеке әңгіме өткізу арқылы село еңбекшілерінің ой-өрісін кеңітіп, олардың коммунизм жеңісіне қосар үлесін неғұрлым молайтуды көздеу.

Біз мұндай шараларды материалдық көмек көрсетумен қатар ауыл-село еңбекшілерінің рухын көтеретін, олардың коммунистік саналылығын арттыратын құралдың бірі деп санаймыз. Сондықтан да біз келешекте де мұндай әдістерді мол пайдалана бермекшіміз.

Дегенмен, қала өнеркәсіп орындарының ауылға көрсетер көмегін ешбір мінсіз деп айтуға болмайды. Ауылға жіберген адамдардың өз міндеттеріне жеңіл-желпі қарайтындары, олардың жергілікті ұйым басшыларына орынсыз талап қою фактілері кездесіп қалады. Колхоз председателдерінің оларға өндірістік-тұрмыс жағдайын жасамайтын кездері де болады.

Бұдан былай да қала мен аудан партия ұйымдарының басшылығына сүйенген өнеркәсіп орындары коллективі ауылға көрсетер көмегін жақсартып береді деген сенім мол. Сондай көмекке ие болған село еңбекшілері де ауыл шаруашылығы өнімдерін еселеп арттыруға ынталанбақ.

В. МИШУРОВ,
Балқаш қалалық партия
комитетінің секретары.

Экономикалық семинар

Көктерек аудандық партия комитеті ауыл кадрларының экономикалық білімін көтеру шараларын іске асыруда. Жакында ауыл шаруашылығының экономикасы туралы семинар өткізілді. Семинарға совхоз директорлары, бас агрономдары, зоотехниктері, бухгалтерлері, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, селолық, поселкелік Советтердің председателдері, бөлімше менгерушілері, жұмысшылар комитеттерінің председателдері, насихатшылар, аудандық мекемелердің басшы қызметкерлері қатысты.

Семинарда «Мал өсірудің резерві және фермада жұмысты механикаландыру», «Техниканы тиімді пайдалану», «СЖК препаратын қолдану», «Совхоздарда еңбекке ақы төлеудің жаңа тәртібі», «Еңбек қорғау заңы және коллективтік шарттың маңызы» туралы арнаулы баяндамалар тыңдалып, кеңінен пікір алысылды, нақтылы ұсыныстар жасалды. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру, өндірілетін өнімнің түсер құнын кеміту мәселелері жанжақты сөз болды.

«Көктерек» үлгі-тәжірибе шаруашылығының бас зоотехнигі И. Батыров жолдас өзінің баяндамасын мал шаруашылығын өркендетудің резервтерін іске қосу, сиыр сауу, қой суару, жемшөп дайындау жұмыстарын механикаландыру мәселелеріне арнады. Ол өзі қызмет істейтін шаруашылықта іске асырылып жатқан шараларды баяндай келіп, былай деді:

— Бізде қой шаруашылығын онан әрі өркендетудің резерві мен мүмкіндіктері мол. Құнарлы жайылым да, суат та, техника қуаты да жеткілікті. Әңгіме осы мүмкіндіктерді кәдеге жаратуда болып отыр. Биыл инкубатор станциясы іске қосылып, аудан совхоздары үшін балапан өсіріліп беріледі, сиыр сауу, жемшөп дайындау жұмыстары механикаландырылады, әр құдық басына су тартатын мотор, астау орнатылады.

Семинарға қатысушылар «Айдарлы» совхозының аға шопаны Ділдәш Итбасованың сөзін зейін қойып тыңдады. Ол 1953 жылдан бергі қой өсірудегі, СЖК препаратын қолданудағы, өткен жылы әр 100 саулықтан 150 қозы өсірудегі тәжірибесін ортаға салды.

Семинарда аудан совхоздарында техника қуатын тиімді пайдалану, ол үшін ең алдымен механизатор кадрларын жеткілікті даярлау, оларға бірнеше мамандық беру, техниканы күту, сақтау мәселелеріне баса назар аударылды.


Қлимов жолдас семинарға қатысушылардың көптеген сұрақтарына аудан совхоздарының өз жағдайынан нақтылы мысалдар келтіру арқылы жауап берді, өзі жұмыс істейтін «Айдарлы» совхозында еңбекті нормалау, еңбекке ақы төлеудің қалай жүргізілетініне тоқталды.

Ә. БАҚЫБАЕВ.

РЕДАКЦИЯ ҚОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,
Мендібаев К., Хайдаров С. (жауапты секретарь),
Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95.



Правда газетінің 50 жылдығына арналған жаңа кітаптар

(Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы)

В. И. ЛЕНИН. «Правда». Мақалалары мен документтері. 12 баспа табақ. Бағасы 30 тиын. Орыс тілінде.

В. И. Ленин өзінің көптеген хаттарын «Правда» газетінің редакциясына деп жазған. Тұңғыш рет жеке кітапқа енгізілген бұл хаттардан В. И. Лениннің газеттің мазмұнына, идеялық бағытына, партиялық әдебиеттің тілі мен стиліне, журналистердің шеберлігіне қандай талаптар қойғанын көруге болады. Ленин мұнда партияны құруда, кадрларды тәрбиелеуде, қоғамды революциялық жолмен өзгертуде, социалистік құрылыста баспасөздің атқарған қызметіне баға береді. Сонымен бірге мұнда В. И. Лениннің «Правдада» жарияланған еңбектерінің тізімі берілген.

В. Т. ЛОГИНОВ. Ленин және «Правда» 1912—1914 жылдарда. 15 баспа табақ. Бағасы 50 тиын. Орыс тілінде.

Кітапта Россияда революциялық дағдарыс өршіп тұрған жағдайда, дүниежүзілік бірінші соғыс тұсында В. И. Лениннің большевиктік жария газетке қалай басшылық еткені баяндалады.

Б. Е. ЗАСЛАВСКИЙ, Х. М. АСТРАХАН, И. С. САЗОНОВ. «Правда» 1917 жылда». 15 баспа табақ. Бағасы 50 тиын. Орыс тілінде.

Кітаптың авторлары еліміздің, Коммунистік партияның тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірінде, Ұлы Октябрь социалистік революциясына әзірлігі және оны өткізу кезеңінде большевиктік «Правда» газетінің істеген зор қызметін жанжақты суреттеп береді.

Даңқты күндердің шежіресі. 1912—1917 жылдардағы «Правда» туралы естеліктер. 20 баспа табақ. Бағасы 60 тиын. Орыс тілінде.

Мұнда партияның айбынды органының қалай құрылғаны, революциялық күресте қандай қызмет атқарғаны туралы баяндалады. Жинақта тұңғыш правдашылар, партияның белгілі қайраткерлері мен публицистері: М. И. Калининнің, Н. К. Крупскаяның, М. С. Ольминскийдің, М. А. Савельевтің, Н. Г. Полетаевтың сондай-ақ көптеген жұмысшы тілшілердің естелігі жарияланған. Кітаптың қосымшасында 1912—1914 жылдардағы «Правда» туралы партияның аса маңызды документтері, «Правданың» құрылуына байланысты жұмысшылардың құттықтаулары мен хаттары бар. Сонымен қатар естеліктердің авторлары туралы қысқаша библиографиялық справка берілген.

Бұл кітаптардың бәрі партия, ғылым қызметкерлеріне, насихатшыларға, журналистерге, радио, баспасөз қызметкерлеріне, жұмысшы, ауыл-село тілшілеріне арналған.

«ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ПОВЕСТЕР МЕН ОЧЕРКТЕР» СЕРИЯСЫНАН

РОСТИСЛАВ ИЮЛЬСКИЙ. Әрдайым жолда. Очерк. 112 бет. Бағасы 13 тиын. Орыс тілінде.

Бұл кітаптағы басты кейіпкер — аудандық партия комитетінің секретары Н. С. Балашов. Партия оны шалғай ауданға қызметке жібереді. Ал партияның тапсырмасы оған — бұлжымас заң. Осы ауданда жүріп оның ұйымдастырушылық таланты, тапқырлық қасиеті көрінеді. Ол әрдайым жолда, қайнаған еңбек ортасында жүреді. Ауданды алға шығаруға қажымай-талмай еңбек етеді. Очеркте осы жайлар сөз болады.

Н. МАМАЙ. Коммунистің сөзі. 64 бет. Бағасы 7 тиын. Орыс тілінде.

Дондағы атақты шахтер коммунист Мамайды бүкіл совет халқы жақсы біледі. Оның есімі шет елдерге де мәлім. Мамай қоғам қайраткері: СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері.

Өзінің кітапшасында Мамай өзі басқаратын бригада мүшелерінің еңбек өнімділігін қалай арттырғанын, бригадаға өзінің қалай басшылық ететінін баяндалады.

Я. ФОМЕНКО. Ақпейіл жан. 80 бет. Очерк. Бағасы 10 тиын. Орыс тілінде.

Очеркте партия қызметкерінің қалыптасу жолы көрсетілген. Ол ірі заводтағы партком секретары. Губин жолдас партияның міндетін бұлжытпай орындайтын жас инженер, кішіпейіл жолдас, жұмысшылардың ақыл-кеңесшісі.